

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!



49  
**Қазақстан**  
**КОММУНИСТІ**

2

ФЕВРАЛЬ

1919



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

2 ФЕВРАЛЬ 1969

1921 жылғы сентябрьден бастап шығып келеді

## М А З М У Н Ы

### ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

- Бас мақала — Лениннің идеялық мұрасы терең насихатталсын . . . . . 3  
Г. Дахшлейгер — В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту дәуірі  
туралы . . . . . 9

### ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

- А. Асқаров — Алатау алқабының мол жемістері . . . . . 14  
С. Оспанов — Уркарт мырзаның тарихи қатесі . . . . . 21

### КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

- В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі . . . . . 26  
Л. Ключник — Ильичтің аяулы досы, абзал серігі . . . . . 36

### БҮГІНГІ КҮННІҢ ТАҚЫРЫБЫНА

- Советтер — халықтық өкімет органдары . . . . . 41

### ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

- В. Севрюков — Ұйымдастыру-партия жұмысын жетілдіре берейік . . . . . 45  
Н. Кандрашкин — Аудандық комитет және бұқараның бастамасы . . . . . 52

### БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЫНЫҢ ТРИБУНАСЫ

- В. Ланевский — Жаңа реформаның шапағаты . . . . . 56

### ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

- И. Басов — Партия оқуы — коммунистердің теориялық білімін арттыру  
негізі . . . . . 60  
Ш. Ысқақов — Саяси жұмыстың пәрменділігі . . . . . 65

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

- И. Сүлейменов — Агрономия ғылымы және өндіріс . . . . . 70  
А. Молдабеков — Маңқыстауда жеміс-өсімдіктерін өсіру мүмкіндіктері . . . . . 74

- Жаңа кітаптар . . . . . 77  
«Қазақстан коммунистінің» дабылынан кейін . . . . . 79  
Шын жүректен алғыс айтамыз . . . . . 80



# СОДЕРЖАНИЕ

## ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

- Передовая — Глубже пропагандировать ленинское идейное наследие . . . . . 3  
Г. Дахшлейгер — В. И. Ленин о переходном периоде от капитализма к социализму . . . . . 39

## ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

- А. Аскарлов — Край сочных плодов и тучных нив . . . . . 14  
С. Оспанов — Историческая ошибка господина Уркарта . . . . . 21

## СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДА

- Краткий биографический очерк о В. И. Ленине . . . . . 26  
Л. Ключник — Верный соратник и друг Ильича . . . . . 36

## НА ТЕМУ ДНЯ

- Советы — органы народной власти . . . . . 41

## ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

- В. Севрюков. — Неустанно совершенствовать организационно-партийную работу . . . . . 43  
Н. Кандрашкин — Поддерживать и развивать творческую инициативу масс . . . . . 52

## ТРИБУНА СЕКРЕТАРЯ ПЕРВИЧНОЙ ПАРТИЙНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ


- Б. Ланевский — Эффективность экономической реформы . . . . . 56

## ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

- И. Басов — Партийная учеба — основа повышения теоретических знаний коммунистов . . . . . 60  
Ш. Искаков — За действенность политической работы . . . . . 65

## НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

- И. Сулейменов — Агрономическая наука и производство . . . . . 70  
А. Молдабеков — Проблемы выращивания овощей и фруктов на Мангышлаке . . . . . 74  
— ■ — . . . . . 77  
Новые книги . . . . . 77  
Нам отвечают . . . . . 79  
Благодарность активным распространителям нашего журнала . . . . . 80





## ЛЕНИННИҢ ИДЕЯЛЫҚ МҰРАСЫ ТЕРЕҢ НАСИХАТТАЛСЫН

Еліміздің бүкіл экономикалық, саяси және идеологиялық өмірінде бұл күндері ерекше бір соны серпін, үрдіс қимыл байқалады. Шын мәнісіндегі бүкіл халықтық өрлеудің мөлдір қайнары, қуатты қозғаушы күші бар, ол — ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толуына әзірлік. Бір жылдан кейін бұл мүшелді мерекені Коммунистік партия, совет халқы, бүкіл әлемнің еңбекшілері ең жарқын интернационалдық мереке ретінде атап өтпек. Өйткені Лениннің есімі — әрбір совет адамына, халықтар бостандығы мен бақыты жолындағы барлық күрескерге қасиетті де ардақты есім.

В. И. Лениннің бүкіл өмірі мен қызметі жұмысшы табының және Совет Одағы Коммунистік партиясының күресімен, халықаралық коммунистік қозғалыспен біте қайнасқан. Құдіретті революциялық ой-пікір мен келелі социалистік өзгерістердің асқан кемеңгері, Совет Одағының Коммунистік партиясы мен әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін қалаушы және басшысы, дүние жүзінің пролетариаты мен халықаралық коммунистік қозғалыстың көсемі В. И. Лениннің есімі жаңа дүниенің символына айналды.

Владимир Ильичтің данышпандық еңбектерінде марксизмнің негізгі құрамды бөлектері — философия, саяси экономия және ғылыми коммунизм жаңа тарихи жағдайларға орай онан әрі дамытылды. Ленинизм — революциялық ой мен революциялық іс-әрекеттің мәңгі жасайтын қайнар көзі.

Ұлы Лениннің өзі ұйымдастырып, өзі шыңдап өсірген біздің партиямыз осы революциялық ілімді басшылыққа алып, көсем өсиеттерін бұлжытпай жүзеге асыру арқасында жаңа, әділетті қоғам орнату жолындағы күресте жеңістен жеңіске жетіп келеді. Сөйтіп алдыңғы қатарлы теорияны басшылыққа алған партия ғана, дұрыс саяси басшылықты қамтамасыз етуге қабілетті партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады деген лениндік идеяның дұрыстығын КПСС-тің даңқты тарихы, оның бүкіл қызметі айқын сипаттап берді.

Дүние жүзіндегі революцияшыл және прогресшіл күштердің қайнар бұлағы, социалистік және коммунистік құрылыстың теориялық негізі, социалистік мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының өшпес шамшырағы ретінде марксизм-ленинизм идеяларының маңызы барған сайын күшейе түсуде. Қазір, социализм системасы мен капитализм системасының арасындағы идеологиялық күрес мейлінше шиеленіскен жағдайда, бұл идеялар маркстік-лениндік партиялардың қатарын нығайтып, революциялық жауынгерлігін арттыра түсетін, жаңа теориялық және прак-



тикалық проблемаларды дұрыс шешуіне айқын жөн сілтейтін жеңімпаз туы болып отыр.

Сондықтан да КПСС XXIII съезінің шешімдерінде атап көрсетілгендей, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау партияның бүкіл идеологиялық жұмысының негізі болып отыр. Осыған сәйкес республика партия ұйымдары лениндік теориялық мұраны насихаттау ісін кеңінен өрістетуде. Бұл аса маңызды жұмыста облыстық, аудандық, қалалық партия ұйымдары КПСС Орталық Комитетінің В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы қаулысын басшылыққа алып отыр. Коммунистік партияның, бүкіл совет халқының В. И. Лениннің ұлы өсиеттерін жүзеге асыру жолындағы күресін жан-жақты көрсету, Октябрь революциясының жеңістерін баянды етуде, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысын нығайтуда, ұлт-азаттық қозғалысын өршітуде В. И. Лениннің атқарған тарихи ролін терең түсіндіру бүгінгі таңдағы бүкіл саяси жұмыстың басты мазмұнына айналды.

Осы кең көлемді және терең мазмұнды жұмысқа әсіресе партиялық оқу саласында ерекше көңіл бөлінуде. Қазір бірсыпыра партия комитеттері, саяси оқу үйлері мен кабинеттері партия оқуы жүйесінде лениндік туындыларды зерттеп, үйренудің перспективалық жоспарын жасады, теориялық конференциялардың тақырыптарын белгіледі, В. И. Лениннің еңбектерін оқып үйренушілерге көмек ретінде циклды лекциялар ұйымдастыра бастады.

Лениндік теориялық мұраны оқып үйрену бастауыш, орта және жоғары буындағы тыңдаушылардың жалпы және саяси біліміне орай жасалған программа бойынша жүргізілуде. Бұл ретте мынаны атап өту қажет: өзінің саяси және жалпы білім дәрежесіне сәйкес В. И. Лениннің тиісті еңбектерін зер сала оқып, жақсы біліп алу — әрбір коммунистің, партияда жоқ активистің борышы. Бұл еңбектердің тізімі де жасалған. Онда бастауыш саяси мектеп пен марксизм-ленинизм негіздері мектебінің тыңдаушылары оқып үйренетін лениндік еңбектер ұсынылған. Республика коммунистері осы шығармаларды қазір оқу программасының арқауы етіп, еліміздегі коммунистік құрылыстың, дүние жүзілік революциялық қозғалыстың бүгінгі проблемаларымен тығыз байланыстыра оқып үйренуде. Мұның өзі әр сабақтың идеялық мазмұнын тереңдете, байыта түсіп, қоғамның бүгінгі тіршілігінің мән-мазмұнын жан-жақты ұғынуға мүмкіндік беріп отыр.

Партия оқуы жүйесінің барлық буынында биыл республиканың 637 мың коммунисті мен партияда жоқ активі оқып жүр. Саяси оқудың орта буыны маркстік-лениндік теорияны меңгерудің негізгі түріне айналады. Қазір марксизм-ленинизм негіздері мектептерінде 353 мыңнан аса тыңдаушы бар. Лениндік теориялық мұраны оқып үйрену жөнінде бұл мектептерге жүктелетін басты міндет — тыңдаушыларды В. И. Лениннің еңбектерін өздігінен оқып үйренуге дағдыландыру. Мектептердің басым көпшілігі бұл талапты ойдағыдай орындап келеді.

Маркстік-лениндік білім беру жүйесінің жоғары буынында лениндік теориялық мұраны оқытуға аса зор көңіл бөлінуде. КПСС Орталық Комитетінің насихат бөлімі В. И. Лениннің жүз жылдығына арналған проблемалық семинарлар тақырыбының жобасын жасады. Оған ленинизмнің идеяларын қалыптастырған маңызды еңбектер енгізілген. Республика партия ұйымдары коммунистердің, басшы кадрлардың талабына орай бес жарым мыңнан аса теориялық семинар құрған болатын. Осыдан 1621 семинардың 38 мың тыңдаушысы В. И. Лениннің жеке еңбектерін оқып үйренуде. Теориялық семинар сабақтарын үздіксіз және мазмұнды өткізу жөнінде Алматы, Қостанай, Ақтөбе, Орал облыстарының партия ұйымдары көп еңбек сіңіріп отыр. Партия ұйымдары марксизм-ленинизм классиктерінің жеке еңбектерін дербес жоспар бойынша оқу-



ды ұйғарған он жеті мың коммунисті қамқорлыққа алып, оларға басшылық, бақылау жасауда.

В. И. Лениннің идеялық мұрасын насихаттау саласында істеліп жатқан жұмыс аз емес. Дегенмен осы маңызды жұмыста сәл болса да формализм мен үстірттікке жол берудің өзі қазіргі кезде мүлде лайықсыз екенін ұмытпау керек. Алайда кейбір жергілікті партия ұйымдары бұл қағиданы әрдайым ескере бермейді, коммунистерге маркстік-лениндік білім беру жайын үнемі қадағалап отырмайды, соның салдарынан бірқатар мектептер мен семинарларда сабақтың идеялық-теориялық дәрежесі төмен болып жүр.

Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Таврия аудандық партия ұйымы жүргізіп отырған идеологиялық жұмыстың мазмұны мен дәрежесі КПСС XXIII съезінің талаптарына толық сай еместігін ашып айту керек, бұл істе формализм басым. Өткен жылы мұнда лекция оқу және лениндік оқулар өткізу жоспары жасалған болатын. Амал қанша, аудандық партия комитеті өзі бекіткен осы игілікті шараларды жүзеге асыру жөнінде іскерлік, табандылық көрсетпеді, сондықтан белгіленген жоспар орындалмай, қағаз жүзінде қалды. Осы жауапсыздық партия оқуына да зиянды әсерін тигізуде. Атап айтқанда саяси сабақтың уақытында және идеялық жоғары дәрежеде өткізілмеу фактілері кездеседі. Насихатшылар В. И. Ленин шығармаларын пайдаланбайды және мұны тыңдаушылардан да талап етпей, «жеңілдің астымен жүруді» әдетке айналдырған. Ауданның Отрадное селосындағы марксизм-ленинизм негіздері мектебінде «Партия елдің халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте (1921—1925 жылдар)» деген тақырыпты өткенде насихатшы программада көрсетілген В. И. Ленин шығармаларын, атап айтқанда, «Күнделік беттері», «Кооперация туралы», «Біздің революция туралы» сияқты еңбектерін пайдаланбаған. Бұл шығармаларды ол тыңдаушыларға да ұсынбаған. Бақылаудың босандығын пайдаланып, кейбір насихатшылар сабаққа әзірленбей келеді, лениндік ілімнің бүлгінгі өмірмен терең тамырлы байланысын толық ашып түсіндіре алмайды.

Нақ осындай кемшіліктер Көкшетау, Талдықорған облыстарының кейбір аудандарында да орын алып отыр. Насихатшылар жұмысына көмек пен бақылау, бастауыш партия ұйымдарына қатаң талап қою жетіспей жатады. Ал мұның өзі партия оқуының идеялық-теориялық сапасын төмендетіп, коммунистердің лениндік ілімді терең игеруіне нұқсан келтіреді. Партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың осы маңызды саласына басшылықты мықтап жақсартуға, саяси мектептер мен семинарларда лениндік теориялық мұраны оқып үйренуге арналған әрбір сабақтың жоғары идеялық дәрежеде өтуін қамтамасыз етуге тиісті.

В. И. Лениннің жүз жылдығы жақындаған сайын партиялық насихаттың бұқаралық түрлерінің өрісін кеңітіп, пәрменділігін арттырудың да маңызы күшейе түсетіні даусыз ақиқат. Бұл ретте алдымен лекциялық насихатты айтқан жөн. Республика партия ұйымдары насихаттың осы саласын жетілдіруге едәуір күш жұмсап отыр. Төрт мыңдай лекторий ұйымдастырылған болса, солардың 3 мыңында еңбекшілерге В. И. Лениннің өмірі мен ұлы қызметі туралы лекциялар оқылуда.

Бұл жұмыс Ақтөбе облысында ойдағыдай ұйымдастырылған, оған облыстық партия комитетінің өзі бас болып үлгі-өнеге көрсетуде. Облыстық партия комитетінің жанынан облыстық мекемелердің қызметкерлері үшін арнайы лекторий ашылды. Оның тыңдаушыларына айында бір рет В. И. Ленин еңбектері туралы лекция оқылады. Осындай лениндік лекторийлер облыстың он үш ауданында, отыздан аса өнеркәсіп орны мен жүзден артық колхоз бен совхозда құрылған. Олар партия ұйымдарының басшылығымен жемісті еңбек етуде. Солтүстік Қазақстан облысында ұйымдастырылған лениндік лекторийлер еңбекшілер тарапынан қолдау тауып отыр.



Еңбекшілер бұқарасына марксизм-ленинизмді, лениндік ілімді кең насихаттауда тоқсан мыңға жуық тәжірибелі лекторларды біріктіретін республикалық «Білім» қоғамы көлемді іс тындыра алады. Лениннің теориялық мұрасының революциялық, демек, жеңімпаз да творчестволық мазмұнын еңбекшілер жүрегіне ұялатып, сана-сезіміне сіңіруде лекторларымызға құрметті де күрделі міндет жүктеледі. Лениндік ілімнен нәр алып өркендеген советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм, халықтар достығы жөніндегі лекциялардың сапасын жақсарту және оларды көптеп оқу бүгінгі түбегейлі міндеттердің бірінен саналады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда «Білім» қоғамының кейбір облыстық, қалалық және аудандық ұйымдарының лекторлар құрамына, олардың лекция оқу дәрежесіне талап қоюды әлсіретіп алғаны, лекцияның санын көпіртіп, сапасын кенже қалдыру әдеті төзгісіз жағдай. Мысалы, Қарағанды облысының селолық аудандарында 7 мыңнан аса, ал Қарағанды қаласының өзінде 3400-ден астам қоғам мүшелері-лекторлар бар көрінеді. Көңіл тояттарлық көрсеткіштер. Бірақ осылардың арасында белсенді лектор атап бастауға тұрсын, мүлдем лекция оқымайтындары басым екен. Атап айтқанда, қаладағы «Білім» қоғамы мүшелерінің 40 проценті, селолық жерлердегінің небәрі 700-дейі ғана лекция оқитын болып шықты. Облыста маркстік-лениндік ілімді және ғылыми білімді насихаттау жөнінде еңбекшілер бұқарасының құрметіне бөленген «Білім» қоғамының бастауыш ұйымдары да, лекторлар да аз емес, бірақ жоғарыдағы кемшілік облыс партия ұйымын мықтап ойландыруға тиіс. Мұндай елеулі олқылық жалғыз Қарағандыда ғана емес, басқа облыстарда да кездеседі. Сондықтан облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне, «Білім» қоғамының ұйымдарына қазіргі қойылар талап — лекциялық насихатты шұғыл жақсарту, лениндік тақырыпты оның мазмұны мен бағытын анықтайтын арқау ете білу.

Партиялық насихаттың бұқаралық түрлері ішінде ең кең тараған және әсерлі формасы — халық университеттері. Еңбекшілердің саяси білімі мен мәдени дәрежесін арттыру ошағына айналған университеттер жұмысының мазмұны бұл күндері бір арнаға келіп саюда. Бұл — лениндік тақырып. Республикадағы мың жарымнан аса халық университеттерінің едәуір бөлегі қазір лениндік теориялық мұраны, кеменгер көсемнің ұлы өмірі мен қызметін насихаттап отыр. Партия және кәсіподақ ұйымдары халық университеттеріне басшылықты жақсартып, оларға маркстік-лениндік ілімнің терең революциялық мән-мағынасын қарапайым тілмен түсіндіріп беретін тәжірибелі, білгір лекторларды жіберуде.

Жамбыл және Шымкент облыстарында көпшілік өнеге аларлық бастама туды. Екі облыстың партия ұйымдары шалғай жатқан мал отарындағы еңбеккерлерге арнап жылжымалы халық университетін ұйымдастырды. Олардың оқытушы-лекторлары қойшыларға В. И. Лениннің өмірбаянын оқытып үйретуде. Университеттер сапары графигінің орындалуын аудандық партия комитеті қатаң қадағалайды.

Сондай-ақ партия ұйымдары коммунистік еңбек мектептерін, лениндік оқулар мен лениндік жұмаларды Владимир Ильичтің өмірі мен қызметін оқып үйренетін, лениндік идеялық мұраны насихаттайтын бұқаралық ұйымдарға айналдырып, әбден дұрыс жасап отыр.

Лениндік теориялық мұраны пәрменді насихаттайтын кең аудитория — жастар бұқарасы, комсомолдың саяси оқу жүйелері. Рас, жылдағыға қарағанда партия ұйымдары жастардың саяси оқуына көбірек назар аударып, басшылық жасауда. Сексен мыңнан аса комсомолецтер партия оқуына тартылды, ал комсомолдың саяси оқу жүйелерінде 5,4 мыңдай коммунистер насихатшы болып істеп жүр. Алайда жастарға лениндік теориялық мұраны оқыту ісі қанағаттанарлық емес. Бұл ретте В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметін оқып үйренуге деген



жастардың ынта-ықыласы мен осы жұмысты ұйымдастыру арасында үлкен алшақтық барлығын атап өту қажет.

Бүкіл республика бойынша В. И. Лениннің жеке еңбектерін оқып үйренетін небары 45 семинардың құрылғаны бұған дәлел болса керек. Облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері жанынан «Жас маркешілдер университеті» құрылған болатын. Жақсы талап. Бірақ ба-сы таудай бұл істің аяғы қылдай болуға айналды: тыңдаушылары аз, са-бағы үздік-создық өткізіледі. Бұл жоғары саты болса, бастауыш буын-дардың жағдайы да осыдан асып кете қойған жоқ. Мәселен, «В. И. Лениннің өмірбаяны» үйірмелерінде 39 мың 450 комсомол мүшесі мен одақта жоқ жастар оқып жүр. Бұл, әрине, көңіл тоярлық көрсеткіш емес. Мұндай үйірмелер Көкшетау, Талдықорған, Павлодар облыста-рында ұйымдастырылған, бірақ тыңдаушылары тым аз.

Жастарға коммунистік тәрбие беруде лениндік теориялық мұраны оқытудың шешуші роль атқаратыны мәлім. Олай болса республикалық Лениншіл Жастар Одағы Орталық Комитетінің осы істе мұншама бей-қамдық көрсетіп отырғаны орынсыз-ақ. Жастарды маркстік-лениндік іліммен қаруландырудағы бұл елеулі кемшіліктер облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне де үлкен мін болса керек. Бұдан елу жыл бұрын Владимир Ильич жастарды коммунизмді оқып үйренуге шақырды. Көсемнің осы өсиетін тынбастан жүзеге асыру комсомолдың, оның әрбір мүшесінің төл ісі, қасиетті борышы болса, бұл игі іске бас-шылық ету партия ұйымдарының парызы екенін ұмытпау қажет.

В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуына әзірлену туралы қаулы-сында КПСС Орталық Комитеті алға қойған міндеттің бірі мынадай: «Лениннің өмірі мен алуан салалы революциялық қызметі, лениндік идея-лардың теориялық байлығы, КПСС пен бүкіл коммунистік қозғалыстың марксизм-ленинизм идеяларын жүзеге асыру жолындағы күресі баспа-сөзде жан-жақты бейнеленетін болсын». Бұл міндеттің жауапкершілігі мен құрметті сипатын жергілікті облыстық және аудандық газеттердің творчестволық қызметкерлері жақсы ұғына білді. Бірсыпыра газеттер В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуына әзірлік, лениндік теориялық мұраны насихаттау мәселелерін байыпты және дәйекті түрде жазып келеді. «Лениндік оқулар», «Миллиондардың лениндік мектебі», «Ленин-дік мұра — халық игілігі», «Лениндік еңбек вахтасы» сияқты тұрақты рубрикалармен Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы», Павло-дар облыстық «Қызыл ту», Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» га-зеттерінде тәуір материалдар жарияланып жүр. Дегенмен бұл істе елеу-лі кемшіліктер де бар.

Кейбір газеттерде жарияланып жүрген мақалаларда республика ең-бекшілерінің коммунизм орнатудағы әрбір жеңісінің, гүлденген өмірі мен жарасты ұлттар достығының В. И. Лениннің жеңімпаз идеяларымен табиғи байланысы жарқын да тартымды етіп көрсетілмейді. Баспасөз бетінде маркстік-лениндік теорияны насихаттау ісінде әлі де болса оралымсыздық байқалады. Лениннің мерекесіне әзірлік жөніндегі идео-логия қызметкерлерінің республикалық кеңесінде Жамбыл және Гурьев облысының газеттері осы тұрғыдан орынды сыналып еді. Бірақ «Еңбек туы» мен «Коммунистік еңбек» газеттері бұдан айтарлықтай қорытынды шығара қойған жоқ. Лениндік тақырыпты жазуда Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газеті де кенже қалып отырғанын ашып айту ке-рек. Партияның сенімді қаруы — баспасөз бүгінгі идеологиялық жұмыс-қа творчестволық шабытпен араласып, маркстік-лениндік ілімнің рево-люциялық табиғатын, терең мағынасын кеңінен түсіндіруге тиісті.

Сайып келгенде бүкіл партиялық насихат пен саяси-бұқаралық жұ-мыстың пәрменді күшін, мазмұнын бір арнаға — В. И. Лениннің мүшел-ді мерекесін лайықты қарсы алу жолына бағыттау қажет. Марксизм-ленинизмнің, лениндік ілімнің елімізде социализм және коммунизм ор-



натудағы, дүние жүзілік революциялық қозғалысты өрістетудегі шешуші ролін түсіндіру — еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі идеологиялық жұмыстың өзегі.

Лениндік теориялық мұраның, В. И. Лениннің тамаша еңбектерінің мән-мазмұнын, ұлы революциялық күшін терең де тартымды етіп насихаттау ісіне республикамыздағы жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары мен ғалымдарымыз зор үлес қоса алады. Бұл ретте Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің оқытушы-профессорлары бағалы бастама көтерді. Қазір олар кәсіпорындарда, совхоздар мен колхоздарда лениндік тақырып бойынша 1500 лекция оқу жөніндегі міндеттемесін жүзеге асыруға кірісті. Университет ғалымдарының осы жақсы бастамасын республикамыздың жоғары оқу орындарының оқытушы-профессор коллективтері қызу қолдады. Ендігі жерде облыстық, қалалық партия комитеттері осы игілікті іске басшылық жасап, бағыт сілтеп отыруға тиісті.

Владимир Ильич социализмнің сара жолына түскен Қазақстанның әрбір қадамын қадағалап, ақыл-кеңес беріп, әкелік қамқорлық жасап отырды. Қазір республикада В. И. Лениннің 400-ден аса хаттары, нұсқаулары және басқа документтері жинақталды. Лениндік теориялық мұраны насихаттауда осы бағалы документтерді кеңінен пайдалану қажет.

«Біздің іліміміз — догма емес, іске басшылық» деп үйреткен болатын Владимир Ильич. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия марксизм-ленинизмнің мазмұнын, социализм мен коммунизм орнату туралы лениндік ілімді дамытып, байыта түсуде. Демек, В. И. Ленин еңбектерінің, ленинизм қағидаларының партиямыздың бүгінгі саясатымен, коммунизм орнату міндеттерімен, экономикасы мен мәдениеті гүлденген республикамыздың бүгінгі күнімен және жарқын болашағымен терең байланысын жан-жақты ашып көрсету — лениндік теориялық мұраны насихаттаудың басты міндеттерінің бірі.

Лениндік теориялық мұраны творчестволықпен оқып үйрену дегеніміз — В. И. Лениннің асыл мұраттарын жүзеге асырушы белсенді күрескерлерді — нағыз коммунистерді баулып өсіру, оларды ленинизммен қаруландырып, оны коммунистік қоғам орнатуда басшылыққа алып отыруға дағдыландыру. Өйткені марксизм-ленинизм әлемді революциялық жолмен көркейтудің қуатты құралы, өйткені, «революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыс та болмақ емес».

В. И. Лениннің данышпандық еңбектерін оқып игеру дегеніміз — марксизм-ленинизмнің кіршіксіз тазалығын сақтау, буржуазиялық идеологияны әшкерелеп, оның қандай да болсын көріністеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізу деген сөз. Өйткені Владимир Ильич Ленин үйреткендей, «мәселе тек былай ғана қойылмақ: не буржуазиялық идеология, не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ... Сондықтан социалистік идеологияның маңызын кемітушіліктің қандайы болса да, одан шеттеушіліктің қандайы болса да буржуазиялық идеологияны күшейткендік болып табылады». Коммунистік идеология мен империалистік идеология арасындағы қазіргі шиеленіскен күрес жағдайында табанды марксист-ленинисттерді тәрбиелеу коммунистік қоғамның жаңа адамын қалыптастыру жолындағы күрес екенін ешбір ұмытуға болмайды.

Республика партия ұйымдары лениндік теориялық мұраны насихаттау жұмысында осындай межелі бағыттарды басшылыққа алуға тиісті.



# В. И. ЛЕНИН КАПИТАЛИЗМНЕН СОЦИАЛИЗМГЕ ӨТУ ДӘУІРІ ТУРАЛЫ

Г. ДАХШЛЕЙГЕР,

тарих ғылымының докторы, профессор

Маркс пен Энгельс ғылыми коммунизмнің іргетасын қалады, адамзат қоғамының даму заңының негізгі қағидаларын ашып, белгіледі. Осы екі кемеңгер капитализмнің сөзсіз күйреп, оның орнына дүниеге жаңа, әділетті қоғам — коммунизм келетінін, оның бірінші фазасы социализм екенін дәлелдеп берді. Олар капитализм мен коммунизм арасындағы өтпелі кезең адамның адамды қанауына негізделген қоғамды қанаушылық дегенді білмейтін қоғам етіп қайта құратын революциялық кезең болады деп данышпандықпен болжап айтты.

Осы революциялық ілімнің жеңімпаз туын ұлы Ленин көтерді. Ол социал-реформистермен — ревизионистермен және әсіре «солшыл» догматиктермен күресте марксизмнің асыл мұрасын қорғап қалды, сонымен бірге әлемнің тарихи тәжірибесін қорыта келіп, маркстік теорияны одан әрі дамытты. Ол капитализмнің ең соңғы сатысы — империализмді жан-жақты зерттей келіп, оған дәлме-дәл анықтама берді.

Империализм туралы және социалистік революция жөніндегі лениндік теория, оның социализмнің бір елде немесе бірнеше елде бір мезгілде жеңіп шыға алады деген қағидасы Совет өкіметін орнату жолындағы күресте Коммунистік партияның қуатты революциялық қаруы болды, әділетті қоғам орнатудың жарқын болашағын Россияның және дүние жүзінің миллиондаған еңбекшілеріне мезгеп көрсетті. В. И. Ленин социалистік қоғамды орнатудың нақтылы және терең ойластырылған программасын жасады, капитализмнен социализмге өту дәуірі жөніндегі ілімнің негізін қалады. †

Ленин үйреткендей, осы өтпелі кезеңнің мән-мазмұны және заңды сипаттары қандай, соған тоқталайық. Бұл кезеңнің негізгі бір өзгешелігі оның саяси билігінің сипатында. Владимир Ильич социалистік революция мен социализм жолындағы күресте жеңіске жетудің бірден-бір шарты және төте жолы пролетариат диктатурасы деп сан рет атап көрсетті. В. И. Ленин социализм құрылысы тұсындағы өкімет билігінің саяси формасы әр елде әртүрлі болуы мүмкін деп ескертті. «Бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады: пролетариат диктатурасы болады» (Шығармалар, 25-том, 428-бет).

Социалистік революцияның буржуазиялық революциядан түбегейлі айырмашылығын етжей-тегжейлі талдай келіп, В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту дәуірінің заңдылықтары мен басты белгілерін анықтады және осыған орай пролетариат диктатурасына жүктелетін міндеттердің күрделі де көлемді сипаттарын ашып берді. Бұл диктатура тарихта тұңғыш рет еңбекшілердің қалың бұқарасын мемлекетті басқару ісіне, материалдық игілікті өндіру мен өнім бөлуді бақылауға кеңінен қатыстырады, жаңа экономиканы бірыңғай жоспар бойынша өркендету жолындағы күреске жаппай жұмылдырады. Ұлы көсемнің пролетариат диктатурасына берген тамаша анықтамасы мынадай: «Пролетариат диктатурасы, — деп жазды ол, — еңбекшілердің авангарды пролетариат пен еңбекшілердің көптеген пролетарлық емес топтары (ұсақ бур-



жуазия, ұсақ қожайынсымақтар, шаруалар, интеллигенция, т. т.) немесе олардың көпшілігі арасындағы таптық одақтың, капиталға қарсы одақтың, капиталды толық құлату, буржуазияның қарсылығын толық жою және буржуазияның тарапынан болып отырған реставрация жасау әрекеттерін толық жою мақсатында жасалған одақтың, социализмді түпкілікті орнату және нығайту мақсатында жасалған одақтың ерекше формасы болып табылады» (Шығармалар, 29-том, 378-бет).

Совет құрылысының түп қазығы және социализмге өту кезінде ескіні күйретіп, жаңаны орнықтырудың аса маңызды құралы болып табылатын осы одақ, яғни жұмысшы мен шаруаның одағы туралы идеяны Владимир Ильич өзінің барлық іргелі еңбектерінде дерлік атап көрсетіп, дамытып отырды.

Пролетариат диктатурасының жүйесінде, социализмге өтпелі кезеңде жаңа тұрпатты партия, Коммунистік партия шешуші роль атқарады деп үйретті В. И. Ленин. Өйткені партия ішінде де, халықаралық коммунистік қозғалыста да пролетариат диктатурасы жағдайындағы партияның басшы роліне күдік келтірушілер, тіпті оны жоққа шығаруға әрекеттенушілер болды. Олар фракциялар мен жіктерге «бостандық» беруді талап етіп, партияның бірлігіне шабуыл жасады, партия тәртібі мен демократиялық централизм принципін бұрмалады. Ленин осындай жікшілдерді аяусыз әшекереледі, партиямыздың тұтастығын нығайтып, басшылық ролін жетілдіре беруді және осы бағытты қатаң сақтауды талап етті. Лениндік ілімнің бұл данышпандық қағидалары өмір мен тарих сынынан мүдірмей өтті, оның ғылыми дұрыстығы мен объективтік сипатын КПСС-тің бүкіл практикалық қызметі дәлелдеп отыр.

Капитализмнен социализмге өту дәуірі, деп көрсетті Ленин, бұл бірер жылдық емес, ұзақ мерзімді кезең, бұл дәуір социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін, жаңа өндіргіш күштерді шапшаң өркендету үшін қажет. Өйткені қоғамдық еңбекті неғұрлым тиімді пайдаланып, өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақындатпайынша өндірістік қатынастарды қайта құру, адамның адамды қанауын түбірімен жойып, қоғамның бүкіл өмірін социалистік негізде қайта құру мүмкін емес-ті.

Социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау жөніндегі экономикалық міндет өтпелі кезеңнің ең басты міндеттерінің бірі деп санады В. И. Ленин. Россия сияқты мешеу қалған елде социалистік қоғам құру туралы Лениндік ілімнің өзекті бір шарты — халық шаруашылығын индустрияландыру және электрлендіру, өндіріс құралдарын өндіруді неғұрлым шапшаң қарқынмен дамыту. Ленин индустрияландырудың социалистік әдісінің, мақсаты мен қайнар көзінің капиталистік тәсілден түбегейлі, сапалық айырмашылығын бейнеледі және оның жоспарын жасауға басшылық етті. Сонымен бірге ол социалистік индустрияландыру аса күрделі проблеманың — ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру проблемасының шешімін табудың міндетті шарты деп тұжырымдады. Шағын ғана шаруашылығы бар ұсақ өндіруші ретіндегі шаруаны басқа жаққа қуып жіберу де, экспроприациялау да мүмкін емес, онымен шүйіркелесіп, оны қайта тәрбиелеу керек деп көрсетті Ленин. «Тек пролетариаттың басшылығы ғана ұсақ егіншілер бұқарасын капиталға құлдықтан құтқарып, социализмге жеткізе алатындығын ол айдан айға, барған сайын айқын, көрнекі түрде көруде» (32-том, 490-бет).

Пролетариат тарапынан жасалатын мұндай басшылықтың мән-мазмұнын Ленин былай деп түсіндірді: бұл басшылық ауыл шаруашылығын осы заманғы озат техникамен жабдықтап, коллективтік шаруашылықтың артықшылығына шаруалардың көзін жеткізу үшін, олардың кооперациясына материал, қаржы жөнінен және басқа көмек көрсету, сөйтіп, миллиондаған еңбекші шаруаны социализмге алып бару үшін жасалады. В. И. Ленин ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың



бірден-бір дұрыс жолы — кооперация екенін асқан көрегендікпен анықтап қана қоймай, сонымен қатар деревнядағы бұл революциялық шараның егжей-тегжейлі жоспарын да жасап берді. Советтік құрылыс кезінде және экономика тізгінін пролетарлық мемлекет ұстап отырған жағдайда кооперацияның табиғаты социалистік қана болады деп көрсетті ол. Лениндік кооперациялау жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде адамзат тарихында шаруа мәселесі тұңғыш рет социализм елінде ғана әділетті шешімін тапты.

В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық құрылымдар, негізгі қарама-қайшылықтар, таптар мен тап күресінің түрлері жөнінде келелі қағидаларды тұжырымдап берді. Мұның өзі марксизмге, социализм құрылысының теориясы мен практикасына қосылған баға жетпес үлес болды. Ол Россияда социалистік революция жеңгеннен кейін өмір сүрген қоғамдық-экономикалық құрылымдардың — патриархтық, ұсақ товарлық, жеке меншіктік капиталистік, мемлекеттік капиталистік және социалистік укладтардың мән-мазмұнын анықтап, олардың әрқайсысының сыртында қай тап, қандай әлеуметтік топтың тұрғанын айқын көрсетіп берді.

Революциядан кейінгі экономикада капитализмнің де, социализмнің де элементтері болатынын ескере келіп, Ленин былай деп атап көрсетті: «Бұл өтпелі дәуір өліп бара жатқан капитализм мен туып келе жатқан коммунизмнің арасындағы — немесе басқа сөзбен айтқанда: жеңілген, бірақ құртылмаған капитализмнің және туған, бірақ әлі мүлде әлсіз коммунизмнің арасындағы — күрестің дәуірі болмай тұра алмайды» (30-том, 93-бет).

Өтпелі кезеңдегі негізгі, антагонистік қарама-қарсылықтарды шешудің әдісі болып табылатын тап күресі жөніндегі лениндік ілім осыдан келіп туады. Не социализм капитализмді жеңіп шығады, немесе керісінше болуы мүмкін, бірақ бұл екеуі бітімге келмейді. Істің шешілу райы көбіне-көп шаруалардың қай жаққа ойысатынына, кімнің соңынан еретіндігіне байланысты. Ленин шаруаның әлеуметтік табиғатын терең талдады және пролетарлық мемлекет дұрыс экономикалық саясат жүргізсе, еңбекші шаруа жұмысшы табының соңынан еруге тиісті деп атап көрсетті.

Сол кездің өзінде және бүгін де ревизионистер революциядан кейін тап күресі тыйылады деп сәуегейсиді. Мұндай дүмше теоретиктерге Ленин күйрете соққы берді. Тап күштерінің ара салмағын таразыға сала келіп, Ленин социализмге өту дәуірінде тап күресінің барлық түрлерінің (экономикалық, саяси және идеологиялық) бой көрсетуі заңды нәрсе және осы факторды мықтап ескергенде ғана партия мен мемлекет капитализмді күйретіп, социализм орната алады деп үйретті.

Ленин атап көрсеткеніндей, өтпелі кезеңдегі тап күресінің ендігі бір түрі — бұқараны социалистік еңбек тәртібіне баулу. Бұл күрестің түпкі мақсаты — қоғам мүшелерін мемлекет және қоғам алдындағы міндеттері мен борыштарын жауапкершілікпен сезіну, еңбекке саналы түрде қарау рухында тәрбиелеу. Осындай саналы тәртіпті қалыптастыруда, еңбек өнімділігін күрт арттыруда өнімді жұрттың еңбегіне қарай бөлу, еңбекшілерді материалдық жағынан ынталандыру, оны моральдық принциппен шебер ұштастыру шешуші роль атқарады. Жаңа туып, өркен жая бастаған социалистік жарыс та еңбек өнімділігін арттыруға пәрменді әсер ететін фактор деп атап көрсетті В. И. Ленин.

Өтпелі кезеңде социализм мен капитализм арасындағы күрес тек саясат және экономика саласында ғана емес, идеология майданында да өріс алады. Бұл — тап күресінің аса шиеленіскен түрі. Өйткені әңгіме маркстік-лениндік теорияның тазалығын сақтау, адамдардың ақыл-ойы мен жүрегінің игеріп алу жөнінде болып отыр. Партияның идеологиялық жұмысына Ленин ерекше көңіл бөлді және бұл салада көп еңбек сіңір-



ді. Ревизионизм мен оппортунизмге күйрете соққы бере отырып, ұлы көсем буржуазиялық идеологияға қарсы, адам санасындағы ескіліктің қалдығына қарсы бітіспес күрес жүргізудің үлгісін көрсетті.

Социализмге өту дәуіріндегі ендігі бір заңды құбылыс — мәдени революция. Социалистік құрылыс барысында қараңғылық, тоғышарлық пен мәдениетсіздік сияқты ескінің еңсе басқан қалдықтары толық жойылуға тиісті. Мәдени революция дегеніміз халықты жаппай сауаттандырып, ғылыми, әдеби білімді тарату, адамзат жинаған мәдени мұраны сын елегінен өткізіп барып игеру, бұқара санасына социалистік идеологияны ұялату, социализм ісіне шын берілген жаңа интеллигенцияны даярлау. Партия Лениннің осы нұсқауларын жүзеге асыра отырып, тарихта бұрын-соңды болып көрмеген мәдени революцияны жүзеге асырды.

В. И. Ленин капитализмнен социализмге өту дәуірінде ұлт мәселесінің шешімін табуға, социалистік ұлттың негізін қалауға көп көңіл бөлді. Россияның шеткері аймақтарындағы халықтарды отарлық езгінің мерездерінен арылтып, совет елінің халықтары арасында берік ынтымақ және достық қатынас орнатып, оны нығайтуға ерекше мән берді. Ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың идеясын дамыта келіп, В. И. Ленин Коммунистік партияның ұлт мәселесі жөніндегі стратегиясы мен тактикасын жасады.

Ұлт мәселесі тек социалистік революция кезінде ғана әділетті шешіледі деп көрсетті Владимир Ильич. Жұмысшы табы мен оның партиясы езілген ұлттардың жарқын болашақ жолындағы, ұлттық дербестік жолындағы күресіне үзбей көмектесіп отыруға міндетті. В. И. Лениннің белгілеп берген принциптері негізінде әр ұлттың өзін өзі билеу, тіпті дербес мемлекет болып бөлініп шығу правосы партия Программасында баянды етілді. Барлық нәсілдік, ұлттық және тектік артықшылықтарды жою, халықтар теңдігінің интернационалдық принципін бұлжытпай жүзеге асыру, отаршылдық қалдықтарын аластап тастау — партия мен Совет мемлекетінің ең басты міндеттерінің бірі деп үйретті Ленин.

Ленин Совет өкіметінің елдің орталық аудандарында жүзеге асырған шараларын сол қалпында бұлжытпастан ұлттық шет аймақтарда да жүзеге асырудан әрдайым сақтандырып отырды. Қандай шараны болсын осы аймақтар еңбекшілерінің көкейтесті мүддесіне сай, олардың ұлттық және тіпті діни сенімдерін, қалыптасқан салт-санасын ескере отырып жүргізуді талап етті.

Социализм құрылысы жөніндегі лениндік ілімнің өзекті бір буыны — озат елдер пролетариатының көмегіне сүйеніп, артта қалған елдердің дамудың капиталистік кезеңінен аттап өтіп, социализмге аяқ басатыны туралы теориялық қағида. Шет аймақтардағы социалистік құрылыстың қиыншылықтарын көрегендікпен сезген В. И. Ленин былай деп атап көрсетті. Қоғамдық-экономикалық және мәдени жағынан өте-мөте мешеу қалған халықты отарлық езгінің теңсіздік мұрасынан арылтып, озық халықтар қатарына жеткізу үшін, социализмнің сара жолына шығару үшін неғұрлым көп күш-жігер жұмсауға, өтпелі кезеңде қосымша шаралар қолдануға тура келеді. ««Біз», пролетариаттың авангарды, алдыңғы қатарлы отряды, социализмге тікелей өтеміз, — деп жазды В. И. Ленин, — бірақ алдыңғы қатарлы отряд бүкіл пролетариаттың тек аз ғана бір бөлегі болып табылады, ал пролетариаттың өзі де бүкіл халық бұқарасының аз ғана бір бөлегі. Сондықтан «біз» социализмге тікелей өту міндетін ойдағыдай шешеміз деген болуымыз үшін, бұл үшін капитализмнен бұрынғы қатынастардың социализмге өтуіне қандай дәнекер жолдар, тәсілдер, амалдар, құралдар керек екендігін түсіну керек. Әңгіменің бүкіл түйіні осында» (32-том, 369—370-беттер). Соның өзінде Владимир Ильич дамудың капиталистік сатысын өтпеген халықтардың қоғамдық қатынасындағы барлық патриархтық-феодалдық тәртіптерді жоюға ерекше назар аударды. Әсіресе Орта Азия мен қазақ сахарасын-



дағы социализм құрылысын назардан тыс қалдырмай, саяси және экономикалық шараларды ерекше ұқыптылықпен және абайлап жүргізу кажет деп ескертіп отырды.

Капитализмнен социализмге өту дәуірі және оның заңдылықтары мен белгілері туралы лениндік ілім уақыт сынынан мүдірмей өтті. Коммунистік партия бастаған совет халқы тарихи қысқа мерзімде социализм орнатты, ал революцияға дейін феодалдық және жартылай феодалдық мешеу қоғамның шырмауында тұншыққан халықтар, оның ішінде қазақ халқы капитализмге соқпастан социализмге келді. Елімізде социализм толық және түпкілікті жеңді. Совет халқы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда.

СССР-дегі социалистік және коммунистік құрылыстың тарихи тәжірибесі ленинизмнің социализмге өту дәуірі жөніндегі ілімінің бірден-бір дұрыс және шынайы ғылым екенін сөзсіз дәлелдеп берді. Осы тәжірибе тек жергілікті, ұлттық тар шеңберде қалып қойған жоқ, оның халықаралық маңызы да зор. Оны социализм системасы елдеріндегі социалистік құрылыстың практикасы да растады.

Ревизионистер марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамыту дегенді сылтауратып, осы ілімнің революциялық табиғатын және маркстік-лениндік партиялар саясатының таптық принциптерін бұрмаламақшы болады. Сөйтіп олар буржуазиялық идеологияның шашбауын көтереді. Мысалы, қазір олар ғылыми социализм мен оның негіздерінің орнына «демократиялық социализм», «ұлттық социализм» дегендерді уағыздап жүр. Бұл теориясымақтардың мән-мазмұны марксизм-ленинизмге мүлдем жанаспайды да. Ал мұндай ревизионистік насихаттың неге әкеліп соғатынын Венгриядағы 1956 жылғы контрреволюциялық бүлік немесе Чехословакияда былтыр болған оқиғалар айқын сипаттады. Мұнда оншыл ревизионист элементтерді антисоциалистік, буржуазиялық күштер, әсіресе АҚШ пен Батыс Германияның империалистері барынша қолдады.

Халықаралық коммунистік қозғалысқа әсіре «солшылдар» да кесірін тигізіп отыр. Бұлар да СССР-дегі социализм құрылысының тәжірибесін, өтпелі кезең жөніндегі лениндік ілімнің принциптерін жоққа шығармақ болып әуреленеді. Мао Цзэ-дунның тобы марксизм-ленинизмнен мүлдем қол үзді. Пекиндік басшылардың социализм құрылысындағы ұстап отырған «қытайлық», «маоцзэдундық» деген бағыты лениндік іліммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, «солшыл» көпірме сөзбен бұркеленген ревизионизм. Социализм құрылысының басты шартының бірі— пролетариат диктатурасының орнына маоистер әскери диктатура орнатуға тырысуда. Мұндай жағдайда партия мен жұмысшы табының жетекші ролін, жұмысшы мен еңбекші шаруаның одағын жүзеге асыру жөнінде, яғни маркстік-лениндік ілімнің өзекті бір қағидасы туралы әңгіме қозғаудың қажеті бола қояр ма екен? Қытайда жүргізіліп жатқан атышулы «мәдени революция» социалистік революция жөніндегі лениндік ілімді тікелей бұрмалаушылық болып табылады.

Сайып келгенде, Мао Цзэ-дунның тобы маркстік-лениндік ілімді жоққа шығарып, оның орнына «Мао Цзэ-дунның идеяларын» тықпалап отыр, сөйтіп дүние жүзілік коммунистік қозғалысқа іріткі салуға әрекеттеніп отыр. Бірақ маркстіл-лениншілдер Пекин басшыларының бұл әрекетіне мықтап тойтарыс беруде.

Антикоммунизм идеологтарының қасарысқан қарсылығы да, сан алуан ревизионистер мен реформистердің, «солшылдардың» іріткішілдік, қаскүнемдік әрекеті де марксизм-ленинизмнің жеңімпаз қадамын, адамзаттың алға, социализм мен коммунизмге ұмтылған қимылын тоқтата алмайды. В. И. Лениннің социализмге өту дәуірі туралы идеясы адамзаттың жолын нұрландыра береді. Өйткені ол бірден-бір дұрыс және революциялық ілім.




# АЛАТАУ АЛҚАБЫНЫҢ МОЛ ЖЕМІСТЕРІ

А. АСҚАРОВ,

Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің  
бірінші секретары

Бұл күндері бүкіл еліміз сияқты, Алматы облысының еңбекшілері де Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы әрі көсемі Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын мерекелеуге шалқар шабытпен, асқақ өрлеумен әзірленуде. Ұлы Лениннің есімі — әрбір совет адамының жүрегіне ең жақын, ең ардақты есім. Біздің барлық табыстарымыз бен жеңістеріміз, бүкіл тіршілік-тынысымыз осы есіммен байланысты. Біз лениндік заманда өмір сүріп, еңбек етіп жүргенімізді, оның мәңгі жасайтын идеяларының нұрлы шарапатымен жігерленіп, гүлденіп, тоқтаусыз алға басып бара жатқанымызды шексіз мақтаныш тұтамыз.





Қазір, ұлыстың ұлы күні қарсаңында, біз өткен өмірімізге көз жіберіп, Лениннің революциялық идеяларын жүзеге асыру нәтижесінде қол жеткен ұшан-теңіз табыстарымыз бен жеңістерімізге қорытынды жасаймыз, алдағы асулар мен шығар биігімізді белгілейміз. Совет халқының жауынгер авангарды — Коммунистік партия Ленин өсиеттерін орындай отырып, байтақ елімізді тарихи қысқа мерзімде аса қуатты мемлекетке, бүкіл прогресшіл адамзаттың жарық жұлдызына айналдырды.

Ленин идеяларының оқасампаз құдіретін біздің Алматы облысының даму мысалынан да айқын көруге болады. Совет өкіметі жылдарында облыс ғасырлық мешеуліктен прогреске қарай алып адым жасады, өнеркәсібі өркендеген, ауыл шаруашылығы дамыған, озат ғылымы мен мәдениеті көркейген, тұл бақшалы өлкеге айналды.

Көпті көрген, көп қасірет шеккен өжелгі жеріміздің қалай жаңарып-жасарғанын, өмірімізде болған ұлы өзгерістерді айқынырақ сезіну үшін неден бастағанымызды еске түсірген мақұл. Революцияға дейінгі Жетісудың жұпыны бейнесі, қораш тіршілігі аға ұрпақтың әлі есінде. Талғар мен Түргендегі шарап айдағыш, Верныйдағы жүн жуғыш пен сабын қайнатқыш, бірнеше ара қондырғысы, диірмен, ұста дүкені, майдагер мастерскойлар — патшалық құрылыс жалдырған барлық мұра осы ғана еді. Осы заманғы ұғымға лайық бірде-бір өнеркәсіп орны болған емес. «Шарап айдағыш», «сабын қайнатқыш» деген аттарының өзі ол кездегі «өнеркәсіп» пен өндіріс технологиясының дәрежесін айқын аңғартса керек.

Революцияға дейін Жетісудың шаңы шыққан қара жолдарында ілбіген ағаш арбалар мен түйе керуендерін көрер едіңіз. Россияның ішкі базарларын бетке алған бұл керуендердің жүктері де тым жұпыны болар еді. Ол кезде Жетісудың бейнеткеш шаруалары мен құнарлы жерінің жүн мен теріден, былғары мен малдан өзге ұсынары жоқ еді. Өздері болса өнеркәсіп товарлары былай тұрсын, тіпті... арбаның майына дейін ішкі базардан алып қайтатын.

Ал біздің бүгінгі өміріміз де, өндірісіміз де мүлдем өзгеше. Қазір облыста 228 өнеркәсіп орны бар. Оларда 118 мыңнан астам жұмысшы мен қызметші, 13311 инженер-техник қызметкер жұмыс істейді. Осы заманғы озат техникамен жарактанған мақта-мата комбинаты, ауыр машина жасау, құю-механика, станок жасау, электротехника, кір жуғыш машина заводтары, үй жасау, мех, ет-консерві комбинаттары, аяқ киім, тігін, трикотаж фирмалары — облыстың жетекші өнеркәсіп орындарының толық емес тізімінің өзі осындай.

Болат, мыс, алюминий сымдары мен трубаларын созуға арнап стандарт шығаратын Алматы ауыр машина жасау заводы облысымыздың шын мақтанышы болып отыр. Завод тұрғын үйлер үшін темірбетон плиталарын құятын калып, ленталы әрлеу машиналарын, орағыш аппараттар, кокс батареясы мен домна пештеріне арналған жабдықтар және басқа көптеген бұйымдар шығарады.

Аса сапалы шұға тоқитын «Алатау» фирмасының, жылына жеті миллион пар аяқ киім тігетін «Жетісу» фирмасының, Дзержинский атындағы трикотаж фирмасы мен Ю. Гагарин атындағы тігін фирмасының өнімдері облыс тұрмақ, республикамыздан тыс жерлерге де жақсы мәлім.

Демек, бүгінгі алматылықтар — сырттан әкелген товарларды тұтынушы ғана емес, өздері де осы заманғы талаптарға толық сай келетін өнеркәсіп және тұтыну товарларын көптеп шығаратын өндіріс иелері.

«АЗТМ» деген таңбасы бар тамаша стандарты Москва мен Ленинградта, Киев пен Новосибирскіде, Барнаул мен Магнитогорскіде, Челябинск мен Ташкентте, қысқасы, еліміздің кез келген жерінде кездестіресіз. Завод шет елдердің де көптеген заказдарын орындайды.

Тек стандарт ғана емес, Алматы кәсіпорындарының универсалды то-



карьлық станоктары, дәл приборлары, электр аппаратурасы, дәрі-дәрмектері, тағы басқа толып жатқан өнімдері халықаралық рынокта барған сайын танымал болып келеді. 1968 жылы облыс еңбекшілері жер жүзінің шар тарапынан 33 елдің заказы бойынша 50 түрлі өнеркәсіп өнімін шығарды. Біздің товарларымызды алуға құштар елдердің қатарында Англия, Франция, Канада, Жапония, Бразилия, Швеция, Түркия, Индия, Финляндия сияқты мемлекеттер бар.

Жетісу өңірінде тамақ, шарап өндірісі мейлінше мықтап өркендеді. Жеміс-консерв, ұн-жарма комбинаттары, кондитер фабрикасы, қант заводы азық-түлік өнімінің алуан түрін шығарады. Біздің жүзімінен, жеміс пен жидектен жасаған сусындарымыз сапасы жағынан дүние жүзілік стандарттың ең үздік нұсқаларынан кем түспейді. Алматы шарап жасаушыларының халықаралық көрмелерде талай рет озып шығып, алтын медальдарға ие болғаны бұған айқын дәлел.

Бүгінгі Алматы облысы — ең ірі экономикалық аудандардың бірі. Жерінің көлемі Қазақстан территориясының 4 проценті ғана болғанымен, біздің облыс бүкіл республика өнеркәсіп өнімінің 12,5 процентін береді, ал жеңіл, тоқыма және тамақ өнеркәсібі өнімдері жөнінен оның үлес салмағы 20—25 процентке тең.

Облыс өнеркәсібі жыл сайын жана кәсіпорындармен молығып, ең жетілген жабдықтармен жарактануда. Қазір алматылықтар жыл ішінде 1 миллиард 200 миллион сомның өнеркәсіп өнімін өткізеді. Революцияға дейін бүкіл Жетісуда тұтас жыл ішінде қанша өнім өндірілсе, қазір бір ғана Алматыда және бір ғана күннің өзінде содан 15 есе көп өнім шығарылады.

Осы бір цифрларға ойлана көз салсаңыз, ұлы Лениннің, Коммунистік партияның халқымызға қаншалық бақыт әпергенін шын жүрекпен сезінесіз. Ленин мен партия ажырамас егіз ұғым. Ұлы Октябрьден бергі жарты ғасырдың әр күнінде Коммунистік партия Ильич нұсқаған жолмен айнамай жүрді, Ильич өсиеттерін орындау үшін күресті. Ленин бүгін де бізбен бірге. Оның өшпес идеялары біздің бүкіл жолымызды нұрдандырып, арман-мақсатымызға, жігер-қайратымызға сарқылмас нәр беруде, практикалық істеріміз бен келешек жоспарларымыздың өміршеңдігіне кепіл болуда.

Міне сондықтан да әрбір совет адамы сүйікті көсеміміз бен ұстазымыздың ғасырлық мүшелін жан-жақты әзірлікпен, ең лайықты еңбек табыстарымен қарсы алуға құлшынып отыр. Бүкіл елімізді қамтыған лениндік еңбек вахтасын Алматы облысының еңбекшілері де күннен күнге қыздыра түсуде. Олар 1968 жылдың өнім өткізу жоспарын мерзімінен бұрын, 24 декабрьде орындап шықты. Жоспардан тыс 34 миллион киловатт-сағаттай электр энергиясы, 599 мың дана трикотаж, 6 515 мың сомның тігулі бұйымдары, 226 мың пар былғары аяқ киім, 10 820 кір жуғыш машина, 3 365 тонна қант, көптеген ет, сүт, нан-тоқаш өнімі шығарылды. Жоспардан тыс өткізілген барлық өнім 36 миллион сомнан асты.

Мұның өзінде өнім өсімінің 64 проценттен астамы техникалық прогресс пен еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынғанын атап айту керек. Өткен жылы жана техниканы өндіріске енгізу бағытында 800-дей шара жүзеге асырылып, тек соның өзі 6 254 мың сом пайда келтірді, 6 150-ден астам жанашыл ұсыныстың өндіріске енгізілуі 7,8 миллион сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді.

Облыс дамуының тамаша перспективалары әрбір еңбеккердің жүрегін қуанышқа бөлейді. КПСС XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес өнеркәсіптің машина жасау, энергетика, құрылыс индустриясы сияқты маңызды тарауларын онан сайын өркендету көзделіп отыр. Үстіміздегі бесжылдықтың аяғына қарай облыста өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1965 жылғымен салыстырғанда 1,6 еседен астам ұлғаймақшы. Халық тұтынатын товарлар өндірісі өте-мөте шапшаң қарқынмен дамиды. Бесжылдық



ішінде жеңіл өнеркәсіптің жалпы өнімі екі есе артады. Бір ғана Алматы мақта-мата комбинатының өзі жылына 75 миллион шаршы метр мата тоқып шығаратын болады.

Қапшағай су электр станциясы іске қосылғаннан кейін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы электр энергиясын қазіргіден әлдеқайда көп алады. Екі жылдан бері салынып жатқан бұл құрылыс республикадағы ең ірі су электр станцияларының бірі болмақшы. Оның қуаты 434 мың киловатқа жетеді, Іле өзенінің бойынан күріш егісі үшін жаңадан ондаған мың гектар жер суаруға мүмкіндік береді. Қапшағай теңізінің игі әсерімен облысымыздың ауа райы мүлдем жақсарып, қалаға таяу жерде еңбекшілер тынығатын тамаша бау-бақшалы, саялы аймақ пайда болады.

Патша үкіметі Жетісудың экономикасын көтеруді қаперіне де алған жоқ. Бұл өлкені ол ауыл шаруашылық шикізатының арзан көзі ретінде ғана ұстауға тырысты. Сондықтан бұл маңда ауызға аларлық жол қатынасы дегеніңіз атымен болған емес. Верный қаласынан батысқа қарай ең жақын темір жол станциясы — Арысқа дейін 637 шақырым, ал шығыстағы Семейге дейін 956 шақырым болатын. Оларға арбалап, жаяулап 15—20 күнде әзер жететіңіз.

Ал қазір ше? Қазір Алматыдан да, Алматыға да темір жол вагондарына тиелген жүк тасқыны күндіз-түні толассыз ағылып жатады. Сонау тұңғыш бесжылдық тұсында жас Совет республикасының қазіргідей құрылыс техникасы, қазіргідей қаржысы жоқ кездің өзінде-ақ, біздің облыстың жерін қажарып өткен Түркстан — Сибирь магистралы салынды. Осы фактінің өзі-ақ буржуазия жандайшаптарының большевиктер ұлт аймақтарының экономикасын көтеруге дәрменсіз, Совет Одағының халықтары арасында қақтығыс болмай қоймайды деген сәуегейлігінің быт-шытын шығарды. Түркстан—Сибирь темір жолы — совет халықтарының мызғымас достығының перзенті, лениндік ұлт саясатының айқын салтанаты. Біз елімізді мекендеген барлық халықтардың, өте-мөте ұлы орыс халқының туысқандық көмегіңіз Түрксибті соншалық тез сала алмаған болар едік.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, Алматы бөлімшесінің темір жолшылары 1968 жылы жүк тасу жоспарын 102,6 процент орындады. Бесжылдықтың алғашқы үш жылында жүк айналымы 23,2 процент өсті.

Темір жолмен жарыса сан тарапқа тартылған тас жолдармен ондаған мың автомашина ағылуда. Облыс халық шаруашылығы мен жолаушыларына 29 автобаза, 9 автобус паркі мен 4 таксомотор паркі қызмет көрсетеді. Автотранспорт кәсіпорындары жоспарлы тапсырмаларын абыроймен орындап келеді. 1968 жылы автомашиналармен халық шаруашылығының 4 миллион тоннадан астам жүгі жоспардан тыс тасылды.

Өнеркәсібі мен транспорты өркендеген Алматы облысы — ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жағынан да ең ірі аймақтың бірі. Бұған облыстың сулы, нулы, шуақты табиғаты қолайлы жағдай туғызып отыр. Ирригациялық тұрғыдан жақсы әзірленген 235 мың гектар шұрайлы жері егіншілікті, 202 мың гектар шабындығы мен 5 666 мың гектар жайылымы мал шаруашылығын интенсивті өркендетуге мүмкіндік береді.

1966—1967 жылдар ішінде облыс ауыл шаруашылығының жалпы өнімі орта есеппен жылына 302,6 миллион сомнан айналды. Осы екі жылдың өзінде астық өндірісі жылына 21,6 процент, қант қызылшасы — 6,4, овощ — 18, картоп — 38,6, темекі — 12,7, жеміс пен жүзім — 17, ет — 5,7, сүт — 10,6, жүн — 6,9, жұмыртқа — 26 процент өсіп отырды.

Өткен жылы облыс еңбеккерлері ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекетке өткізу жоспарын толық орындап шықты.



Патша өкіметі тұсында Жетісу ауыл шаруашылығының жүдеулігі сонша, оны интенсивті өркендету жайлы ойлауға да негіз жоқ еді. Мысалы, 1911 жылы Жетісу губерниясының 28 мың шаруашылығында жалғыз молотилка, екі сеялка, үш ат тырма мен он бес косилка болыпты. Мұндай «техникамен» не тындырып жарытсын! Ал қазір біздің облысымыздағы 85 совхоз бен 39 колхоздың 5 583 тракторы, 1 526 астық комбайны, 248 сүрлем салғыш, 3 517 жүк машинасы және басқа мыңдаған ауыл шаруашылық техникасы бар.

Ғылым, техника жетістіктері мен озат тәжірибе негізінде жылдан-жылға егіншілік мәдениетін жетілдіре отырып, облыс диқандары әрбір гектар жерді тиімді пайдалану, егін шығымдылығын үздіксіз арттыру үшін ойдағыдай күрес жүргізіп келеді. Еңбекшіқазақ ауданының шаруашылықтары өткен жылы суармалы жердің әр гектарынан 29,8 центнерден, Іле ауданының шаруашылықтары 26,7 центнерден астық жинады.

Жеке колхоздар мен совхоздар, өндіріс озаттары бұдан да көп өнім алып жүр. Мысалы, Іле ауданының «Алматы» колхозында күздік бидайдың орташа түсімі гектар басы 47 центнерден, Бектембай Танабасовтың звеносында — 72 центнерден, «Луч Востока» колхозының жеке учаскелерінде — 87 центнерден айналды.

Жетісу ежелден-ақ төрт түлік малға жайлы қоныс, шұрайлы өріс болатын. Дегенмен өлкеде мал шаруашылығын шындап өркендетуге социалистік құрылыс қана жан-жақты жағдай туғызды. Қазір облыстың мал фермаларында 3 миллионға тарта қой, 200 мыңға жуық ірі қара, 13,6 мың шошқа мен бір миллионнан астам құс бар.

Осыдан аз ғана жылдар бұрын облыс небәрі 15 мың тонна ет, 24 мың тонна сүт, 2 мың тонна жүн тапсырушы еді, ал өткен жылы колхоздар мен совхоздар мемлекетке 68 мың тонна ет, 89 мың тонна сүт, 11 100 тонна жүн сатты.

Облыс ауыл шаруашылығының өрге басуына лайық кадрлар өсіп жетілді, олардың білімі мен тәжірибесі молайды. Революцияға дейін Жетісу өңірінен жоғары білім былай тұрсын, орта білімді агроном немесе зоотехник табу қиын еді. Ал қазір біздің селоларымызда төрт мыңдай жоғары және орта білімді маман, соның ішінде 979 агроном, 827 инженер, 1297 зооветтехник, 652 экономист қызмет істейді. Орта есеппен әр колхозда 82, әр совхозда 78 механизатор бар.

Шешуші еңбек процестерінің жаппай механикаландырылуы, өз ісіне жетік маман кадрлардың көбеюі, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының қажырлы еңбегі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру және мемлекетке тапсыру көлемін мықтап ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бұл саладағы елеулі табыстары үшін Алматы облысы 1966 жылы Ленин орденімен, ал Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы карсанында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советінің, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің Ескерткіш туымен наградталды.

Біздің өсуіміз бен дамуымыз туралы айтқан кезде, оның қайнар көзі — жасампаз, еңбек сүйгіш совет адамының ролін ерекше атап өткен мақұл. Отанға шексіз берілген, қиындықтан қайтпайтын еңбек иелері — облысымыздың шын мақтанышы. Коммунистік партияның басшылығымен туған жерін гүлдендіру үшін күш-жігерін аямай, облыс экономикасы мен мәдениетін шырқау биікке көтерген нақ солардың ақыл-ойы мен қаһарман қолдары. Отан-ана олардың еңбегін лайықты бағалап отыр. Үстіміздегі бесжылдықтың алғашқы үш жылының өзінде облыста өнеркәсіп пен транспорттың, егіншілік пен мал шаруашылығының 3 500 озаты ордендермен, медальдармен наградталды. Облыстың қалалары мен селоларында 129 ардагер азаматтың омырауында Социалистік Еңбек Ерінің алтын жұлдызы жарқырайды. Жамбыл ауданындағы «Дегерес» совхозының аға шопаны С. Қилыбаев, Қаскелен ауданындағы «Каменский» совхозының сауыншысы Н. Падукова, кондитер фабрикасының



жұмысшысы З. Төлендиева, машина жасау заводының токары Н. Шахова, Кеген ауданындағы «Ұзынбұлақ» совхозының аға шоланы Ы. Әбдіғұлов, № 4 мектеп-интернаттың мұғалімі Р. Нұртазина сияқты еңбек ерлерінің есімдерін бүкіл республика жұртшылығы құрметпен атайды.

Коммунистік партия еліміздің барлық аймақтарының экономикасын көтерумен бірге жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеп өсірді, еңбекшілердің бүкіл тіршілік-тұрмысын түбірімен өзгертті.

Революцияға дейінгі Жетісу ауылының негізгі көркі киіз үй мен жертөле еді. Радио, кино дегеніңіз атымен болған емес. Еңбек адамының тапқаны білте шам жағып, таппағаны оттың жарығымен кешкі асын ішетін. Бүгінгі ұрпақ үшін ол кездегі өмір тарих беттерінің бір елесіндей ғана. Өйткені қазір әрбір колхоз бен совхоз поселкесі кішігірім қала іспетті. Қаз-қатар тізілген ақшанқан үйлер, мектеп, магазин, клуб, көп жерлерде — мәдениет сарайлары. Әр семьяда — радио, көбісінде — телевизор. Бүгінгі ауыл адамдарының тоназытқыш, кір жуғыш, шаңсорғыш, транзистор секілді осы заманғы тұрмыс бұйымдарының игілігін көргелі қашан! Біздің шаруаларымыз магазиндердегі сәнмен тігілген киімдердің өзін талғап, тандап киеді.

Әсіресе мәдениет пен оқу-ағарту істері жөнінде Шығыстағы буржуазиялық елдердің бірде-біреуі бізбен теңесе алмайды. Қазір тек біздің Алматы облысының өзінде 528 бастауыш, сегіз жылдық және орта мектеп, 20 кәсіптік-техникалық училище, 11 жоғары оқу орны мен 21 техникум бар. Оларда жүз мыңдаған адам оқиды. Өткен жылы жоғары оқу орындары мен техникумдардың өзі халық шаруашылығы үшін 11 712 маман даярлап шығарды. Республика астанасы — Алматыда 6 276 ғылыми қызметкерді, соның ішінде 164 ғылым докторы мен 1 480 ғылым кандидатын біріктіріп отырған 51 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істейді.

Халықтың мәдени дәрежесін бейнелейтін негізгі өлшемдердің бірі — баспасөз бен баспа ісінің дамуы. Революцияға дейін Верный қаласында «Жетісу ведомостарын» басқан шағын ғана баспахана болып еді. Қазір облыстың селолық 9 ауданында казак, орыс, ұйғыр тілдерінде 12 газет шығады. Әр ауданның өз баспаханасы бар. «Жазушы», «Қазақстан», «Ғылым», «Мектеп», «Қайнар» баспаларының жыл сайынғы тиражы 20 миллионнан асады. Алматыда басылып шыққан кітаптарды 53 елдің 220 фирмасы алдырады.

Облыста денсаулық сақтау ісінің даму қарқыны таңқаларлық. Революцияға дейінгі Жетісу медициналық қызмет жағынан басқа капиталистік елдердің ең шалғай шеттерінен де артта еді. Ал қазір жағдай мүлдем басқаша. Облыс аудандарында 563 әртүрлі емдеу мекемелері жұмыс істейді. Жүз мың адамға шаққанда ауруханадағы орын саны жөнінде біздің облысымыз Франция, Италия, Финляндия сияқты дамыған елдерден әлдеқайда озып кетті. Бір дәрігер АҚШ-та — 534, Канадада — 680, Голландияда — 746 адамға қызмет көрсетсе, Алматыда бір дәрігерге 227 кісіден келеді. Совет өкіметі жылдарында денсаулық сақтау ісінің жақсаруы нәтижесінде адамдардың өлімі шұғыл азайып, орташа өмір жасы едәуір ұзарды.

Ұлы Октябрьге дейін Жетісу малшысы мен диканы қартайғанда оған әлеуметтік жәрдем көрсету, пенсия тағайындау патша үкіметінің де, жергілікті өкімет органдарының да қалпында болмағаны күмәнсіз. Ал бізде жасы ұлғайған еңбек адамының ешбір алансыз, уайымсыз тынығуын қамтамасыз ету партия мен үкіметтің ең қажетті қамқорлығына айналып отыр. Тек біздің облыстың өзінде демалысқа шыққан 187 мың адамға мемлекет жыл сайын 58 миллион сомнан астам пенсия төлейді.

Совет халқы коммунистердің лениндік партиясын шын жүректен қолдайды оған өзінің бүкіл тағдырын сеніп талсырады. Өйткені ол ұлы Ленин идеяларын ту етіп, елімізді адамзаттың ең ежелгі арманына — коммунизмге қарай сеніммен бастап келеді. Партияның бұқара арасындағы беделі мен ықпалының қаншалық күшті екенін Алматы облысының



мысалынан да айқын көруге болады, 1918 жылғы 10 мартта Верный коммунистерінің тұңғыш жария жиналысында небәрі бірнеше адам болған еді. 1932 жылдың өзінде партия ұяларының саны 400-ден асып, олар 8 733 коммунисті біріктірді. Ал қазір біздегі 2 105 бастауыш партия ұйымында 74 246 коммунист есепте тұрады. Олардың 80 проценттен астамы халық шаруашылығының шешуші буындарында еңбек етеді.

Облыс партия ұйымы еңбекшілер арасындағы идеялық-тәрбие жұмысын жақсартуға барған сайын көп көңіл бөлуде. Ол тарихи дамудың қазіргі кезеңінде капитализм мен социализм арасында идеологиялық шайқастың қатты шиеленісуіне байланысты, коммунистердің, барлық еңбекшілердің идеялық сенімін шыңдау, марксизм-ленинизмді насихаттау ең шұғыл міндеттің бірі екенін жақсы түсініп отыр. Партия ұйымдары буржуазиялық насихаттың жалақорлық ертегілерін аяусыз эшкерелеп, олардың идеологиялық қастандықтарына батыл тойтарыс беруде. Совхоздар мен колхоздарда, өнеркәсіп, құрылыс, транспорт орындарында, мекемелер мен оқу орындарында мыңдаған насихатшылар, лекторлар, баяндамашылар, саяси хабаршылар, үгітшілер саяси тәрбие жұмысын жүргізуде.

Халықтарымыздың туысқандық достығын, мызғымас бірлігін қасиеттеп, көздің қарашығындай қорғандар деген Ильич өсиеттерін орындай отырып, облыс партия ұйымы еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру бағытында елеулі жұмыс жүргізіп келеді. Мұның өзі тамаша жемісін беруде. Облысымыздың қалалары мен селоларында достығы, ынтымағы жарасқан жүзден астам ұлттың өкілдері тату-тәтті еңбек етіп, коммунизмнің зәулім сарайын бірге орнатуда.

Алматы облысының өз экономикасын қазіргіден әлдеқайда жоғары көтеру үшін аса мол резервтері мен мүмкіндіктері бар. Біз суармалы жерді тиімді пайдалану негізінде дәнді дақылдардың, қант қызылшасының, овоштың, картоптың шығымдылығын мықтап арттыруға тиіспіз. Іле бойындағы құнарлы жерлерді игеру есебінен күріш егісінің көлемін едәуір арттыруымыз керек. Бізде қой шаруашылығын өркендетуге де резерв мол. Жеміс пен жүзім өндірісін ұлғайту жөнінде үлкен міндеттер тұр. Алматы облысы үшін дәстүрлі саналатын бұл салада біз өзімізге жүктелген міндеттерді абыроймен орындап шығуға тиіспіз.

Өнеркәсіп пен құрылыс саласындағы міндеттеріміздің көлемі мен жауапкершілігі де аз емес. Біз облыстың машина жасау, энергетика, құрылыс, жеңіл және тамақ индустриясының ірі орталығы деген ролін көтерген үстіне көтеруге тиіспіз. Облыс құрылысшылары республика астанасы — Алматыны барынша тез қарқынмен көркейтіп, аудан орталықтарының, селолар мен поселкелердің бейнесін жақсартып түсуге міндетті. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толатын күнге дейін облыстың елді мекендері түгелдей мерекелі, салтанатты бейне тапқаны абзал.

Қазір өнеркәсіп орындарының, совхоздардың, колхоздардың, мекемелер мен ұйымдардың коллективтері В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жолындағы жарысқа қосылып, өздерінің барлық күші мен қабілетін, білімі мен тәжірибесін социалистік міндеттемені орындау күресіне бағыштап отыр. Барлық жерде жасампаз еңбектің шабытты шеруін байқайсыз. Коммунистер бастаған облыс еңбекшілерінің бұл шеруді жеңіспен аяқтап, өздеріне жүктелген күрделі де жауапты міндеттерді абыроймен орындап шығатынына еш күмән жоқ.





# УРКАРТ МЫРЗАНЫҢ ТАРИХИ ҚАТЕСІ

Бұл күндері, бүкіл дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемі Владимир Ильич Лениннің туғанына жүз жыл толуы қарсаңында, Ленин есімін еңбекші қауым аса бір аяулы да асқақ сезімдермен әр сәт еске алады. Ленин есімін еске алғанда оның заманалар бойы үстемдік құрып келген әділетсіз қоғамды қиратып, біздің елімізде тұңғыш рет жаңа социалистік қоғамды орнатудағы шын мәніндегі алып еңбегі ғана емес, сонымен бірге жаңа орнаған жас Совет мемлекетінің буыны бекіп, бұғанасы қатуы үшін жасаған керемет істері де көз алдыға келеді.

Шынында да, неткен ғажайып күш-қайрат, неткен терең ақыл-ой десеңізші! Жаңа ғана орнаған жас мемлекет. Тұс-тұстан анталаған жаулар. Ұлан байтақ өлкеде аштық, жалаңаштық, қараңғылық, экономикалық мешеулік. Техника атаулы жоқ. Ал техниканы жасайын десе, аяғынан қаз тұрып тұрған ауыр өнеркәсіп жоқ. Мешеу Россияда өнеркәсіп бар ма еді. Кен байлықтарының көпшілігін шетел капиталистері пайдаланып келген. Октябрьдің отты дауылынан олар жел айдаған қаңбақтай бет-бетіне кетті. Жай кеткен жоқ, қаскөйлігін жасап, шахталар мен рудниктерді суға толтырып, бар нәрсені қиратып, бүлдіріп кетті...

Міне осының бәрі ұлы көсемді үлкен ойға қалдырды. Владимир Ильич ауыр өнеркәсіпті дамытудың алғашқы адымы елімізді электрлендіруден басталуы керек деп біліп, қарт Кремльде отырып атақты ГОЭЛРО жоспарын жасады. Капиталистік дүниенің күйкі ойы Ленин сынды дананың ұлы ойының өресіне жете алмады. Олар Владимир Ильичті «Кремльдің қиялшысы» деп күлді де. Бірақ өмір басқаны көрсетті.

Жас Советтер елінің творчестволық күш-жігеріне мейлінше күдікпен қараған капитал дүниесінің қулары ұлан-байтақ Совет мемлекетінің жерінен, патшалық Россия кезіндегідей, кен қазып, көп қазына таппақ болып, жан-жақтан хаттар жаудыра бастады. Соның ішінде олар қазақ даласынан да қанды шеңгелін айырғысы келмеді. Қазақ даласын көбірек кезіп, мол қазынананың исін сезген Лесли Уркарт сияқты жыртқыштар ең әуелі Риддер мен Екібастұзға ауыз салды. Бұл жерлерді ала алмаған соң ол Орталық Қазақстанның қазыналы даласына қол созды. Жай ғана созған жоқ, айбарлана, қыр көрсете созды.

«Балқаштың төңірегіндегі және одан әрідегі қырғыз даласын шұқылап көруіме мүмкіндік бересіздер ме? Бәрібір елу жылсыз, мүмкін тіпті жүз жылсыз бұл жермен сіздер айналыса алмайсыздар ғой. Ал мен шұқылап көрсем, бір нәрсе шығарып қалармын» деп хат жазды ол Россияның концессия жөніндегі жоғарғы басқармасына.

Міне Уркарт мырза осылай жазды. Жас Совет мемлекетінің күш-қуатын қомсына да кемсіне жазды. Бірақ өмір басқаны көрсетті.

Уркарттың қазақ даласындағы кен ошақтарын концессияға сұрауы жиырмамыншы жылдардың бас кезінде әлденеше рет сарапқа салынып, ақыры Владимир Ильич Лениннің талабы бойынша Халық Комиссарлары Советі оған бұл жерлердің берілмейтіндігін мәлім етті. В. И. Ленин «Мен Уркарттың концессиясына қарсымын», өйткені мұның өзі — «бұғау, және тонау», — деп жазды.

Ұлы көсем қазақ даласын «тарылық, жартылай тағылық» жайлап жатса да, Коммунистік партияның басшылығымен, халықтың қолдауымен бұл даланы гүл жайнатуға болатынына кәміл сенді. Және бұл сенім қазір толық ақталып та отыр.



Адам ойы ұшқыр ғой: «...Бәрібір елу жылсыз, мүмкін тіпті жүз жылсыз бұл жерлермен сіздер айналыса алмайсыздар ғой...» — деп сәуегейсіген Уркарт қазір осы жерлерді — «Балқаш төңірегін және одан әрідегі қырғыз даласын...» көрер ме еді деп ойлайсың.

Уркарт сұғын қадаған төңірекпен Совет өкіметі «елу жылда» емес, тіпті алғашқы бесжылдықтардың өзінде-ақ айналыса бастады. Республикамыздың тура ортасында тұрғандықтан да Орталық Қазақстан аталатын бай өлкеде барлау жұмыстары жүргізілді. Сонау 1928 жылдың өзінде-ақ атақты геолог М. Русаков бастаған экспедиция түйелі арбамен Балқашқа келіп, Қоңырат тауынан мыс кенінің құнарлы қорын тапты. 1929—1930 жылдары Қарағанды көмірінің қоры зерттеле бастады. Атақты ғалым А. Гапеев бастаған геологтар тобы Қарағанды көмір бассейнінде сарқылмас байлықтың бар екенін баяндады. Ал Жезқазған өңірінде совет геологтары тіпті сонау 1923 жылдан бастап барлау жұмыстарын жүргізген-ді. Кейінірек 1930 жылдары Жезқазғанның жер астындағы байлығын қазақтың алғашқы геолог ғұлама ғалымы Қаныш Сәтбаев егжей-тегжейлі зерттеп, осынау бір мысты өңірдің даңқын бүкіл әлемге әйгілі етті.

Сөйтіп, совет ғалымдары мен совет геологтары Орталық Қазақстанның қазыналы даласын алғашқы бесжылдықтардың өзінде-ақ «шұқылап», зерттей бастады. Зерттеу қорытындылары бұл төңіректің кен байлығы Орталық Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің еліміздегі елеулі бір ордасын орнатуға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Сүйікті партиямыз бен үкіметіміз бұл өңірге айрықша назар аударып, батыл шешімдер қабылдай бастады. 1931 жылы 15 августа ВКП(б) Орталық Комитеті «Көмір мен кокс ресурстарын ұлғайту туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулының әсіресе Қарағанды үшін аса зор маңызы болды. «Қарағанды алабының географиялық орыны, онда орасан зор көмір қоры барлығы, көмірінің кокстілігі және көмір қатпарларының қазып алуға қолайлылығы бұл жерден СССР-дің үшінші тас көмір базасын жасауға дереу кірісуді талап етеді», — деп жазылды ол қаулыда. 1934 жылдың 24 октябрі күні СССР Ауыр өнеркәсіп комиссариатының коллегиясы Балқаш мыс комбинатының жобасын бекітті. Ал 1936 жылы 25 мартта ауыр өнеркәсіп командармы Серго Орджоникидзе Жезқазған мыс қорыту комбинатының құрылысы туралы бұйрыққа қол қойды. Кейінірек, 1938 жылдың 11 февралінде ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі Жезқазған комбинаты жөнінде арнаулы қаулы қабылдап, онда комбинаттың құрылыс көлемін белгілеумен бірге кен ошағын игеру мерзімдерін көрсетіп берді.

Сөйтіп отызыншы жылдары Орталық Қазақстанның қазына байлықтарын халық игілігіне айналдыру жөнінде партиямыз бен үкіметіміздің осындай аса зор маңызы бар қаулы-қарарлары қабылданды да, құлазыған жапан далада жаңа қалалар мен жаңа кәсіпорындардың ірге тасы қалана бастады.

Алғашқы бесжылдықтар кезінде Орталық Қазақстанда Қарағанды Балқаш, Жезқазған сияқты ауыр өнеркәсіптің үш бірдей алып ордаларын салу керек болды. Мұның өзі оңайға түскен жоқ. Транспорттың түрі түйе болды. Қыстың қақаған қызылшұнақ аяздарында құрылысшы қауым киіз үйлерде отырды. Кемеңгер В. И. Лениннің социализмді орнату жолындағы ғажайып ауыр іс үстіндегі Совет өкіметінің қиынға салары да, сүйенері де жұмысшы табы деп көрсеткеніндей-ақ, осы қиыншылықтардың барлығын да жұмысшы табы жеңе білді. Өздері үшін, өздерінің бақытты болашағы үшін еңбек ету жұмысшыларға айрықша бір күш-қуат, шабыт бітірді. Бесжылдықтың балғасы солқылдата соғылып жатқан кезде жаңа қоғамдық құрылыстың жеңіп шығуы үшін ең қажетті басты мәселе болып саналатын еңбек өнімділігі еселеп артты. Балқаш құрылысында бір сменада 9 800 кірпіш қалаған Муратовтың рекордтары дүниеге келді.

Орталық Қазақстанның өнеркәсіп ордаларын салу ісіне бүкіл еліміз болып қатысты. Лениндік ұлт саясатының салтанат құруы нәтижесінде



Орталық Қазақстанның кен байлықтарын игеру ісіне туысқан республикалар көмек қолын созды. Россияның, Украинаның, Урал мен Кавказдың, Сибирь мен Орта Азияның ұл-қыздары Орталық Қазақстанда аса қуатты индустриялық ошақ ашуға кірісіп кетті. Балқаш кен-металлургия комбинатының заказдарын орындауға еліміздің 150-ден астам өнеркәсіп орындары қатысты. Қарағанды көмір бассейнін игеру ісіне Донбастың, Кузбастың, еліміздің басқа да өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары белсене ат салысты. Қарағандылықтардың шақыруын шын ықыласпен қарсы алған донбастықтар 1931 жылы Қарағандыға 500-ге тарта маман кеншілермен бірге бір эшелон әртүрлі жабдықтар жіберді. Бұл шақыруға кузбастықтар да қызу үн қосты. 1932 жылы кузбастықтар Қарағандыға 450 маман жұмысшы мен техник қызметкерлерін аттандырды. Сондай-ақ көмекке Риддерден де 300-ге тарта кенші келді.

Міне туысқандық көмек пен екпінді еңбектің нәтижесінде Орталық Қазақстанда сол алғашқы бесжылдықтардың өзінде-ақ өнеркәсіп орындары бірінен соң бірі іске қосыла бастады. 1930 жылдың өзінде-ақ Қарағандыда Совет өкіметі тұсындағы тұңғыш №№ 1, 3, 4, 5 шахталар ашылды. Келесі жылы Қарағандыда қуаты 260 киловаттық электр станциясы іске қосылып, арқа қазағы тұңғыш рет Ильич нұрына бөленді. Осы жылы Қарағандыда орталық электр станциясының құрылысымен бірге №№ 2, 6, 7, 8—9, 12, 26 сияқты жаңа шахталардың да негіздері қаланды. Қарқынды қимылдың нәтижесінде бұл құрылыстар ұзаққа созылған жоқ. Арада бірекі жыл өткен соң-ақ олар алғашқы өнімдерін бере бастады. 1931 жылдың февралінде Қарағандыға келген алғашқы паровоз да Орталық Қазақстан еңбекшілерін қатты қуантты. 1930 жылы Қарағанды кен ошағына небары 260 киловатт қана электр қуаты берілсе, 1933 жылы қуаты 8 мың киловаттық орталық электр станциясы салынып бітіп, ток бере бастады. Сөйтіп небары үш-төрт жылдың өзінде-ақ көмірлі Қарағанды қарыштап өсті. Нешеме жылдар бойы капиталистер көмір өндіргенде «қара үңгір» атанған, көмірі қол қауғамен тартылатын бір шахтадан басқа кәсіпорны болмаған жерде үш-төрт жылдың өзінде-ақ қуатты бірнеше шахталар мен көптеген үйлер салынды, халық саны көбейді, сөйтіп 1934 жылы Қарағанды үлкен қала болды.

Бұл мезгілде Қарағандымен қанаттас Балқаш, Жезқазған өңірлері де өсіп, өркендей бастады. 1935 жылы Балқашқа темір жол торабы тартылды. 1938 жылдың көктемінде Балқаш кен-металлургия комбинаты алғашқы концентрат шығара бастады. Сол жылдың 17 июнь күні Красноваевтың сменасы алғашқы штейн берді. Ал 24 ноябрь күні Бакурадзе басқаратын смена Балқаш мысының тұңғыш балқымасын ағызды. 1939 жылы Жезқазғанға да темір жол желісі жетті.

Иә, осылайша жаңа өнеркәсіп орындары бірінен соң бірі іске қосыла берді. Жаңа кәсіпорындарды тезірек игеріп, халық дәулетін молайта түсу жолында нағыз жанқиярлық шабытты еңбектің үлгілері көрсетілді. Балқаш кен-металлургия комбинаты байыту фабрикасының флотаторлары Ш. Бектеміров, Ә. Әлжановтар мыс концентратын өндіру нормаларын үнемі үш есе артық орындап отырды. Қарағанды көмір бассейніндегі № 1 шахтаның навалоотбойщиктер бригадирі коммунист Түсіп Күзембаев басқарған бригада бір сменада жоспардағы 105 вагонетка орнына 220 вагонетка көмір беріп, еліміздегі стахановшылар қозғалысының алдыңғы сапына шықты.

Сайып келгенде, жоғарыда аталған Уркарт мырзаның «елу жылсыз, мүмкін тіпті жүз жылсыз айналыса алмайсыздар ғой» деген жерлерде жас Совет мемлекеті айналасы оншақты-ақ жылдың ішінде (1930—1940 жылдары) қазына байлықтарын толық дерлік игеріп алды.

«Көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ», ғасырлар бойы құлазып жатқан Балқаш өңірі мен киіктің жонындай қызыл шақа болып жататын Жезқазған адырлары осы аз ғана жылдың ішінде-ақ гүл жайнаған құтты мекенге айналды.



Соның нәтижесінде ел басына күн туған Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Орталық Қазақстанның өнеркәсіп орындары еліміздің Отан қорғау қабілетін арттыруда үлкен роль атқарды. Қарағандының «қара алтыны» мен Балқаш, Жезқазғанның «сары алтыны» жауға ажал оғы болып атылды. Қарағанды көмірі Отан соғысының қиын-қыстау кезеңдерінде, алыс тылда, асығыс жағдайда, болат балқытуға да мүмкіндік берді. Соғыс жылдары Теміртауда Қазақ металлургия заводы салынып, жұмыс істей бастады.

«Балқаш төңірегіндегі және одан әрідегі қырғыз даласын» капиталистерге концессияға беруге үзілді-кесілді қарсы болған ұлы көсемнің көреген ойлары Отан соғысы жылдарында тағы да бір таңғажайып данышпандығымен танылды. Осы төңіректің Ұлы Отан соғысында қаншалықты қасиетті де құнды болғанын мына бір фактіден де анық көруге болады: Ұлы Отан соғысы жылдарында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туы Балқаш металлургтеріне 19 рет, Жезқазған кеншілеріне 16 рет берілді. Сол жылдары жауды талқандауға үлкен үлес қосқаны үшін СССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл туы Балқаш мыс қорыту заводына мәңгі сақтауға берілуі де Орталық Қазақстан еңбекшілері үшін күні осы уақытқа дейін үлкен абырой, зор мақтаныш.

Иә, Отан соғысы жылдары өнеркәсіпті Орталық Қазақстанның еңбекшілері Октябрьдің жеңістері мен жемістерін қорғап қалу үшін жан аямай еңбек етті. 1943 жылдың бірінші жартысында Қарағанды шахтерлері 1942 жылдың сол уақытымен салыстырғанда 1364 мың тонна көмірді артық өндірді. Тек қана 1942 жылы жалпы қуаты жылына 1,6 миллион тонна көмір беретін он шахта іске қосылды. Жауға ажал оғы болып атылатын қара алтынды көбірек өндіруге деген құштарлық әлемдік маңызы бар үлкен творчестволық жеңіске жеткізді. 1944 жылы Семен Семенович Макаров тұңғыш кен комбайнын ойлап тауып, Қарағанды топырағында дүниеге келтірді. Сөйтіп Қарағанды көмір бассейні әлемде ең алғаш ойлап табылған кен комбайнының отаны болды.

Орталық Қазақстанның өнеркәсібі Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт жылдарда да қызу қарқынмен дамыды. Көмірлі жаңа аудандар игеріліп, Сараң, Абай, Шахтинск сияқты жаңа қалалар пайда болды. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан «КарГРЭС-1»-дің қуатына Топар су қоймасынан «КарГРЭС-2» электр станциясының қуаты қосылды.

Соғыстан кейінгі жылдары Қаражал темір кені ошағы игеріліп, Орталық Қазақстанда Қаражал атты тағы бір жас қала шаңырақ көтерді.

Облыс территориясында кокстелетін көмірдің, темір рудасының, қажетті мөлшерде электр қуатының болуы тек Қарағанды облысының ғана емес, сонымен бірге бүкіл республикамыздың экономикалық қуатына елеулі өзгеріс жасайтын ауыр өнеркәсіптің жаңа бір алып кәсіпорнының дүниеге келуіне мүмкіндік берді. Теміртау қаласында республикамызда тұңғыш рет қара металлургия ордасы орнады. Соғыстан кейінгі жылдары ғана пайда болған осына бір жас қалада республикамызда бұрын өндіріліп көрмеген шойын, болат, прокат, каучук сияқты жаңа өнімдер алынды.

Көмірмен қоса болат пен прокаттың да іргеде болуы Орталық Қазақстанда машина жасау заводтарын салуға да қолайлы жағдай туғызды. Сонымен, қазір Қарағанды облысы өнеркәсіп өнімдерінің сан алуан түрін беретін өндірістің үлкен ордасына айналып отыр.

Орталық Қазақстанда химия өнеркәсібі де жылдан-жылға қанатын кең жайып келеді. Теміртау қаласындағы Еңбек Қызыл Ту орденді синтетикалық каучук заводы республикамыздағы химия өнеркәсібінің көрнекті отауларының бірі болып саналады. Үстіміздегі бесжылдықта облысымызда химия өндірісінің жаңа кәсіпорындары дүниеге келеді. Сараң қаласындағы салынып жатқан резина-техникалық бұйымдар шығаратын завод пен Шахтинск қаласындағы синтетикалық жуу заттарын өндіретін заводтар осы бесжылдықтың перзенті болмақ.



Партиямыз бен үкіметіміз Қарағанды облысының экономикасына әр уақытта айрықша маңыз беріп келеді. Үстіміздегі бесжылдық Орталық Қазақстанның өнеркәсібін өлшеусіз өрге бастыратын ерекше маңызы бар ірі-ірі құрылыстардың бесжылдығы болып отыр. КПСС XXIII съезінің Директиваларында үстіміздегі бесжылдықта Орталық Қазақстанның өнеркәсіп орындарына Ертіс суын әкелу, Балқаш кен-металлургия заводының жаңа руда базасы — Саяқ кен ошағын игеру, Қарағанды металлургия заводын одан әрі ұлғайтып, Үлкен Жезқазғанның құрылысын салу атап көрсетілді. Съезд шешімінде бір облыстан осы сияқты төрт бірдей үлкен объектінің көрсетілуі Орталық Қазақстанның еңбекшілерін үлкен қуанышқа, мақтаныш сезіміне бөлейді.

Уақыт деген сыншы ғой, Уркарттың қателескенін уақыт, өмір қазір айқын көрсетіп отыр. Бұл күнде Орталық Қазақстанның кен байлықтарын игеру жөнінде Уркарт мырзаның қатты қателескенін біздің дұшпандарымыздың өздері де ашық мойындайды.

Көмірлі Қарағандының бүгінгі алып адымын көзге елестету үшін мына бір фактіні келтірсек те жеткілікті. Капиталистік қоғамның советтік дәуірге дейінгі алпыс жылда Қарағандыдан өндірген бүкіл көмірі бізде бір жылда өндіріледі. Бесжылдықтың өткен үш жылында Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері тек жоспардан тыс 2240 мың тонна көмір берді.

Совет өкіметі жылдарында Орталық Қазақстанның экономикалық бейнесі ғана емес, сонымен бірге мәдени бейнесі де танымастай болып өзгерген. Қазір Қарағанды облысында 250-ге жуық өнеркәсіп орны, төрт жоғары оқу орны, ондаған техникумдар мен училищелер, бірнеше ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді. Қарағанды әкімшілік ауданын қазір бір жарым миллиондай халық мекендейді. Мұнда 8 қала, 10 ауыл шаруашылық ауданы бар.

Орталық Қазақстанның бар бейнесін бір мақалада сипаттап беру тіпті де мүмкін емес. Біздің ниетіміз В. И. Лениннің жүз жылдығы қарсаңында ұлы адамның капиталистер концессиясына бермей қалған жерінде аз ғана жылдың ішінде қандай ғажайып өзгерістердің болғандығы жайлы қысқа ғана шолу жасау. Иә, Орталық Қазақстан аршынды қадаммен үздіксіз алға басып барады. Бұл өлкенің өмірі күн сайын қуанышты оқиғаларға толы. Осы мақала жазылып жатқан күндері мұнда әлем назар аударған тағы да бір таңғажайып қуанышты оқиға болды. Қарағанды жеріне ғажайып өнерлерімен бүкіл әлемді таң қалдырған тағы да бір топ космонавтар келіп қонды. Бұрын Андріан Николаев, Павел Попович, Валентина Терешкова, Георгий Береговойларды қарсы алған Қарағанды жұртшылығы бұл жолы Владимир Шаталов, Алексей Елисеев, Евгений Хруновтармен қуана қауышты.

— Қарағанды жері космонавтардың отаны сияқты, — деген Владимир Александрович Шаталовтың сөзі Орталық Қазақстан еңбекшілерінің жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатады.

Шынында да солай. Бір кездері «Балқаштан әрідегі қырғыз даласы» атанған өңір бұл күндері экономикасы мен мәдениеті шарықтап өскен өлке, космос қырандарын өз төсінен ұшырып, өз төсіне қондырып отыр.

С. ОСПАНОВ,



# В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы, Совет Одағының Коммунистік партиясын ұйымдастырушы, социалистік революцияның даңышпаны, Совет мемлекетінің негізін қалаушы, асқан ұлы ғалым, ал сонымен бірге адамның қарапайым, ең бір ақпейілі — адамзат Ленинді міне осылай деп біледі.

Бұл шағын кітапта Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, жарқын болашаққа — коммунизмге жетуі үшін барша халықтардың жолына жарық сәуле түсіретін оның мәңгілік ілімі қысқаша баяндалады.

## БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ МЕН ЖАСТЫҚ ШАҒЫ. РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТАЛУЫ

Владимир Ильич Ульянов (Ленин) 1870 жылы 10 (22) апрельде орыстың ұлы өзені Волганың жағасындағы Симбирск (қазіргі Ульяновск) қаласында туды. Владимир Ильичтің балалық және жастық шағы Симбирск, Қазан, Самара (қазіргі Куйбышев) қалаларында, Волганың шалқар алқабында өтті.

Лениннің әкесі, Илья Николаевич Ульянов, Астрахань қаласының кедей мешандарынан шыққан кісі. Илья Николаевич жоқшылықтың дәмін жастайынан-ақ татқан адам. Қажырлы еңбегі мен үздік қабілетінің арқасында ғана ол жоғары дәрежелі білім алған. Қазан университетін бітіріп шыққаннан кейін Илья Николаевич орта дәрежелі оқу орындарында мұғалім болып істеді, Симбирск губерниясының халық училищелерінің инспекторы, ал кейін директоры болып істеді. Бұл кісі халықты ағарту-оқыту үшін көп қызмет істеген, заманының алдыңғы қатарлы адамы еді.

Лениннің анасы, Мария Александровна, дәрігердің семьясынан шыққан. Мария Александровна үйде оқып білім алды, бірнеше шетел тілін білетін, көркем әдебиетпен жақсы таныс еді және музыканы өте сүйетін-ді. Мария Александровна өте жігерлі, мінезге берік, ұстамды адам еді. Ақылды, сабырлы, жайдары мінезді ол кісі өз өмірін бүтіндей семьяға, балаларын тәрбиелеп өсіруге бағыштады.

Ульяновтардың семьясында алты бала болды: Анна, Александр, Владимир, Ольга, Дмитрий, Мария. Ата-анасы оларға жан-жақты білім беруге, оларды еңбек сүйгіш, адал, кішіпейіл және халық мұқтажына ілтипатты етіп тәрбиелеуге тырысты. Ульяновтар балаларының бәрінің де революционер болып шыққаны кездейсоқ нәрсе емес.

Володя Ульяновтың балалық шағы тату-тәтті тұратын, үлкен семьяда өтті. Ол өзі еті тірі, жайдары, шат көңілді бала болып өсті, асыр салып, жүгіріп ойнайтын ойындарға әуес болды, суда жүзуді, алыс жерлерге жолдастарымен серуен жасауды, коньки тебуді ұнатты.



Володя бес жасында хат танып, тоғыз жасында Симбирск гимназиясының бірінші класына кірді. Зор ынта қойып оқыды, үздік зеректігімен, оқуға байсалды қарауымен ерекше көзге түсті. Володя кластан класқа көшкенде ылғи бірінші дәрежелі награда алып отырды. Жолдастарына бар ықыласымен көмектесіп, қиын сабақтарды оларға түсіндіріп беріп жүрді. Гимназияның соңғы кластарында оқып жүргенде ол шуаш жігіті Н. М. Охотниковтың кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсырып шығуына көмектесті.

Владимир Ульянов кітапты көп оқып, орыстың ұлы жазушылары А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың, Н. В. Гогольдің, И. С. Тургеневтің, Н. А. Некрасовтың, М. Е. Салтыков-Щедриннің, Л. Н. Толстойдың шығармаларын жақсы білді. Оның оқыған әдебиеттерінде революцияшыл демократтар В. Г. Белинскийдің, А. И. Герценнің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Д. И. Писаревтің шығармалары, соның ішінде олардың сол кезде тыйым салынған шығармалары да үлкен орын алды. Ол Н. Г. Чернышевскийдің «Не істеу керек?» деген романын қызыға оқыды. Кейінде Ленин Чернышевскийдің ірі ғалым ретіндегі, крепостниктік пен патша самодержавиесіне қарсы ымыраға келмес күрескер ретіндегі қызметін талай рет баса көрсеткен еді. Ленин айтқандай, Чернышевский тіпті аса қатаң цензура жағдайында да өз мақалалары арқылы нағыз революционерлерді тәрбиелей білді.

Жас Лениннің мінезі мен көзқарастары семьядағы тәрбиенің ықпалымен, озат орыс әдебиетінің, сонымен қатар айналадағы өмірді байқауының әсерімен қалыптасты. Россияда ол кезде капитализм тез дамып келе жатты, машиналы техникасы, мыңдаған жұмысшылары бар фабрикалар мен заводтар көбейді. Алайда крепостниктік құрылыстың әлі де көптеген қалдықтары сақталған еді. Капиталистік қанау крепостниктік езгімен ұштасып отырды, мұның өзі қала мен деревняда еңбекшілердің күйін мейлінше ауырлатып жіберді. Патша үкіметінің зорлық-зомбылығы, помещиктер мен капиталистердің езгісі, жұмысшылар мен шаруалардың қайыршылық күйі мен правосыздығы жас жігіттің езушілерге өшпенділігін, езілушілерге тілектестігін туғызды. Володяның революциялық ниеті оның гимназияның жоғарғы кластарының оқушысы болып жүрген кезінде-ақ байқалып еді. Бір жолы мұның жазған шығармасын қайтарып беріп жатып, гимназияның директоры: «Сіздің осында езілген таптар деп жазғаныңыз кімдер өзі, бұл жерде оның қандай қатысы бар?» деп ескерте айтқан еді.

Қажымас қайрат-жігері, жоғары моральдық қасиеті өзінің ерекше белгісі болған ағасы Александр Владимирге үлкен әсер етіп отырды. «Жанындай жақсы көретін ағасы Сашаның үлгісінің Володя үшін зор маңызы болды», — деп есіне түсірген еді Лениннің апасы Анна Ильинична Ульянова. — Бала кезінен-ақ ол барлық жағынан ағасындай болуға ұмтылатын-ды. Одан анадай я мынадай ретте қалай істер едің деп сұрағанда, ол әрқашанда: «Саша сияқты» істер едім деп жауап беретін. Александр Петербург университетінде оқыды, ірі ғалым бола алатын еді. Бірақ ол өмірінің негізгі мақсаты етіп халықтың тұрмысын жақсарту үшін патша самодержавиесіне қарсы революциялық күрес жүргізуді таңдаған болатын. Өзінің көзқарастары жағынан Александр Ульянов халық ерікшілдері көзқарасынан марксизмге өту жолында тұрған еді. Владимир маркстік әдебиет туралы тұңғыш рет ағасынан мағлұмат алды.

Жас шағының өзінде-ақ Володяның ауыр сындарды басынан кешіруіне тура келді. 1886 жылы әкесі кенет қайтыс болды. Семьясы бір қайғыдан есін жиып үлгірмей-ақ, жаңа қасіретке ұшырады. Александр III патшаны өлтіру әрекетіне қатысқаны үшін 1887 жылғы мартта Петербургте Александр Ульянов қамауға алынды. Сол жылғы май айында Александр Шлиссельбург қамалында өлтірілді. «Александр Ильич қас батырша қаза тапты, — деп жазды Анна Ильинична, — ал оның төгілген қаны ізін басқан інісі Владимирдің жолын алаулаған революция жалынымен нұрландырды».



Ағасының өлтірілгені Владимирді қатты қайғыртып, оның өз өмірін революциялық күреске арнамақ болған шешімін нығайта түсті. Ағасының ерлігі мен жанқиярлығына бас ие тұрса да, Володя ағасының таңдаған жолын қабылдамады. Жас Ульянов патша өкіметінің жеке өкілдерін және патшаның өзін өлтіру жолымен самодержавиеге қарсы жүргізілетін күресті қате және мақсатқа жеткізбейтін күрес деп есептеді. «Жоқ, біз бұл жолмен жүрмейміз. Жүретін жол бұл емес», — деген еді ол.

Сөйтіп Владимир Ульянов еңбекшілерді азат етудің басқа жолын іздестіре бастады. Өзін революциялық іске әзірлеп, жас жігіт әсіресе қоғамдық ғылымдарға көңіл қойды, оларды терең зерттеп білуге ұмтылды. Гимназияны алтын медальмен бітіріп, 1887 жылғы август айында ол Қазан университетінің заң факультетіне түсті.

Жас Ульянов университетте алдыңғы қатарлы, революциялық ниеттегі студенттермен байланыс жасады. Студенттердің жиынына белсене қатысқаны үшін ол 1887 жылғы декбардың басында университеттен шығарылып, қамауға алынды. Кейінде Владимир Ильич өзін түрмеге алып бара жатқан полиция приставымен екеуінің арасында мынадай әңгіме болғанын айтушы еді: «Жігітім-ау, неге бүлік шығарасыз, — деп тәлім айтады пристав, — алдыңда қамал тұр ғой!», «Қамал тұрғаны рас, бірақ шірік қамал, түртіп қалсаң құлағалы тұр!», — деп жауап қайтарыпты Ульянов.

Он жеті жасар жігіт шағында ол патша самодержавиесіне қарсы революциялық күрес жолына осылай түсті.

Владимир Ильич Қазан губерниясының Кокушкино деревнясына (қазір Ленино селосы) жер аударылды. Сол кезден бастап полиция оны бақылауға алды. Ол осы кішкене меңіреу деревняда тұрып, көп оқыды, өз бетінше білімін толықтыра берді. «Қазаннан деревняға жер ауғанымнан кейінгі жылғыдай өмірімде ешқашан да, тіпті Петербургтегі түрме мен Сибирьде де осыншама көп оқымаған шығармын деймін. Мұның өзі таңертеңнен түн ортасына дейін әбден салынып оқу болып еді», — деп есіне түсірді кейінде ол.

Бір жылдан кейін оның Қазанға қайтуына рұқсат етілді. Владимир Ильич қайтадан университетке кіруге әрекеттенді, бұдан әрі оқу үшін шетелге кетуге рұқсат сұрады. Бірақ патшалық өкімет орындары оның өтініштерін қанағаттандырудан бас тартты — олар Ульяновты «сенімсіз адамдар» тізіміне алды.

Ол кезде Қазанда бірнеше құпия (асыртын) революциялық үйірме болды. Бұл үйірмелерді орыстың алғашқы революционер-марксистерінің бірі Н. Е. Федосеев ұйымдастырған болатын. Владимир Ильич осы үйірмелерге қатысушылармен танысып, сол үйірмелердің біріне кірді.

Владимир Ульянов революциялық ілім — марксизмді терең оқып үйрене бастады, бұл ілім соның негізін салушы Карл Маркстің есімімен осылай аталған болатын. Маркс және оның досы Фридрих Энгельс бар өмірін жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерді капитал өктемдігінен азат ету ісіне арнаған еді. Олар ХІХ ғасырдың орта шенінде қоғам дамуының заңдары туралы ғылымды жасап, сол қоғамды революция арқылы өзгертудің жолдарын көрсетіп берді.

Пролетариаттың ұлы ұстаздары капиталистер еңбекшілердің есебінен байи беретін қоғамдық құрылыстың мәңгі жасай бермейтінін ғылыми жолмен дәлелдеді. Адамзатты капиталистік езгіден құтқару үшін буржуазияның өкіметін құлатып, социалистік жаңа қоғам орната алатын күш керек. Мұндай күш — пролетариат, жалдама жұмысшылар табы. Пролетариат — буржуазиялық қоғамның ең езілген, ең ұйымдасқан және ең революцияшыл табы. Кейініректе марксизмнің мәнін түсіндіре келіп, Ленин былай деп жазды: «Маркс пен Энгельстің сіңірген бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлы еңбегінің мәні мынада — олар барлық елдердің пролетарларына өздерінің ролін, өздерінің міндетін, өздерінің атқаратын ісін: капиталға қарсы



революциялық күреске бірінші болып аттанулары керек екенін, бұл күресте барлық еңбекшілер мен қаналушыларды өз төңірегіне біріктірулері керек екенін көрсетіп берді».

Маркс пен Энгельс пролетариат пен капиталистердің арасындағы күрес сайып келгенде социалистік революцияға жеткізеді, жұмысшы табы капиталистердің өкіметін құлатып, еңбекші халықтың мүдделері үшін пролетариат диктатурасын орнатады, яғни өз өкіметін орнатады деп үйретті.

Пролетариат диктатурасы туралы мәселе — марксизм іліміндегі басты мәселе. Жұмысшыларға пролетариат диктатурасы қанаушы таптардың — капиталистер мен помещиктердің — қарсылығын басып-жаныштау үшін, шаруаларды өз соңынан ертіп, социалистік жаңа қоғам орнату үшін керек. Ал осы тарихи міндетті жүзеге асыру үшін ғылыми теорияны басшылыққа ала отырып, көздейтін мақсатын жұмысшы табына дұрыс көрсетіп беретін және оның социализм жолындағы күресін бастайтын пролетариаттың өзінің революцияшыл партиясы болуы керек.

Марксизмді орыс революционерлері де оқып үйрене бастады. Олардың ішінде Россияда марксизмнің аса көрнекті тұңғыш насихаттаушысы Г. В. Плеханов болды. Патша өкіметінің қудалауынан шетелде жасырынуға мәжбүр болған Плеханов пен оның жолдастары 1883 жылы Женевада (Швейцария) орыстың тұңғыш маркстік тобын, «Еңбекті азат ету» тобын ұйымдастырды. Бұл топқа қатысушылар Маркс пен Энгельстің кітаптарын орыс тіліне аударып, оларды Россияға астыртын жіберіп отырды. 80-ші жылдары Россияда маркстік үйірмелер мен топтар пайда болды.

Жас Ульянов нақ осы марксизмді идеялық қару деп білді, бұл қаруды игерген Россия пролетариаты өзін азат ете алады және социалистік құрылыстың жеңісіне жете алады деп тапты. Ол К. Маркстің басты еңбегі «Капиталды» терең оқып үйренеді. Ленин маған, деп есіне түсіруші еді кейін Анна Ильинична, «Маркс теориясының негіздері туралы және осы теорияның ашқан жаңа өрістері туралы қызу жігермен құштарлана әңгіме етуші еді... Онан тасыған сенімнің лебі есіп, бұл сенім өзімен әңгімелесіп отырған кісілерге де берілетін. Ол сол кездің өзінде-ақ өзінің сөзімен адамды сендіріп, тарта да білетін еді». В. Ульянов кәміл сенген марксист және ғылыми социализмнің ұлы идеяларын жалынды насихаттаушы бола бастады.

1889 жылдың май айында Владимир Ильич семьясымен Қазаннан Самара губерниясына көшіп барып, онда төрт жарым жыл тұрды. Жаз айларында бұл семья Алакаевка деревнясына жақын жердегі хуторда тұратын, күзде Самараға көшіп баратын. Бұл оның барынша қажырлы жұмыс істеп, оқу оқыған жылдары болды. Владимир Ильич Маркс пен Энгельстің шығармаларын барынша күш салып оқып, үйрене берді. Олардың көпшілігі орыс тіліне аударылмағандықтан, Ленин шет тілдерді әсіресе неміс тілін үйренумен шұғылданды. Сол жылдары ол Маркс пен Энгельстің ең маңызды программалық еңбектерінің бірі «Коммунистік партияның манифесін» немісшеден орыс тіліне аударды. Бұл аударманың қолжазбасы революцияшыл жастардың үйірмелерінде оқылды. Ленин өзіне тән жігермен, жалынды берік сеніммен маркстік ілімді насихаттау ісін мұнда да өрістетте түсті.

Лениннің Самараға келген кезінде революциялық пікірдегі жастар, көбінесе оқушы жастар революциялық қозғалыста әлі де болса өктем болып отырған халықшылдардың ықпалында еді. Ал енді халықшылдардың көзқарастары қандай еді? Олар Россияның дамуын қалай түсінді, патша өкіметімен қалай күресті?

Халықшылдар Россияда капитализм дамымайды және ол өзінше бір ерекше, басқа елдердегіден өзгеше жолмен жүреді деп соқты. Олар жұмысшы табының тарихи ролін мойындамады, негізгі революцияшыл күш шаруалар деп есептеді, оларды самодержавиеге қарсы күреске көтермек



болды. Осы мақсатпен революцияшыл интеллигенция деревняға, сол кезде айтылып жүргендей, «халық ішіне» барды. Халықшылдар деген атақ осыдан келіп шықты. Бірақ шаруалар халықшылдардың уағызына сенбеді.

Халықшылдар патша самодержавиесіне қарсы күресте террорға үлкен орын беріп, патша өкіметінің жеке өкілдерін өлтіру арқылы самодержавиені қорқытып, оның саясатын өзгерттірітеміз деп дәмеленді. Сөйтіп олар патша өкіметін құлата алатын халық емес, жеке адамдар деп ойлады. Бірақ бұл қатты адасқандық еді. Патшаның көрнекті чиновниктерін, тіпті патшаның өзін өлтіру де сол кездегі тәртіпті өзгерте алмады. Патшалық құрылыс қала берді. Өлтірілген министрлердің орнына жаңа министрлер, патшаның дәл сондай шын берілген малайлары тағайындалып отырды, ал халықшылдарды аяусыз жазалады — оларды түрмеге отырғызды, дарға асты, каторғаға айдады. Халықшылдардың ерлігі мен жанқиярлығы олардың революционерлер деген даңқын шығарды, интеллигенция мен алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арасында олардың ықпалының өсуіне себепкер болды. Ленин 70-ші жылдардың революцияшыл халықшылдарын олардың революциялық тәжірибесі, ерлігі мен шыныққандығы үшін қатты қадірледі, ал сонымен бірге олардың қате көзқарастары мен іс-қимылдарын сынға алды.

Ол Самарада тұңғыш рет жұрт алдында халықшылдарға қарсы шықты. Қызу таластар мен әңгімелерде Ленин халықшылдар теориясының негізсіздігін және ол теорияның өмір шындығына қайшы келетіндігін дәлелдеп берді.

«Халық еркі» деген астыртын ұйым талқандалғаннан кейін халықшылдардың көпшілігі революциялық күрестен бас тартты. Олар самодержавиені ымыраға келуді уағыздай бастады. Патша өкіметіне қарсы күрескен бұрынғы революцияшыл халықшылдардан өзгеше, 90-жылдардағы халықшылдардың самодержавиеге қарсы шықпағаны былай тұрсын, қайта олар самодержавиеге жағымпазданып отырды. Мұндай халықшылдарды жұрт либералдық халықшылдар деп атай бастады. Сондықтан да Ленин әрі көзқарастарында, әрі өздерінің іс-әрекеттерінде қандай да болсын революцияшылдығынан айрылған осы либералдық халықшылдарға қарсы батыл күрес жүргізді.

Владимир Ильич өзінің білімін толықтыру үшін қажырлы жұмыс істеді. Жаз айларында ол Алакаевқада скамейка мен стол қойылған қалың жеке ағашты аллеяның көлеңкелі бір түкпірінен өзіне орын сайлап алатынды. «Ол кітаптарын құшақтап, өзін бір қатал мұғалім күтіп тұрғандай-ақ, дәл ертеңгі шайдың артында сонда кететін де, түскі тамаққа дейінгі уақытының бәрін сол жерде жападан-жалғыз өткізетін», — деп есіне түсіруші еді Анна Ильинична. Жас Ульянов оқу оқумен бірге жақсылап дем ала да білетін: гимнастика жасайтын, серуендейтін, музыкамен айналысып, өлең айтып, шахмат ойнайтын. Қалжыңдасып, күліп отырғанды қатты ұнататын, өзінің жастық жалынды, жайдары мінезімен бар жұртты еліктіріп әкететін.

Бір жарым жылдың ішінде Владимир Ильич университеттің бүкіл төрт жылдық программасын өз бетімен оқып біліп шықты. Ол 1891 жылы Петербург университетінің жанындағы заң факультетінің емтихандарын үздік тапсырып, бірінші дәрежелі диплом алды. 1892 жылдан бастап Владимир Ильич Самараның округтық сотында сотталушыларды қорғаушы болып іске қатыса бастады. Бірақ бұл қызмет Лениннің өзі түгелдей берілген революциялық ісіне бүркеніш қана болды.

1892 жылы Самарада Ленин тұңғыш маркстік үйірме ұйымдастырды, бұл үйірменің мүшелері Маркс пен Энгельстің шығармаларын оқып үйреніп, марксизмді белсене насихаттады. Үйірмеде революциялық пікірдегі жас адамдар: А. П. Скляренко, И. Х. Лалаянц, М. И. Семенов, И. А. Кузнецов, М. И. Лебедева және басқалар болды. Сол кездің өзінде-ақ Ленин өзінің терең білімділігімен, кәміл сенімімен, өзіне жақтастар тарта білетіндігімен өз пікірлестерін таң қалдырушы еді. Үйірмеге қатысушылардың бірі



И. Х. Лалаянц былай деп еске түсіреді: «Бір жағынан, кіші пейілділік, ілтипаттылық, шат көңілділік пен албырттық, екінші жағынан, байсалдылық, асқан білімділік, дес бермес дәйекті логика күші, ақыл-ой және топшылап тую сарабының мінсіз нақтылығы мен айқындығы — осы қасиеттердің бәрі де 23 жастағы осы адамның бойында тамаша үйлескен еді».

Құпиялық сақтау мақсатымен, үйірмеге қатысушыларды ойландырып жүрген мәселелерді талқылау үшін Ленин жолдастарымен қайыққа мініп алып, Волганы бойлап жиі-жиі саяхат жасайтын. Көп жыл өткеннен кейін ол мұның үстіне тамаша дем алыс болатын осы қызықты саяхаттарын сондай сүйсініп есіне алушы еді.

Лениннің қызметі Самараның шеңберінде ғана қалып қойған жоқ, ол Поволжьенің бірсыпыра қалаларының: Қазанның, Саратовтың, Сызраньның және басқа қалаларының марксистерімен байланыс орнатты.

Лениннің бұдан былайғы істері үшін Самарада тұрған жылдарының зор маңызы болды. Бұл дәуір революциялық күрестің кең жолына шығуға күш жинау дәуірі болды. Оның маркстік, коммунистік сенімдері осы жерде біржолата туып, қалыптасты. Ленин Маркс пен Энгельстің ұлы ісін, ілімін ілгері апарушы болып шықты. Бірақ провинциялық Самара Лениннің революциялық жұмысына аздық қылды. Ол пролетариат бұқарасы көп шоғырланған, революциялық күресті өрістетуге жүргізуге үлкен мүмкіндік бар өнеркәсіпті ірі орталыққа қарай ұмтылды. 1893 жылғы августа Ленин Петербургке ауысты.

## РОССИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ КӨСЕМІ

Петербург ол кезде Россияның астанасы, елдің жұмысшы қозғалысының ең ірі орталықтарының бірі болды. Онда алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арасында Маркс пен Энгельстің ілімін насихаттаушы астыртын үйірмелер бар еді. Владимир Ильич осындай үйірмелердің біріне енді. «Міне сөйтіп біздің солтүстік алқабымызда, — деп еске түсірді партияның қарт мүшесі Г. М. Кржижановский, — Маркстің кемеңгер ойы шыңдан шығарған қарудың құдіретті күшін жете түсінетін ғажап адам пайда болды. Марксист дегеніміз — ең алдымен революционер деп санады ол».

Ленин орасан зор жігермен, құштарлықпен революциялық жұмысқа кірісті. Марксизмді терең білуі, оны орыс жағдайларына қолдана білуі, жұмысшы ісінің жеңілмейтіндігіне кәміл сенуі және тамаша ұйымдастырушылық қабілеті Ленинді Петербург марксистерінің жұрт таныған жетекшісі етті.

Лениннің Петербургтегі жұмысы жаппай жұмысшы қозғалысының басталуымен орайласып келді. ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарында Россияда өнеркәсіп өрледі: жаңа фабрикалар мен заводтар пайда болды, жұмысшы табы тез өсіп, капиталистерге қарсы барған сайын батыл күреске көтерілді. Пролетариат өзінің тарихи ролін орындап шығуы үшін оған дербес революцияшыл жұмысшы партиясы керек болды. Ленин Петербург марксистерінің алдына осындай партияны құру міндетін қойды.

Марксизмнің орнығуы мен жұмысшы партиясының ұйымдастырылуы жолындағы негізгі кедергі либералдық халықшылдар болды.

Петербургте Ленин либералдық халықшылдарға қарсы күрес жүргіз берді, бұлар өздерінің кітаптары мен журналдарында өздерін халық достарымыз деп жариялап, марксизмге жанталаса шабуыл жасады. 1894 жылдың жазында Владимир Ильич ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабын жазды. Ол мұнда халықшылдардың теориялық көзқарастарын жан-жақты сынға алып, бұл көзқарастардың қателігі мен зияндылығын дәлелдеп берді. Ленин халықшылдар революцияшыл халықшылдардан либералдық халықшылдарға айналып кетті: енді халықшылдар ұсақ реформалар программасын ұсынып, патша өкіметіне қарсы революциялық күрес жүргізуден мүлде бас тартты



деп көрсетті. Ленин либералдық халықшылдарды халықтың жалған достары, іс жүзінде кулактардың мүддесін жоқтаушылар деп әшкереледі. Ал еңбекшілердің шын өкілдері мен қорғаушылары халықшылдар емес, революцияшыл марксистер деп жазды Ленин. Өзінің кітабында Ленин маркстік ілімді қорғап, түсіндірді, Россияны революциялық жолмен қайта құру үшін оның қаншалықты маңызы барлығын жан-жақты көрсетіп берді. Ол орыс марксистерінің ішінде бірінші болып Россия жұмысшы табының тарихи ролін қоғамның жетекші, алдыңғы қатарлы революцияшыл күші деп терең сыпаттап берді. Ленин: жұмысшы табы ғана барлық еңбекшілердің бастаушысы бола алады, самодержавиені, капитализмді құлату ісіне оларды көтеріп, өзінің жұмысшы өкіметін орната алады деп көрсетті.

Владимир Ильич жұмысшы табының шаруалармен одақ жасауы жөніндегі ұлы идеяны бірінші болып алға қойды, мұндай одақ болмайынша патша өкіметін, помещиктерді, буржуазияны құлату, жұмысшы табының өкіметін орнату және коммунистік жаңа қоғам орнату мүмкін емес деді. Осы идеяны ол өмір бойына қорғап, дамытып отырды, бірсыпыра жылдар бойы осы идеяны жүзеге асыру үшін қажымай-талмай күрес жүргізді. Маркстік жеке үйірмелерді жұмысшы қозғалысына басшылық етуге тиісті біртұтас революцияшыл партия етіп біріктіру қажеттігін Ленин қайта-қайта түсіндіріп отырды.

«Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабы азғана дана болып жасырын түрде басылып таратылды. Бірақ оның маңызы зор болды. Бұл кітап халықшылдыққа қарсы күресте аса көрнекті роль атқарып, орыс революционерлеріне, жұмысшы табына күрес пен жеңістің бірден-бір дұрыс жолын көрсетіп берді. «...Бұл кітап шыққаннан кейін Владимир Ильич марксистер арасында бұрынғыдан да белгілі адам, жұрт таныған беделді кісі болып алды, — деп жазды революциялық қозғалысқа қатысушы С. И. Мицкевич өзінің естеліктерінде. — Орыстар арасындағы жас маркстік бағыт Владимир Ильич кейпінде дарқан саяси және теориялық күшке ие болғанын түсінді».

Лениннің тек халықшылдармен ғана емес, сонымен қатар «жария марксистер» деп аталатындармен де қажырлы күрес жүргізуіне тура келді. Бұлар жария, яғни патша үкіметі рұқсат еткен баспасөз органдарында марксизм туралы жазып жүрген буржуазиялық интеллигенттер еді. Марксизмді буржуазияның мүдделеріне бейімдеуге тырысып, олар капиталистік тәртіптерге қарсы революциялық күрес жүргізуден бастартты, марксизмнің революциялық мазмұнын — тап күресі, социалистік революция мен пролетариат диктатурасы туралы ілімді қабылдамады. Бірақ «жария марксистер» халықшылдарға қарсы шыққандықтан, Ленин олармен уақытша келісім жасауға болады деп есептеді. Ал мұнымен бірге Ленин марксизмнің осы бүркемеленген жауларының көзқарастарын қатты сынға алды, олардың либералдық-буржуазиялық мәнін әйгілеп ашып берді.

Ленин революцияшыл маркстік партияны құру жұмысын қызу қолға алды. Ол ең ірі заводтардың озат жұмысшыларымен: В. А. Шелгуновпен (Балтық кеме жасау заводы), И. В. Бабушкинмен (Нева кеме жасау және механика заводы), Н. Е. Меркуловпен (Александровский механика заводы) және басқа да көптеген жұмысшылармен байланыс жасады. Бұлар орыс жұмысшы табының Лениннің басшылығымен партияны ұйымдастырған тамаша өкілдері еді. Ленин жұмысшылардың ішінен революционерлер кадрын, пролетарлық партияның ұйымдастырушыларын мәпелеп, баулып өсіріп отырды.

Ленин Нева заставасының сыртындағы, Петербург және Выборг жақтарындағы жұмысшы үйірмелеріне басшылық етті. Үйірмелердің сабақтары жұмысшы пәтерлерінде өтіп жүрді. Мысалы, Семьянников заводы жұмысшыларының үйірмесі И. В. Бабушкиннің үйіне жиналушы еді; кейін ол орыс жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері болып өсіп жетілді, ал Ленин оны партияның мақтанышы, халық батыры деп атады. «Патша



самодержавиесінен жеңіп алынған нәрсенің бәрі де Бабушкин сияқты адамдар басшылық еткен бұқараның күресі арқылы ғана, тек қана сол арқылы жеңіп алынды», — деп жазды Ленин.

Владимир Ильич Маркс ілімінің ең қиын мәселелерін оп-оңай, түсінікті тілмен ұғындыра білген. Ленин маркстік ілімді жұмысшыларға айқын да түсінікті етіп баяндауға тырысатын, оны елдің күнделікті өмірлік мәселелерімен және еңбекші бұқараның мұң-мұқтажымен байланыстырып отыратын.

Ленин басқарған үйірмеде болатын сабақтарды есіне түсіріп, Бабушкин: — «Біздің лекцияларымыз өте қызу, қызықты өтуші еді... Бұл лекцияларға бәріміз де қатты ырза боп, лекторымыздың ақылына үнемі таңтамаша қалатынбыз» дейді.


1894 жылы Владимир Ильич Нева заставасының сыртындағы жұмысшы жастардың кешкі жексенбілік мектебінде мұғалім болып істеген Надежда Константиновна Крупскаямен танысты. Екеуіне де ортақ іс Владимир Ильич пен Надежда Константиновнаны дос етті. Надежда Константиновнаның көп шәкірті Ленин басқарған үйірмелерде болды.

Жұмысшылар Владимир Ильичті жанындай жақсы көрді. Ленин олардың байыпты да ілтипатшыл, ең жақын адамы болды. Бұл кісінің сабағына қатысушылардың саны бірден-бірге көбейе берді. Ленин жұмысшылардың өмірі мен еңбек жағдайларын құнттап зерттеп отырды, оларды ойландырған мәселелердің бәрін де терең ұғына білді. Н. К. Крупская өзінің естеліктерінде былай дейді: «Владимир Ильич жұмысшылардың тұрмысын, өмірін суреттейтін әрбір ұсақ нәрсеге дейін сұрастыратын еді, әрбір жеке жақтарын алып, жұмысшының тұтас өмірін қамтуға тырысатын еді, жұмысшыға қай жағынан жақсылап революциялық насихат жүргізу үшін пайдалануға болатын нәрсені табуға тырысатын еді». Ол марксизмді өмірде қалай қолдану керек екенін, капиталистер мен патша самодержавиесіне қарсы қандай құралдармен күресу керек екенін түсінікті мысалдар арқылы көрсетіп отырушы еді.

Петербургте, байырғы пролетарлар арасында, Ленин жұмысшы табының жетекшісі, оның ұйымдастырушысы және көсемі болып өсіп шықты.

Петербург марксистері насихат жұмысын шағын үйірмелерде жүргізді. Марксизмді алдыңғы қатарлы жұмысшылардың азғана тобының арасында насихаттаудан қалың бұқара ішінде үгіт жүргізуге көшу міндетін бірінші рет қойған Ленин болды. Бұл істе Ленин жазған кітапшалар мен үндеу хаттар үлкен роль атқарды. «Мен жұмысшылар үшін жазу мүмкіндігінен басқа оншалық ешнәрсе тілемеген де, соншалық көп арман етпеген де болар едім», — деген Владимир Ильич. Оның түсінікті етіп, оңай тілмен жазған кітапшалары мен үндеу хаттары білім дәрежесі өте төмен деген оқушының өзіне түсінікті болушы еді. Бұларда Ленин жұмысшылардың правосыз күйін, оларды капиталистердің аяусыз қанайтындығын, еңбекші бұқараның қайыршылығы мен езілгендігін көрсетіп, өзін азат ету жолындағы жұмысшы табы күресінің жолдарын түсіндіріп отырды. Неғұрлым түсінікті жазу үшін Ленин көркем әдебиетті жиі қолданады. Мысалы, «Фабрикалық жаңа заң» деген кітапшасында ол И. А. Крыловтың «Аң аулаған арыстан» атты әйгілі мысалын келтіреді. Мерзімнен тыс жұмыс туралы жаңа ережелер, деп жазды Владимир Ильич, арыстанның аңнап түсіріп қайтқан олжаны өз жолдастары арасында қалай бөліскенін еске түсіреді: «олжаның бірінші бөлегін правосы бойынша өзі алады; екінші бөлегін аңдардың патшасы болғандығы үшін алады; үшіншісін — барлығынан да күшті болғаны үшін алады; ал төртіншісіне тырнағын созған аңтірі қалмайды». Міне капиталистер нақ осылай әрекет жасап, жұмысшыларды аяусыз қанап, тонауда. Бұл үгіт кең көлемдегі стачкалық қозғалыстың өрістей түсуіне себепші болды.

«Еңбекті азат ету» тобымен байланыс жасап, батыс еуропалық жұ-





мысшы қозғалысымен танысу үшін, Петербург марксистерінің тапсыруы бойынша Ленин 1895 жылдың көктемінде шетелге жүріп кетті.

Швейцарияда Владимир Ильич «Еңбекті азат ету» тобының мүшелері Г. В. Плехановпен және П. Б. Аксельродпен кездесті де, олармен «Работник» («Қызметкер») деген атпен мақалалар жинағын бірлесіп шығару туралы келісті. Плеханов өзіне Лениннің күшті әсер еткені туралы жазған еді. Өзінің бір хатында Плеханов: шетелде көп жылдар болғанымда менде Россиядан келген көп адамдар болған еді, бірақ жас Ульяновтай басқа ешкімге де, сірә, соншалық зор үміт артпаспын, деп жазған екен. Плеханов Лениннің ақылдылығын, қажыр-қайратын және революция жеңісіне деген кәміл сенімін ұнатушы еді.

Швейцариядан Ленин Париж бен Берлинге жүріп кетеді. Онда Ленин француз және неміс жұмысшыларының жиналыстарына қатысты, олардың өмірі мен тұрмысын зерттеді. Парижде ол революциялық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Маркстің күйеу баласы Поль Лафаргпен танысты. Владимир Ильич халықаралық пролетариаттың ұлы ұстазы және көсемі Фридрих Энгельспен кездесуге өте ынтық еді, бірақ ол кісі бұл кезде қатты науқас болатын, сондықтан кездесудің сәті түспеді.

Шетелден қайтып келгеннен кейін Ленин Петербургке соқпастан Вильнода, Москвада және Орехово-Зуевода болды, мұнда жергілікті социал-демократтармен (ол кезде марксист-революционерлер осылай аталатын) байланыс жасады. Ленин Россияға жасырын түрде, қос түпті чемоданға салып марксизм жөніндегі әдебиеттер ала келді, бұлар Петербургте және басқа қалаларда таратылды.

1895 жылғы сентябрьдің басында Ленин Петербургке қайтып оралды. Сөйтіп революциялық жұмысқа бұрынғыдан да зор жігермен кірісті, жұмысшылармен жиі-жиі жиналыс, әңгіме өткізіп отырды. Керек десе полицияның күшті бақылауы да оған бөгет жасай алмады. Ол патша охранкасының бақылауынан жалтарып кете білді, өзін қадағалап бағып жүрген полиция тыңшыларын шебер алдап кететін, қамауға алынып қалмау үшін пәтерін қайта-қайта ауыстырып отырды.

1895 жылдың күзінде Ленин Петербургтің маркстік үйірмелерін біртұтас саяси ұйым етіп біріктірді: кейін ол «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп аталды. «Күрес одағына» В. И. Ленин бастаған орталық топ басшылық етті. Ұйымға кіргендер: А. А. Ванев, П. К. Запорожец, Г. М. Кржижановский, Н. К. Крупская, Л. Мартов, А. Н. Потресов, С. И. Радченко, В. В. Старков және басқалары.

«Күрес одағының» негізі фабрикалар мен заводтардағы жұмысшы үйірмелері болды, бұларға аудандық комитеттердің қызметін атқарған аудандық топтар басшылық етіп отырды. Ленин «Одақтың» мүшелерін қатаң тәртіптілік, жоғары тұрған орталыққа бағыну және оның директиваларын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеп отырды. Ұйымның барлық буындарының есеп беріп отыру тәртібі белгіленді.

«Күрес одағы» Россиядағы революцияшылар маркстік партияның тұңғыш ұрығы болды, оның тарихи ұлы маңызы міне осында. Ол жұмысшы қозғалысына сүйенді және пролетариаттың тап күресіне басшылық етті. «Күрес одағы» Россияда тұңғыш рет ғылыми социализм идеяларын жұмысшы қозғалысымен ұштастыра бастады.

90-шы жылдардың ортасына дейін Россиядағы маркстік жеке үйірмелердің жұмысшы қозғалысымен байланысы нашар еді. Олар бұқара арасында саяси жұмыс жүргізбей, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың арасында ғана марксизмді насихаттаумен шұғылданды. Лениннің «Күрес одағы» бұқаралық саяси үгітті өрістетіп, стачкалық күреске басшылық ете бастады. Бұл одақ жұмысшылардың революциялық сана-сезімін көтерген үндеу хаттар шығарып отырды. Аз уақыттың ішінде «Күрес одағы» ондаған үндеу хат басып шығарды, онда фабриканттардың зорлық-зомбылығы әшкереленіп отырды, өз мүдделері үшін жұмысшылардың қалай күресуі



керек екендігі, капиталистер мен патша үкіметіне қандай талаптар қою керек екендігі түсіндіріліп отырды.

1896 жылдың жазында «Күрес одағының» басшылығымен Петербург тоқымашыларының атақты стачкасы болды, бұған 30 мыңнан аса жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер қатысты. Стачка Петербург социал-демократтарының беделін көтерді. Атап айтқанда солардың басшылығы арқасында бұл стачка кең таралып, зор саяси маңыз алды. «Күрес одағының» ықпалы Петербургтен тысқары алыс жерлерге де тарады. Осы одақтың бастауы және үлгісі бойынша Москвада, Киевте, Владимирде, Ярославльде, Иваново-Вознесенскіде, Россияның басқа да қалалары мен губернияларында жұмысшы үйірмелері социал-демократиялық одақтар мен топтарға бірікті. «Күрес одағының» жұмысы бүкіл Россияда революциялық қозғалыстың өрістеуіне демеу болды, сөйтіп, елімізде жұмысшы табының маркстік партиясын құру ісін жеңілдетті.

Патша үкіметі «Одақтың» іс-әрекетін бақылай жүріп, оған қатты соққы берді. 1895 жылғы декабрьдің басында оның Ленин бастаған бірсыпыра қайраткерлері қамауға алынды. «Күрес одағының» мүшелері дайындаған «Рабочее Дело» газетінің бірінші номерін де полиция қолына түсіріп алған еді. Орыс социал-демократтарының құпия жұмысшы газетін ұйымдастырмақ болған әрекеті осылай аяқталды.

Владимир Ильич Петербург түрмесіне қамалды. Ол жеке камерада 14 айдан астам отырды, бірақ түрменің темір құрсауында жатып та революциялық жұмысын тоқтатпады ол. Ленин «Күрес одағына» басшылық етудің жолы мен әдісін тауып отырды, қамалмай қалған жолдастарымен байланыс жасады, хаттар, үндеу хаттар және кітапшалар жазып, оларды сырттағыларға жіберіп отырды. Ленин түрмеде отырып маркстік партия программасының бірінші жобасын және оған өзінің түсіндірмесін жазды.

Революциялық документтерді Ленин кітаптар мен журналдардың жол арасына сүтпен жазды. Жазылған әріптер көрінбейтін, бірақ қағазды қыздырғанда әріптер әбден ап-айқын боп шыға келетін. Революционерлер жиі-жиі осындай әдіспен хат жазысатын. Ленин наннан кішкентай «сия сауыттар» жасайтын да, бұларға сүт құйып қоятын, надзиратель келе қалса, бұларды жалмажан жұта салатын. Владимир Ильич өзінің бір хатында қалжыңдап «бүгін алты сия сауытын жеп қойдым» деп хабарлаған еді.

Ленин түрмеде жатқан жолдастарымен де қызу хат жазысып тұрды, бұл үшін түрме кітапханасының кітаптарын пайдаланып, сөз құрауға қажетті әріптерді нүктемен белгіледі. Владимир Ильичтің хаттарынан көңіл сергектігі, жұмысшы табының жеңісіне кәміл сенетіні айқын білініп тұрушы еді. Жолдастарына деген қамқорлық оның сыртқа шығарған әрбір хатынан көрініп отырды. Ол үнемі: біресе біреуге жылы киімдер тауып беріңдер деп, біресе түрмеде ешкім келмейтін жалғыз басты жолдасқа келіп тұру үшін «қалыңдық» іздестіріңдер деп тапсырма беріп отыратын-ды.

Түрмеде Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген үлкен еңбегін жаза бастады. Материал жинау үшін Владимир Ильич жүздеген кітаптар мен журналдарды оқып танысты. Туғандарына жазған хаттарында жұмыс істеуіне керекті кітаптардың тізімін жіберіп отырды. Бұл кітаптарды түрмеге апасы Анна Ильинична жеткізіп беріп тұрды.

Ленин өзі үшін қатаң тәртіп белгіледі. Әрбір күні дамылсыз жұмыс үстінде өтіп жатты да, жатар алдында үзбей гимнастика жасап жүрді. Кейініректе Владимир Ильич осы жайларды есіне түсіріп: «Гимнастикадан кейін бойың жадырайды, тіпті қатты суықтарда камера мүлде суып кеткенде де жылынып, гимнастикадан кейін соншалық жақсы ұйықтайсың» дейді. Ол өзін идеялық жағынан ғана емес, дене күші жағынан да болашақ күреске шынықтырды.

Лениннің Петербургте жүргізген жұмысы марксизмнің дамуында, Россияның жұмысшы қозғалысында жаңа, лениндік кезеңнің бастамасы болды.



# ИЛЬИЧТИҢ АЯУЛЫ ДОСЫ, АБЗАЛ СЕРІГІ

(Н. К. Крупскаяның туғанына 100 жыл толуына)

Надежда Константиновна Крупская — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Оның қайнаған революциялық қызметінің әр қадамы, әр сәті Владимир Ильич Лениннің ерлік өмірімен тығыз байланысты болды. Надежда Константиновнаның қажымас қайраты, оның ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбегі мен ұйымдастырушылық дарыны ұлы Лениннің теориялық, саяси және практикалық алып қызметімен біте қайнасып, бір арнаға құйылды — Ильичтің асыл мұраттарын жүзеге асыруға бағытталды. Ленинмен бірге ол өзінің бар өмірін революциялық күреске, Россияда социализм орнату ісіне бағыштады.

В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның қол ұстасып жүргізген күресі мен өмірі революциялық қозғалыстың алғашқы кезеңінде-ақ олардың соңына ерген серіктері үшін өшпес үлгі-өнеге болды.

«В. И. Лениннің революциялық қызметіне тығыз араласып жүрген біздің бәріміз, — деп жазды өзінің естеліктерінде Ильичтің серіктерінің бірі Ф. В. Ленгник, — оның өмірлік хатшысы және жауынгер серігі Н. К. Крупскаяны жанымыздай жақсы көрдік. Тауқыметі мол революция ісіне ол ерекше бір жылылық, сергектік те оптимистік рен беруші еді, сондықтан да ол біздің үзегілес жолдасымыз ғана емес, сонымен бірге ешқашан мойымайтын және революциялық жұмысымыздың ең бір қиынқыстау шағының өзінде ақыл-кеңес бере білетін сүйікті де қымбатты досымыз еді. Сол себепті оның жалықпастан жазып, хаттын құпия бөлегін бірнеше сағат бойы ерінбестен шифрлап, ұлан-байтақ Россияның шар тарабына жөнелтіп жатқан сансыз хаттарының қай-қайсысында болсын белгілі бір жерде және нақтылы жағдайда В. И. Ленин қажетті де маңызды деп тапқан істің бір түйіні барлығына біз кәміл сенетін едік.

...Осындай хат жазу сияқты мейнаты көп жұмыспен бірге Надежда Константиновна В. И. Ленин басқаратын үш газет пен журнал редакцияларының секретары қызметін атқарды. Сөйтіп, осы газеттер мен журналдардың өзі оны және В. И. Ленинді бізге жақындата түсетін-ді».

Н. К. Крупская партия съездерінің көпшілігіне қатысты. Солардың бірін — IV съезді (Стокгольм) еске түсіре келіп, оның делегаттарының бірі Н. Н. Нокоряков былай деп жазды: Н. К. Крупская съезге әзірліктің ұйытқысы болды. Ол күн ілгері жасырын жүйе бойынша көптеген хат жазып жіберді... Съезд ашылуға бірнеше апта қалғанда Надежда Константиновна келген делегаттарды Петербургтегі политехникалық институтта қарсы алып, оларды саяси жағдаймен таныстырды, пәтерге орналастырып, паспорттарының құпиялану дәрежесін тәптіштеп тексерді.

Надежда Константиновна съезге бару жолын, жол-жөнекей өзін қалай ұстау керектігін делегаттарға ержей-тегжейлі түсіндірді. Осындай мұқият әзірлік нәтижесінде большевиктер сәтсіздікке ұшырамады, ал меньшевиктердің бірнеше адамын полиция ұстап алды.

Лениннің тілегі бойынша, — деп жазады онан әрі Н. Н. Нокоряков, — Н. К. Крупская өнеркәсіпті аймақтардан: Уралдан, Донбастан, Иваново-Вознесенскі мен Харьковтан, Туладан келген жұмысшылардың арасынан ең жасы кіші делегаттарды іріктеп алып, Владимир Ильичпен кездестірді. Әңгімеге Крупскаяның өзі де қатысты. Съезді ұйымдастыруға да,



оның жұмысына да Н. К. Крупская белсене көмектесіп отырды, мұның өзі большевиктердің табысқа жетуіне септігін тигізді.

Владимир Ильич Надежда Константиновнаны жан-тәнімен сүйді және қатты сыйлап өтті. «Владимир Ильичтің қалағаны мүлтіксіз дұрыс еді, — деп жазды Г. М. Кржижановский. — Оған нақ осындай сабырлы да инабатты, байсалды күрескер-коммунист, іскер де шебер ұйымдас-тырушы, жұмысқа ерекше қабілетті және әрдайым болаттай берік жая жолдас әрі көмекші қажет еді».

Надежда Константиновнаның сарапшыға тән терең ақылын, оның асқан қырағылығы мен әр мәселені шешуге творчестволықпен қарайтын қасиетін Владимир Ильич өте жоғары бағалады. Ол әрдайым Надежда Константиновнамен ақылдасып отыратын.

Ленинмен бірге жұмыс істей жүріп, Надежда Константиновна оның ойлану және жұмыс істеу қасиетінен, партиялық және мемлекеттік қызметтің лениндік стилінен тәлім алып отырды. Екеуінің бірге өмір сүре бастаған алғашқы шағында-ақ күнделікті жұмыстан бас көтеруге мұршасы келмесе де, Н. К. Крупская аса қажетті мақалалар мен кітапшаларды жазып тастауға уақыт таба білді. Шушада ол «Жұмысшы әйел» деген еңбегін жазды. 1901 жылы «Искрада» жарияланған бұл еңбек патшалық Россиядағы жұмысшы әйелдердің революциялық сана-сезімін оятуда елеулі роль атқарды. Н. К. Крупскаяның бұдан кейін де жазылған көптеген мақалалары, кітапшалары мен естеліктері көп томдық құнды еңбекке айналды. Ол әсіресе педагогика, әйелдер қозғалысы жайлы және марксизм-ленинизмді насихаттау жөнінде көп еңбек жазды. Педагогтық еңбектерінде совет мектебін қалыптастыру, балалар мен жастар тәрбиесі саласындағы маркстік-лениндік ілімнің қағидаларын айқын да нанымды баяндап берді. Олардың құндылығы міне осында.

Надежда Константиновнаның аса бір ізгі қасиеті оның кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы еді. Мысалы, Надежда Константиновнаны жақсы білген Т. Ф. Людвинская мынадай бір қызықты әңгімені айтып берді. 1934 жылы Надежда Константиновна 65 жасқа толғанды. Соның алдында қарт большевиктер қоғамының президиумы комиссия құрып, Т. Ф. Людвинскаяға арнаулы кеш өткізу тәртібін Крупскаямен келісуді тапсырады. «Мен Надежда Константиновнамен хабарластым, — деп еске түсіреді Т. Ф. Людвинская. — Ол құрметпен атап өтуге мүлдем қарсы болды, юбилейді ұнатпаймын деді және бізден мұны тіпті еске де алмауды өтінді». Болмаған соң Т. Ф. Людвинская Надежда Константиновнаның жақын құрбысы Зинаида Павловна Кржижановскаяға қолқа салып, көмектесуді өтінеді. Кешікпей одан хат келеді. Ол былай деп жазыпты: Надежда Константиновна «юбилейді тойлауға жан-тәнімен қарсы, одан құтылу үшін Ленинградқа жүріп кеткісі келеді. Қайткен күнде де қатысқысы келмейді. «75 жылдық юбилейді күтуге шыдамдары жетпей ме?» дейді. Бұған сіз не айтарсыз? Осы юбилейдің қоғамдық жағын қаншама айтып бақсам да менің өз басым оған ешбір ықпал жасай алмадым.

Бұдан кейін бірнеше рет қолқалап қоймаған соң ақырында Надежда Константиновна ризалығын берді. Соның өзінде оны пионерлер мен комсомолецтердің құттықтамақшы болып отырғаны және Рейхстагтың өртенуіне байланысты процестен құтылған бетінде Берлиннен оралған Георгий Димитровтың да келмекші болғанын айтқанда ғана барын көнді. Кешті Емельян Ярославский ашты. Надежда Константиновнаны Москва заводтарының жұмысшылары, пионерлер мен комсомолецтер құттықтады, Георгий Димитров жалынды құттықтау сөз сөйледі. «Крупская жолдасты, — деді ол, — мен біздің ұлы Отанымыз — Совет Одағының байырғы ұлы большевиктерінің бірі ретінде құттықтаймын.

Надежда Константиновнаны мен біздің ұлы ұстазымыз және көсеміміз Владимир Ильич Лениннің абзал серігі ретінде құттықтаймын.

Надежда Константиновнаны мен Совет Одағы жас ұрпағының ұлы тәрбиешісі ретінде құттықтаймын. Өзімнің тілегімді және герман фашис-



тік түрмесінде бірге жапа шеккен жолдастарымның құттықтау сәлемін бүгін осы жерде айтып тұрғанымды мен зор бақыт деп санаймын».

Надежда Константиновна тебіреніп кетті. Оның жауап сөзі осы бір тамаша адамның дарқан ақылды, ақ пейілді, абзал жүректі жан екенін тағы да айқын танытты.

Надежда Константиновнаның жарқын революциялық өмірі әрбір большевик үшін үлгі-өнеге болды және бола береді де. Оның қарапайым да инабатты бейнесі миллиондаған адамдардың жүрегінде мәңгі сақталады. Надежда Константиновнамен әбден таныс-біліс болған және оны қиын-қыстау шақта көрген кісі оның ерекше қайратты адам екенін бірден жақсы аңғарар еді. «Мен Надежда Константиновнаны дәл сондай сәттерде көрдім, — деп жазды Т. Ф. Людвинская. — Бұл 1924 жылғы 26 январьда, Советтердің II съезінде болған жай. Съезд делегаттары кезекті мәжіліске Үлкен театрға жиналған-ды.

Залдағы және фойедегі жұрттың ұнжырғасы түсіп кеткен. Мәжіліс басталғанша топ-топ болып жиналуда. Сыбырлап сөйлеседі. Көбіне үнсіз жүр. Көпшілігі жылауда. Кейбіреуінің көзінде мөлтілдеп жас тұр. Барлығының ойы бір арнаға саяды: ызғар тартқан Колонналы залда гүлдің ортасында үнсіз де қимылсыз Ильич жатыр. Одақтар үйінің қайғылы, суық әрі азалы залдарынан өтіп жатқан адам тасқыны бір толастар емес. Енді Ильич қандай болсын мәселенің шешімін табу жөнінде кеңес бере алмайды, өзінің жанашыр сөзімен, әзілімен, күлкісімен ешқайсымызды жұбатып, сергіте алмайды... Қайғыдан жүрек жаншылып кететін тәрізді.

Міне қоңырау соғылды. Мәжіліс басталды. Мінбеге Надежда Константиновна көтерілді».

Надежда Константиновнаның сондағы тебіреніп тұрып айтқан ержүрек сөздері оны естігендердің жадында күні кешегідей әлі де сақтаулы. В. И. Лениннің қазасына бүкіл ел шексіз қайғырып отырған шақта айтылған осы сөздерде мұқалмас қайрат суарған рух сезіліп тұрды.

— Жұмысшы табының тарихи міндеті — барлық езілгендерді азат ету, барлық еңбекшілерге бостандық әперу екенін ол жете түсінді, — деді Владимир Ильич туралы Надежда Константиновна. — Владимир Ильичтің бүкіл қызметі осы басты идеяға толы. Жолдастар, советтік республикалардың, еңбекшілер республикаларының өкілдері, сөзімді сіздерге арнаймын және Владимир Ильичтің осы идеясын жүректеріңізге берік ұялатуды өтінемін. Коммунист жолдастар, Ленин қастерлеген ту — коммунизм туын жоғары ұстандар! Жолдастар, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, жолдастар, шаруалар мен шаруа әйелдер, дүние жүзінің еңбекшілері, қатарларыңды мықтап нығайтыңдар, Ленин туы астына, коммунизм туы астына топтасыңдар!

«Надежда Константиновнаның отты сөздері жиналғандарға күшті әсер етті, — деп жазды Т. Ф. Людвинская. — Нағыз большевиктің осы жарқын сөздері әлі де көптеген жылдар бойы коммунизм құрылысыларының нелер жаңа ұрпақтарына арналған жалынды үндеу болып қала береді».

Надежда Константиновнаның ұйымдастырушылық талапты ол Владимир Ильичпен бірге 1917 жылдың көктемінде ұзаққа созылған эмиграциядан Россияға қайтып оралғаннан кейін ерекше жарқ етіп көзге түсті. Крупскаямен бірге Петроградта, Выборг ауданында атқарған қызметі туралы партияның қарт мүшесі О. А. Стецкая былай деп жазады: «Надежда Константиновнамен бірлесіп жұмыс істеген алғашқы күннің өзінен-ақ мен оның бүкіл қызметі партиялық рухқа толы екенін көрдім және оның нағыз, тамаша большевик екеніне көзім жетті».

Бұл кезде Надежда Константиновна Орталық Комитет жанындағы үгітшілер тобын және Выборг аудандық партия комитетінің мәдени-ағарту комиссиясын басқарды. Ол жұмысшы жастарға ерекше назар аударып, шынайы қамқорлық жасады. Алдымен ол ауданда сауатсыз және шала сауатты жас жұмысшылар үшін мектептер ұйымдастырды, солар-



ға арналған клубтар ашты. Социалистік жастар одағы (РКСМ ұйымдас-тырылғанға дейінгі ұйым) Уставының жобасын жазғанда Крупская, Ор-талық Комитетте және Выборг ауданында жұмыс істеген кезінде ол жұ-мысшы-жеткіншектер арасындағы, жалпы жастар арасындағы жұмыс жөнінде бірнеше мақала жазды.

Октябрь таянып калған. Күн тәртібіне қарулы көтеріліс мәселесі тіке-лей қойылды, барлық жұмыс осыған орай өріс алды. «Надежда Констан-тиновна енді аудандық партия комитетіне баса назар аударатын болды, — деп еске түсіреді О. А. Стецкая, — және біздің бөлімнің қызметін ау-данның жалпы партиялық жұмысымен ұштастыра жүргізді. Ал Октябрь карсанында біздің мектептеріміз Қызыл Гвардия отрядтарына қосылды».

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін көп кешікпестен Надежда Константиновна Халық ағарту комиссариатына ауысты. Комиссариатта істей жүріп, Надежда Константиновна Выборг жағымен және Петроградтың басқа да аудандарымен үнемі байланыс жасап отыр-ды. Әуелі ол Наркоматтың мектептен тыс бөлімін басқарады. Жұмыстың осы аса маңызды саласына ол ғалымдар мен тәжірибелі педагогтарды, мәдени-ағарту мекемелері мен партия қызметкерлерін шебер қатыстыра білді.

«Мектептен тыс бөлімде менің байқағаным, — деп жазды О. А. Стец-кая, — Выборг жағындағы сияқты мұнда да Надежда Константиновна бұқарамен үнемі тығыз байланыс жасап отырды. Азамат соғысының қи-ын-қыстау күндерінде мәдени-ағарту мекемелерінің іргесін қалап жүрген мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, жұмысшылар мен жұмыс-шы әйелдер, қызыл әскерлер мен жастар оған ағылып келіп, көңілдегісін еркін ақтарып жататын.

Надежда Константиновнаға елдің түкпір-түкпірінен келушілер де көп болды. Ол осылардың бәрін зор ілтипатпен қабылдап, бәріне уақыт таба білді, әсіресе өзі айтқандай, «шет аймақтан келген жолдастарға» ерекше көңіл бөліп, олардың өтініш-тілектерін зейін қоя қарайтын..

1919 жыл — азамат соғысының ауыр жылы. Деникинмен шайқас жылы басталды. Біздің бөлім барлық күшін майданға көмек көрсетуге, әскерге шақырылған және майданға жөнелтіліп жатқан қызыл жауын-герлер арасындағы саяси-ағарту жұмысты өрістетуге жұмылдырды.

Майданнан Москваға оралған сайын біз Надежда Константиновна-ға жолығушы едік. Әлі есімде, мен Туладан келдім де Надежда Констан-тиновнаға жақсы үгітшілердің бірі — Волков жолдастың қаза тапқанын айттым. Күндіз-түні, жауын демей, аяз демей ол станцияға келген эше-лондар мен қызыл әскерлер отрядтарын қарсы алып, жалынды сөз сөй-леп жүрді. Ол өзін-өзі күтпеді, суық тиіп мұрттай ұшты. Ол партия мү-шесі, жұмысшы, өте бір кішіпейіл және революцияға жан-тәнімен беріл-ген жолдас болатын. Менің сөздерімді Надежда Константиновна әңгіме өз баласы жайлы болып отырғандай тебірене тындады. Әңгіме сонында қай жердің адамы еді, семьясы бар ма деп егжей-тегжейлі сұрай бастады.

Надежда Константиновна біздің сан қырлы жұмысымыздың қай са-ласында болсын: майданға қосымша үгітшілер жіберу, үгіт жұмысына ақындарды тарту, листовкалар мен плакаттар шығару, үгіт әдебиетін жеткізу сияқты мәселелердің бәріне араласып, көмектесе білуші еді.

1920 жылдың аяғында республиканың саяси-ағарту комитетін (Главполитпросвет) құру жөнінде декрет жарияланды. Бірсыпыра ұйымның саяси-ағарту жұмысын біріктірген осы комитеттің председате-лі болып Надежда Константиновна тағайындалды.

Мемлекеттік және партия жұмысын жанын сала атқара жүріп, На-дежда Константиновна көптеген әдебиетті оқыл үлгіріп, өзінің өрелі бі-лімін үзбестен толықтырып отыратын. В. И. Ленин кітапханасында жұ-мыс істеген Ш. Манучарьянцтың айтуына қарағанда, оның зейін қойған мәселелері мен әдебиетінің ауқымы аса кең болған көрінеді. Надежда Константиновна педагогика, психология, еңбек ұйымдастыру жайлы кі-



таптарды, шет тілдерде: ағылшын, неміс, француз тілдерінде жарияланған кітаптарды; мәдениеттің даму тарихы мен философия туралы кітаптарды, дін тарихы мен дінге қарсы жазылған, кәсіподақ пен кооперация қозғалысы туралы жарияланған зерттеулер мен көпшілікке арналған кітапшаларды талап ететін. Надежда Константиновна әсіресе педагогика жөніндегі жаңа еңбектерге ерекше көңіл бөлетін-ді.

Н. К. Крупскаяның белгілі бір кітапты тауып беруді өтініп, Ш. Манучарьянцка жолдаған бірсыпыра хаттары сақтаулы. Бұл шағын документтердің маңызы аса зор, өйткені бұлар аса көрнекті мемлекет және партия қайраткері, совет мектебі қалыптаса бастаған жылдардағы халық ағарту ісі басшыларының бірі — Надежда Константиновна Крупскаяның дарқан білімін бейнелейді.

Сол хаттардың бірі мынау:

«Маған педагогика керек (барлық жаңа шыққаны түгел керек), көпшілікке лайықталған әдебиет, еңбекті ұйымдастыру туралы кітаптар және осы мәселелерге қатысы бар барлық шетелдік, әсіресе журналдық әдебиеттер қажет. Сондай-ақ дінге қарсы насихат жайлы әдебиет те керек...

Барын сенбі мен жексенбіде қарап шығуға тырысамын.

Педагогикаға жеке шкап арнауға болмас па екен?

Жолдастық сәлеммен Н. Ульянова».

Надежда Константиновнаның тағы бір хаты мынау:

«Шушаника Никитична, дін мәселесі жөніндегі кітаптарыңызға өте ризамын. Көп рақмет. Бәрін толық сақтаймын. Бәлкім, Буровты іздеме-сеніз де болар, ал Гуго Винклердің «Вавилон мәдениетінің адамзаттың мәдени дамуына қатынасы» деген кітабын («Фарос» басылымы) тауып берсеңіз, дән риза болар едім. Н. Ульянова».

Ленинмен бірге Надежда Константиновна қиын-қыстау кезеңдерден, тар жол, тайғақ кешуден өтті. Надежда Константиновнаның уыздай жас шағынан бастап ақтық демі біткенге дейінгі бүкіл саналы өмірі революция мен социализм жолындағы, еңбекшілердің арман-мақсатын орындау, оларды бақытты тұрмысқа жеткізу, өнер-білімге кенелту жолындағы күреске арналды.

Абақты мен жер аудару, эмиграцияның ауыр жылдары, жеңіс арайы алыстағы көк жиекте ғана сіберлеп, ал зұлым күш қадам басқан сайын екілене төніп, ең жақсы, ең сүйікті және ең таңдаулы жолдастардың сағын сындырып жатқан кезеңде күрескер большевиктің басына түскен ұзақ жылдар бойғы ауыр сын — міне осының бәрін Надежда Константиновна басынан кешірді. Осының бәріне төтеп беріп, күрескер большевиктердің алдыңғы сапында қалды, бұрынғысынша қарапайым да кішіпейіл, зерделі де сергек, өршіл де батыл, өзін аяу дегенді білмейтін тынымсыз жан қалпында қалды.

Надежда Константиновнаның өмірі бүкіл адамзаттың кеменгері В. И. Лениннің өмірімен тұтасып, біте қайнасып өтті. Ұлы көсемнің адал досы, тамаша жолдасы бола білген ол ақтық демі біткенге дейін Ильичтің ісі үшін жан-тәнімен күресті.

Л. КЛЮЧНИК



## СОВЕТТЕР—ХАЛЫҚТЫҚ ӨКІМЕТ ОРГАНДАРЫ

Жергілікті Советтердің сайлауы жақындап келеді. Республика еңбекшілері сайлауға қызу әзірленуде, КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру, бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс кең өрістеуде. Өнеркәсіп орындарының, құрылыс пен транспорт ұйымдарының коллективтерін, колхоз, совхоз еңбеккерлерін түгел қамтыған лениндік вахтаның әрбір күні халық шаруашылығының барлық саласында жаңа табыстар, жаңа еңбек жеңістерін әкелуде.

Революцияның от-жалынында дүниеге келген Советтер еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымы, нағыз халықтық өкімет органдары болып табылады. Советтердің қалыптасуы, есеюі, дамуы Владимир Ильич Лениннің есімімен тығыз байланысты. Жұмысшы депутаттарының ең тұңғыш Советтері құрылғанда-ақ В. И. Ленин олардың халық творчествосы туғызыған күдіретті күшін, Советтердің қоғам өміріндегі ғажап келешегі мен ролін кеменгерлікпен көріп, дәл бағалаған болатын. Ол Советтер болмаса, Россияда пролетарлық революция жүзеге аспайтын үмітсіз іс болар еді деп тұжырымдай келіп, революция жеңген күннің ертеңінде халыққа арнап: «Еңбекші жолдастар! Қазір мемлекетті сіздердің өздеріңіз басқарып отырғандарыңызды есте ұстаныңдар. Егер сіздер өздеріңіз бірігіп мемлекеттің барлық ісін қолдарыңызға алмасаңыздар, сіздерге ешкім көмектеспейді. Сіздердің Советтеріңіз — мемлекеттік өкімет органдары, толық праволы, шешуші органдар» деп жазды (Шығармалар, 26-том, 291-бет).

Жұмысшылар мен шаруалардың дүниедегі тұңғыш социалистік мемлекетінің даму тарихы В. И. Лениннің осы пікірінің дұрыстығын толық дәлелдеп берді. Совет мемлекеті өмір сүрген жарты ғасыр уақыттың ішінде Советтер шын мәнісіндегі халықтық өкімет органдарына, миллиондаған еңбекшілер бұқарасын мемлекетті басқаруға, шаруашылық пен мәдениет құрылысына белсенді қатыстырудың, адамдарды социалистік саналылыққа тәрбиелеудің тамаша мектебіне айналды.

Советтер өздерінің бүкіл жұмысын Коммунистік партияның басшылығымен жүргізеді. Демек, олардың сан салалы қызметі партия алға қойған саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға бағытталған. Бұл тұрғыда еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері үлкен роль атқарады. Өйткені олар — Совет өкіметінің бұқараға ең жақын тұрған, халықпен ең тығыз байланысқан буындары. Еңбекшілердің ең таңдаулы өкілдерін топтастыра отырып, олар жергілікті жағдайды, халықтың көңіл күйін, талап-тілегін әбден жақсы біледі, шаруашылық пен мәдениет құрылысы мәселелерін шешуге күнбе-күн ықпал жасай алады.

Жергілікті Советтердің нағыз бұқаралық сипатын біздің республиканың мысалынан да айқын көруге болады. Өткен сайлауда республика-



мыздағы екі мыннан астам ауылдық, селолық, поселкелік Советтерге 75 мыңға жуық депутат сайланды. Бұлар — халық шаруашылығының әр алуан салаларындағы өндіріс озаттары, мамандар, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінің қызметкерлері, қысқасы, ауыл-селоның ең таңдаулы адамдары. Олар өздері қызмет істеп жүрген коллективтерде жоғары саналылықтың, белсенділіктің өнегесін көрсетіп, бұқара арасында ұйымдастырушылық үлкен жұмыс жүргізуде, жергілікті маңызы бар барлық мәселелерді шешуге ат салысуда, мемлекеттік жоспарларды орындау, ауыл-село мәдениетін көтеру ісінде партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетуде.

Бір мысал келтірейік. Жамбыл облысының Шу ауданындағы Новотроицк селолық Советі Абай атындағы және «Новотроицк» совхоздарын қамтиды. Советтің 58 депутаты мен 52 активісі шаруашылық пен мәдениет құрылысының ең шешуші буындарында істейді. Олар сайлаушыларымен күнбе-күн байланыс жасап, еңбекшілердің талаптары мен ұсыныстарын орындауға жауапкершілікпен қарайды. Былтыр селолық Советтің депутаттары сайлаушылар алдында 130 рет есеп берді. Сайлаушылар тапсырған 30 аманаттың 26-сын жүзеге асырды. Депутаттардың ұйымдастыруымен және қатысуымен елді мекендерде 42 мың туп жеміс пен көрікті ағаштар отырғызылды, 31 тұрғын үй салынды. Абай атындағы совхозда 250 орындық клуб, Тельман учаскесінде тұрақты кітапхана үйі пайдалануға берілді, жүз пәтерге газ плиталары орнатылды, 20 километр жолға тас төселді.

Бесжылдықтың үшінші жылында мемлекетке астық сату жоспарын «Новотроицк» совхозы 133 процент, Абай атындағы совхоз 176 процент орындады, шаруашылықтың екеуі де қоғамдық малға жеткілікті жемшөп дайындады. Бұл табыстарда да жергілікті Совет депутаттарының үлесі аз емес. Селолық Совет өз жұмысын жақсы ұйымдастырып, бұқараның социалистік жарысын бастай білгені үшін облыстық Совет атқару комитетінің бірінші дәрежелі сыйлығын жеңіп алды.

Талдықорған облысының Сарканд ауданындағы Покатиловск селолық Советінің жұмысында да көп жақсы істер бар. Облыстық атқару комитеті бұл Советтің жұмысын зерттеп, оның бағалы тәжірибесін барлық селолық, поселкелік Советтерге таратуды ұйғарды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Коммунистік партия қоғам өмірінің барлық жағын қамтитын Советтердің ролі мен ықпалын арттыруға ұдайы көңіл бөліп, қамқорлық жасап келеді. КПСС XXIII съезі коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңінде жергілікті Советтердің жұмысын барынша жақсарту, олардың шаруашылық пен мәдениет құрылысы міндеттерін шешудегі ролі мен жауапкершілігін мейлінше арттыру қажеттігін атап көрсетті.

«Селолық және поселкелік Советтердің жұмысын жақсарту туралы» КПСС Орталық Комитетінің 1967 жылғы 8 марттағы қаулысы, «Еңбекшілер депутаттарының селолық және поселкелік Советтерінің негізгі праволары мен міндеттері туралы» СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1968 жылғы 8 апрельдегі Указы Советтердің ролі мен маңызын көтеру жөніндегі партиялық қамқорлықтың ең айқын көрінісі болып табылады. Осы тарихи документтердің негізінде және республиканың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің IV сессиясы «Қазақ ССР селолық, ауылдық, поселкелік Советтері туралы» Заң қабылдады.

Бұл Заң — жергілікті Советтердің дамуындағы, социалистік демократияны өрістетудегі жаңа кезең, жаңа белес. Заңға сәйкес селолық, ауылдық, поселкелік Советтер аса кең праволармен пайдаланады. Өз территориясында мемлекеттік өкімет билігін толық жүзеге асырады, қамтуындағы кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, шаруашылықтардың жұмысына басшылық жасайды, социалистік заңдылықтың,



қоғамдық тәртіптің, азаматтар праволарының қорғалуын қамтамасыз етеді. Занда: «Еңбекшілер депутаттары селолық, ауылдық, поселкелік Советінің өзіне берілген праволар шеңберінде қабылдаған шешімдері мен жарлықтарын Советтің территориясына орналасқан барлық колхоздар, кәсіпорындар, мекемелер және басқа ұйымдар, сондай-ақ қызмет бабындағы адамдар мен азаматтар міндетті түрде орындап отырады» деп атап айтылған.

Жергілікті Советтерге кең праволардың берілуі — олардың ролін бұрынғыдан да арттыруға бағытталған үлкен істің бастамасы. Ендігі бар әңгіме — жергілікті Советтердің сол праволарды терең сезініп, күнделікті практикалық істе толық та дұрыс пайдалана білуінде. Ал мұның өзі бүтіндей Советтердің ұйымдастыру қызметінің дәрежесіне, олардың құрамындағы депутаттардың іскерлігі мен белсенділігіне, инициативасына байланысты. Демек, депутаттыққа кандидаттарды дұрыс іріктеу, шын мәнісіндегі тандаулылардың тандаулысы ғана депутат болып сайлануын қамтамасыз ету — бүкіл сайлау науқанының басты мазмұны, негізгі міндеті.

Еңбекшілер мемлекеттік істерді басқаруға өздерінің өкілдері арқылы қатысады. Сондықтан олардың Советтерге шын сенімді, ең лайықты, бұқара арасында құрмет пен беделге ие болған адамдарды тандап жіберуіне толық жағдай туғызу керек. Депутаттыққа ұсынылған әрбір кандидатураның жан-жақты талқылануын, сайлаушылардың ол жөнінде еркін пікір айтып, сын ескертпелер жасауын қамтамасыз ету қажет. Кандидаттарды іріктеген кезде олардың өндірістік көрсеткіштерін ғана еске алып қоймай, идеялық сеніміне, саяси саналылығына, моральдық тазалығына, ұйымдастырушылық қабілетіне ерекше назар аударған мақұл.

Жасыратыны жоқ, жергілікті Советтердің өткен сайлауында депутаттыққа кандидаттар іріктеу ісінде бірлі-жарым кемшіліктер орын алды. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында бірнеше адамның кандидатурасын жұмысшы коллективтері мақұлдамай тастады. Ақтөбе облысындағы бір совхозда сайлаушылар бастауыш партия ұйымы секретарының кандидатурасын өткізбей қойды. Орал облысында кейбір кандидаттарды сайлауға санаулы күн қалғанда алмастыруға тура келді. Қайсыбір жерлерде депутатқа жүктелетін абыройлы да жауапты міндеттерді атқара алмағаны үшін сайлаушылар кейін шақырып алған депутаттар да болды. Алдағы сайлауда мұндай кемшіліктерге жол бермеудің бірден-бір амалы — кандидаттар ұсынуда социалистік демократия принциптерін, сайлау ережесінің талаптарын бұлжытпай сақтау, әрбір кандидатты іріктеуге мейлінше жауапкершілікпен қарау. Бұл істе ешқандай асығыстыққа, үстірттікке, формальдылыққа, субъективизмге жол берілмеуге тиіс.

Сайлаушылардың депутаттыққа ұсынылған кандидаттармен кездесулерін тыңғылықты әзірлікпен, ұқыпты ұйымдастыру керек. Кездесу кезінде сайлаушылар жергілікті Советтердің жұмысын жақсартуға, өнеркәсіп орындарының, колхоздар мен совхоздардың өндірісін өрге бастыруға, ауыл мәдениетін көтеруге бағытталған сын ескертпелер айтады, ұсыныстар жасайды, өздерінің болашақ өкілдеріне аманаттар жүктейді. Сайлаушылардың сондай пікірлерін мұқият зерттеп, қорытып, толық жүзеге асыру үшін қамқорлық жасау партия, совет ұйымдарының абыройлы міндеті болмақ.

Жергілікті Советтердің сайлауы — аса маңызды саяси науқан. Бұл науқанды Советтердің жұмыс стилін оған сайын жетілдіру, олардың шаруашылық пен мәдени өмірдегі ролін арттыра түсу үшін пайдалану қажет. Мұның мәнісі — Советтер мен олардың депутаттарының сайлаушылар алдында үнемі есеп беруін, мемлекетті басқару, шаруашылық, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет мәселелерінің Совет сессияла-



рында ашық, еркін талқылануын, атқарушы органдардың сессияларда есеп беруін, совет, шаруашылық органдарының жұмысындағы кемшіліктердің іскерлікпен, жанашырлықпен сыналып отыруын қамтамасыз ету, Советтердің тұрақты комиссияларының жұмысын жандандыру, әрбір депутаттың өндірістегі және қоғам өміріндегі белсенділігін күшейту деген сөз.

Бұл салада республика Советтерінің бірсыпыра тәжірибесі бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті үш жылдан бері селолық, поселкелік Советтердің өзара жарысын ұйымдастырып келеді. Жарыс қорытындысы тоқсан сайын шығарылып тұрады. Талдықорған облысында совет қызметкерлерінің оқуы жақсы жолға қойылған. Облыстың барлық аудандарында совет активінің тұрақты семинары жұмыс істейді. Гурьев облыстық атқару комитеті жергілікті Советтердің тәжірибесін қорытуға көп көңіл бөліп жүр. Мұнда Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмыс түрлері мен әдістері жайлы үнемі бюллетень шығарылып тұрады. Облыстық атқару комитетінің мәжілістерінде жергілікті Советтердің есебі жиі тыңдалады. Мұндай үлгілі істер облыстардың қай-қайсысында болса да баршылық. Советтердің жұмыс тәжірибесін жалықпай зерттеп, жинақтау, олардың қызметіндегі жақсы мен жаңа атаулының бәрін қолдап, кеңінен таратып отыру — партия, совет ұйымдарының абзал борышы.

Сайлауға әзірлік күндерінде еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға түсуге ерекше назар аудару қажет. Партия ұйымдары үгіт коллективтеріне өздерінің ең таңдаулы үгітшілері мен насихатшыларын жіберуге тиіс. Сайлаушылар кештерінде Советтердің даму жолдарын, олардың қоғамымыздағы ролі мен маңызын, партия мен үкіметтің ішкі-сыртқы саясатын, әрбір облыстың, ауданның, коллективтің алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді еңбекшілерге кеңінен түсіндіру керек. Сайлауға қатысты бұқаралық-саяси жұмыстың барлық күші еңбекшілердің коммунистік саналылығын, өндірістік белсенділігін арттыруға, бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақ ССР-інің 50 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге түсуге бағыттталатын болсын.

Сайлауға байланысты мәселелердің ешқандай уақ-түйегі болмауға тиіс. Сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау ережесімен, сайлаушылар арасында жұмыс жүргізу әдістерімен жан-жақты таныстыру, сайлаушылар тізімін мұқият әзірлеп, уақтылы ілу, сайлау учаскелерінде кезекшілер қою, сайлау бюллетеньдерін, дауыс беру кабиналарын әзірлеу, документтерді сақтау, дауыс берудің басталатын және аяқталатын уақытын сайлаушыларға ерте бастан хабарлау, байланыс құралдарын тәртіпке келтіру, мал отарларында, түрлі экспедицияларда еңбек етіп жүрген сайлаушылардың дауыс беруін ұйымдастыру, — міне осылардың бәрі сайлаудың ұйымшылдықпен өтуін қамтамасыз етуге көмектесетін шаралар.

Барлық кездегі сияқты бұл жолы да Коммунистік партия жергілікті Советтердің сайлауына партияда жоқтармен бір одақта қатысады. Бұл — сайлау науқаны партия мен халықтың мызғымас бірлігінің салтанатына ұласады деген сөз. Сайлаудың ұйымшылдықпен өтуі, жергілікті Советтерге халықтың ең таңдаулы, ең лайықты өкілдерінің сайлануы оларды жаңа күшпен толтырады, Советтердің коммунистік құрылыстағы ролі мен жауапкершілігін бұрынғыдан да арттыра түсуге мүмкіндік береді.



## Ұйымдастыру-партия жұмысын жетілдіре берейік

В. СЕВРЮКОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің меңгерушісі*

Қазіргі уақытта Қазақстан партия ұйымдары бүтіндей КПСС XXIII съезінің идеяларымен тыныстап, съезд шешімдерінің игі ықпалымен жұмыс істеуде. Съезд нұсқауларының пәрменді және дәйекті жүзеге асырылуы біздің партия ұйымдарымыздың ішкі өмірін жаңа мазмұнмен байытты, олардың жұмыс стилі мен әдістерін онан сайын жетілдіріп, бұқарамен байланысты күшейте түсуін қамтамасыз етті. Партия ұйымдарының құрылымын жақсарту, жауынгерлік қабілетін арттыру бағытында көп жұмыс жүргізілді. КПСС-ке адам алу, партия қатарының сапалық құрамын жақсарту ісінде игі бет бұрыстар жасалды. Ішкі партиялық демократияны онан әрі өрістетуге, коммунистердің белсенділігін арттыру, партиялық тәртіпті нығайту процесі ойдағыдай дамып келеді. Басшы кадрларды іріктеу, орналас-тыру, тәрбиелеу, партия мен үкімет шешімдерінің орындалуын тексеру жұмыстарының жайы, еңбекшілердің бұқаралық ұйымдарына — Советтерге, кәсіподақтар мен комсомолға басшылық едәуір жақсарды.

Партия комитеттерінің қызметінде саяси басшылық органдарына тәу қасиеттер барған сайын көбірек байқалуда. Қазіргі уақытта облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері шаруашылық және мәдениет құрылысы мәселелерімен, нақтырақ, тереңірек шұғылданатын болды. Олардың қызметінде іскерлік пен мақсаттылық көбейіп, сөзуар мәжілістер мен кеңестер азайды. Бір кездері көптеген партия комитеттері өңшең шаруашылық істермен немесе керісінше тек қана партиялық-саяси мәселелермен бір-жақты айналысушы еді. Ондай жарамсыз практика жойылып келеді. Рас, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері қазірде де саяси-ұйымдастыру мәселелерін аз қарамайды, бірақ сонымен бірге облыстардың, қалалардың, аудандардың экономикасы мен мәдениетін өкрендетудің түбірлі, перспективалық проблемаларын да назардан шығармайды.

КПСС XXIII съезінен кейін көптеген селолық аудандық партия комитеттерінің жұмысы мықтап жақсарды. Қазір партияның аса маңызды бұл буындарында бұқара арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмысының стилін, формалары мен әдістерін жетілдіру жөнінде терең мағыналы процесс жүріп жатыр.

Преснов, Федоров, Рузаев, Осакаров, Ерейментау, Берлі, Железинск және басқа аудандық партия комитеттерінің жұмыс тәжірибесін зерттеген кезде селолық, аудандық комитеттердің партиялық басшылық мәселесіне ат үсті қарау практикасынан арылып, экономикалық-мәдени өмірдің, пар-



тиялық саяси ұйымдастыру жұмысының өзекті мәселелерін неғұрлым іскерлікпен, білгірлікпен шеше бастағаны байқалды. Олар өз жұмысын совет және шаруашылық органдарын баса-көктеу, оларға орынсыз қамқорсу арқылы емес, қайта барынша солардың инициативасы мен белсенділігін күшейту, тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру негізінде ұйымдастыруға күш салып келеді. Көптеген аудандық комитеттер өздерінің бүкіл қызметін бастауыш партия ұйымдарына сүйеніп жүргізеді, олардың жауынгерлік қабілетін арттыруға, коммунистердің белсенділігі мен инициативасын көтеруге, кадрлармен жұмысты жақсартуға қамқорлық жасайды.

Бірсыпыра аудандық партия комитеттері селодағы экономикалық жұмысты едәуір жақсартты. Көптеген аудандарда экономикалық советтер, ал совхоздар мен колхоздарда — экономикалық талдау бюролары құрылып, ішкі шаруашылық есеп енгізілген; экономикалық конференциялар мен семинарлар өткізіліп тұрады, озат тәжірибе уақтылы зерттеліп, қорытылып, кеңінен таратылады.

КПСС XXIII съезінен бергі уақытта республика партия ұйымдарының қызметінде болған және болып жатқан игі өзгерістердің жалпы сипаты міне осындай. Бұл өзгерістер съезд талаптарының рухына толық сай келеді, партия ұйымдарының творчестволық ізденісін аңғартады.

Алайда тындырылған істерді асыра бағалап, тоқмейілдікке салыну дұрыс болмас еді. Қазақстанның алдына XXIII съезд бен КПСС Орталық Комитетінің Пленумдары қойған алып міндеттер ұйымдастыру-партия жұмысын барынша күшейтіп, оның стилі мен әдістерін тынбастан жетілдіре беруді талап етеді.

Шындыққа жүгінер болсақ, бірқатар қалалық, аудандық партия комитеттері басшылықтың ескірген, жарамсыз әдістерінен әлі де арыла алмай келеді. Қайсыбір комитеттер партия ұйымдары мен совет, шаруашылық органдарының қызметін әлі де шатастырумен жүр, олар совет, шаруашылық органдары әбден шеше алатын және шешуге тиісті мәселелер жөнінде шешімдер қабылдап, нұсқаулар береді.

Мұндай партия комитеттері экономика мәселесін талқылаған кезде істің байыбына партиялық тұрғыдан қарамайды, белгілібір міндеттің орындалуын саяси жағынан қамтамасыз ету қажеттігін естен шығарады. Мәселен, Балқаш қалалық партия комитеті «Прибалхашстрой» тресінің үй салу комбинаты орындаған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қаулы қабылдады. Бұл өте маңызды мәселе. Бірақ сол шешімде не жазылған дейсіз ғой? «Едендері майысқан, қисайған, терезелерінің жақтаулары мен есіктері қақырап кеткен, аңғал-саңғал. Қабырғалары жарылып, сылақтары түсіп жатыр» деген сияқты сөздер.

Ал енді осынша тәптіштеуден соң фактілерге партиялық баға беріліп, шаруашылық басшыларының, партия ұйымдарының, партия топтарының, барлық коммунистердің нақты міндеттері белгіленетін шығар деп ойлайсыз. Амал қанша, шешімде ондай ештеңе жоқ, қалалық комитеттің бюросы жалпылама нұсқау беріп, ақыл айтумен ғана тынған.

Енді бір өкінішті нәрсе, мұндай жарамсыз практика бастауыш ұйымдарға да өте тез «жұғады». Жуырда біздің «Джамбулкожобувь», «Джамбулхимстрой» тресі сияқты үлкен коллективтердегі партия комитеттерінің шешімдерімен танысуымызға тура келді. Жалпы алғанда, бұл партия ұйымдарын аса тәжірибелі секретарьлар басқарады. Партком мәжілісінде де, коммунистер жиналысында да маңызды мәселелер қаралып тұрады. Ал бірақ қабылдаған шешімдерін көрсеңіз, шаруашылық басшысының бұйрығынан аумайды. Шешімдегінің бәрі директордың немесе трест басқарушысының, бөлім, цех бастықтарының атына айтылады да, цех партия ұйымдары, партия топтары, коммунистер мүлде ұмыт қалады.

Совет, шаруашылық органдарының қызметін партия комитеттерінің атқарып кетуі, оларға ұсақ-түйек қамқорсу әдеті әртүрлі формада байқалып жүр. Мысалы, Ақтөбе облысының Мартөк аудандық партия комитеті колхоздар мен совхоздардағы көктемгі егіс жұмыстарының сапасын анықтай-



тын аудандық комиссия құру, оны басқаруды аудандық комитеттің бірінші секретарына тапсыру жөнінде шешім қабылдады. Аудандық ауыл шаруашылық басқармасының тікелей міндетін өз мойнына алып, мамандардың ролін атқарудың аудандық комитетке қандай қажеті болды екен? Мамандардың егіс сапасын аудандық комитет қызметкерлерінен кем білетін болғаны ма? Бұл, сөз жоқ, бәрін де өзім білем, өзім шешемге салынған ескі аурудың сап-қыншағы.

Шалағайлықтың екінші бір көрінісі мынадай: Семей облысының Аякөз аудандық партия комитеті партия ұйымдарының жұмысы жайлы мәселе шешкенде де партия ұйымдарының секретарьларын емес, шаруашылық басшыларын ауызға алады. Жуырда аудандық комитеттің бюросы «Қалалық сүт заводы мен ет комбинаты коммунистерінің өнім сапасы үшін жауапкершілігін арттыру туралы» партия ұйымдары секретарьларының емес, кәсіпорын директорларының есебін тыңдады. Мәселеге бұлай қарау саяси басшылық орган ретінде аудандық комитеттің ролін төмендетеді, бастауыш ұйымдардың жұмысын босаңсытады.

Мұндай фактілер туралы айтқан кезде, біз экономикаға партия басшылығының маңызын кемітейік деген ойдан мүлде аулақпыз. Біздің бүкіл партиялық жұмысымыз ең алдымен халық шаруашылығын ойдағыдай өркендету міндеттеріне бағындырылған. Экономика партиямыздың, барлық еңбекшілердің ең басты күрес майданы болып келеді және бола бермек.

Шаруашылық құрылысына партия басшылығының негізгі принциптері Владимир Ильич Лениннің өзі тікелей басқарған партияның XI съезінде-ақ айқын белгіленген болатын. Партия ұйымдары, деп көрсетті съезд, шаруашылық органдардың қызметін бағыттап отыруға тиіс, бірақ ешбір жағдайда олар үшін жұмыс істеуге тырыспауы керек. «Функцияларды қатаң ажыратып алмаушылық және компетентсіз килігушілік әрбір адамның тапсырылған іске қатаң және дәл жауапкершілігін жоғалтады. Бәрін істейтін және түк тындырмайтын партия ұйымдарының өз ішінде бюрократизмді көбейтеді, жұмысты дұрыс ұйымдастыруды қиындатады».

Бұл мәселеге КПСС XXIII съезі де ерекше назар аударды. Съезд барлық партия ұйымдарының күш-жігерін бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыру қажет екенін ескерте келіп, «партия ұйымдары совет және шаруашылық органдарының жұмысын өздері атқармай және ұсақ-түйек қамқорсушылыққа жол бермей, ұйымдастыру-тәрбие жұмысының өздеріне тән әдістерімен іс жүргізуге тиіс» деп атап көрсетті.

Кейбір партия қызметкерлері шаруашылыққа нақты басшылық ету — шаруашылық жұмыстың барлық уақ-түйегіне дейін тікелей араласып отыру деген теріс пікірден әлі де арыла алмай келеді. Олар осындай әдіспен әуестеніп жүріп, ең басты нәрсені: бұқара арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмысын, экономиканы дамытудың перспективалық мәселелерін назардан тыс қалдырады. Бізде басшылықтың мұндай әдістері үшін ешқандай объективтік негіз де, ешқандай сылтау да жоқ. Мұндай жарамсыз практиканы батыл жоя отырып, біз шаруашылықты басқарудың ғылыми дәрежесін арттыруға, ықпалын күшейтуге тиіспіз деген партия нұсқауын әрдайым есте ұстау керек.

Жұмысты нәрменді, мақсатты жүргізу үшін партия комитетінің, бастауыш ұйымның қызметін дұрыс жоспарлаудың аса зор маңызы бар. Тәжірибе әбден ойластырып жасалған жоспар жұмыстағы берекесіздікті, қырсыздықты жоюдың, басты мәселені емес, уақ-түйек мәселелерді қараумен уақыт алғызатын зиянды практикадан арылудың жақсы құралы екенін дәлелдеп отыр. Алайда бірсыпыра партия комитеттері жұмысты жоспарлау ісінде елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Мәселен, Целиноград облысының Шортанды аудандық партия комитеті 1968 жылы негізінен 25 мәселе қарауды жоспарлап, іс жүзінде 60 мәселе талқылады. Жоспарсыз мәселелердің ішінде совет, шаруашылық органдарының-ақ қарап, шешуіне болатын көптеген мәселелер бар.



Әрине, жұмыс барысында жоспарға түзетулер енуі жедел шешуді керек ететін жаңа мәселелер тууы әбден мүмкін. Алайда жоспарды өзгерте беру әдетке айналатын болса, мұның өзі перспективаны жоғалтуға, күнделікті шаруаның шылауында кетіп, маңызды, принциптік мәселелерді қағажу қалдыруға соқтырмай қоймайды.

Соңғы кездері республикада перспективалық жоспарлау әдісі практикаға кеңінен ене бастады. Қазір облыстық партия комитеттерінің жартысынан астамы, қалалық, аудандық комитеттердің бәрі дерлік бір-екі жылға арнап осындай жоспар жасады. Бұл — жақсы бастама. Тек партия комитеттері жоспарды жасаумен тынбай, онда белгіленген өзекті, өрісті шаралардың орындалуын іс жүзінде қамтамасыз етулері керек.

Партияның бүкіл ұйымдастыру жұмысында кадр мәселесі, істің орындалуын тексеру шешуші буын болып табылады. Коммунистік құрылыстың орасан зор, аса күрделі міндеттері кадрларды іріктеу және тәрбиелеу ісінің маңызын өлшеусіз арттырып отыр. КПСС XXIII съезі бұл жұмысты жалпы партиялық, жалпы мемлекеттік дәрежеге көтеруді талап етті.

Съезден бергі уақыттың ішінде республика партия ұйымы халық шаруашылығының барлық саласындағы партия және мемлекет органдарын кадрлармен нығайту жөнінде едәуір жұмыс жүргізді. Өте-өте қалалық, аудандық буындағы партия, совет органдарының басшы кадрлар құрамын сапа жағынан жақсарту бағытында көп нәрсе істелді. Қазір селолық аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьларының 91 процентінің жоғары білімі бар, 61 проценті — ауыл шаруашылығының мамандары. Ал аудандық, қалалық партия комитеттерінің барлық секретарьлары құрамында жоғары білімділер 93 проценттен асады. Сондай-ақ кәсіподақ, комсомол, шаруашылық кадрларының да сапалық құрамы жақсарды.

Көптеген облыстық комитеттер (Алматы, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл және басқалары) өз пленумдарында кадр мәселесін арнайы қарады. Бұл мәселе қалалық, аудандық партия комитеттерінің пленумдарында да үзбей талқылануда.

Басшы кадрларды қалыптастыру және тәрбиелеу ісіне КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жоғары партия мектептерінің жанынан құрылған тұрақты курстар көп үлес қосып келеді. XXIII съезден бергі уақыт ішінде облыстық партия комитеттерінің көптеген секретарьлары мен бөлім меңгерушілері Москвада, аудандық, қалалық партия комитеттерінің барлық секретарьлары, аудандық, қалалық Совет атқару комитеттерінің председателдері, газет редакторлары Алматыда бір айлық курстардан өтті. Облыстық партия комитеттерінің жанындағы айлық курстарда аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттерінің қызметкерлері, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары оқып жүр.

Сонымен бірге біздің кадрларды іріктеу, тәрбиелеу жұмысымызда елеулі кемшіліктер мен олқылықтардың да бар екенін мойындау керек. Кадрлардың жиі алмасуы, оларды ат үсті, асығыс іріктеу фактілері жойылған жоқ. Кейде жауапты қызметке саяси және іскерлік даярлығы төмен, қабілетсіз адамдар жоғарылатылады. Кадрлардың жұмысына бақылау нашар. Соның салдарынан кейбір партия, совет қызметкерлері, кәсіпорын, мекеме, шаруашылық басшылары тапсырылған іске жауапкершілік сезімін жоғалтып, әртүрлі қателіктерге ұрынады.

Кадр мәселесін сөз еткенде, біз ең алдымен аудандық, қалалық буын кадрларын іріктеу мен орналастыру ісін жақсартуға ерекше назар аударуға тиіспіз. Бұл буындағы басшы кадрлар арасында әйелдер әлі өте аз. Мұның басты себептерінің бірі — біз әйелдердің іскерлік сапасын, саяси дәрежесін мұқият зерттемейміз, партия аппаратына батыл жоғарылатып отырмаймыз. Осыдан барып басшы қызметке ұсынатын әйел кадрлардың резерві жетімсіз. Бұл кемшілікке ендігі жерде ешбір төзуге болмайды.



Республиканың басшы партия, совет кадрларының көпшілігі өздерінің борышы мен міндетін абыроймен, адал атқарып келеді. Дегенмен бізде өмір талабынан артта қалған, лайықсыз қылықтарға, менменсуге, дандайсуға, мақтаншақтыққа бой ұратын, лауазым дәрежесін жеке басының мансабына пайдаланатын бірлі-жарым қызметкерлер де жоқ емес.

Мұндай кемшіліктерге жол бермеу үшін партия комитеттері кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу мәселесіне бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлуге тиіс. Жұмыстың қай буынында болсын өз ісіне жетік, саяси даярлығы мол, идеялық сенімі күшті, қабілетті кадрлар отыратындай жағдай туғызу керек. Қызметкерлерді жоғарылатқан кезде бастауыш партия ұйымдарының, партия комитеттерінің, коммунистердің, жұртшылықтың пікірін мұқият ескеру қажет. Практикалық жұмыста іскерлігімен, белсенділігімен, ұйымдастырғыш қабілетімен көзге түскен жұмысшылар мен колхозшыларды басшылық қызметке батыл жоғарылатып отырған абзал.

Партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі — кадрларға қойылатын талапты күшейту, қызметкерлерді адалдыққа, шыншылдыққа, тапсырылған іс үшін партия мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тәрбиелеу, олардың саяси және экономикалық біліммен қарулануына адамдармен жұмыс істеу шеберлігін жете игеруіне көмектесу.

Істің орындалуын бақылау мен тексеру — кадрларды дұрыс тәрбиелеуге, бүкіл ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыруға көмектесетін ең ықпалды құралдардың бірі. Істің орындалуын дұрыс бақылау, партия мен үкімет шешімдерін, сондай-ақ өз шешімдерін бұлжытпай, сөзсіз орындау партия комитетінің жұмыс стилі мен басшылық дәрежесіне негізгі өлшем болып табылады.

Бірақ амал қанша, көптеген партия комитеттері қазірде де үсті-үстіне шешім қабылдаумен әуестеніп, істің орындалуын бақылауға, тексеруге жеткілікті мән бермейді. Мысалы, Шымкент облысының Шардара аудандық партия комитеті үш жыл ішінде «Бірлік» совхозы парткомының есебін 13 рет тыңдаған. Бұл совхоздың жұмысын аудандық атқару комитеті де 8 рет талқылаған. Нәтижесі қандай дейсіз ғой? Ешқандай да емес. Бәрі де түк өзгеріссіз бұрынғы қалпында. Үш жыл ішінде совхоз мал басын өсіру жоспарын бір рет те орындаған жоқ, малдың өлім-жітіміне өрескел жол берілуде. Ет, сүт тапсыру жоспары да орындалмай қалды.

Мұндай мысалды Гурьев облысынан да келтіруге болады. Индер аудандық партия комитеті үш жыл ішінде әртүрлі мәселе бойынша облыстық партия комитетінде 11 рет есеп берді. Оның төртеуі шаруашылық науқандардың барысы туралы. Бірақ көп шешім қабылданғаннан кейін де ауданда айтарлықтай өзгеріс бола қойған жоқ.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Қайсыбір партия комитеттері істің мәні мен мазмұнын емес, формасын ғана реттеуге тырысатынын, бірсыпыра мәселелерді тек сан үшін, белгі соғу үшін ғана талқылайтынын көрсетеді. Әрине, мұндай практиканың уақыт алғызғаннан басқа берер пайдасы жоқ екені өз-өзінен түсінікті.

Партия комитеттерінің қызметін бақылап, оларға нақты көмек көрсету әдістерінің бірі — жалпы есептерін талқылау. Бұл бағытта бірқатар жұмыс істелді. КПСС XXIII съезінен бері республикада 40 аудандық және қалалық партия комитетінің жалпы есебі тыңдалды. Бізде съезден кейін қалалық немесе аудандық комитеттің есебін талқыламаған бірде-бір облыстық партия комитеті жоқ.

Тәжірибе комплексті есеп талқылаудың пайдасы көп екенін дәлелдеп отыр. Ол партия комитетінің бүкіл жұмысын терең талдауға жақсы істерді жан-жақты ашып, кемшіліктерді айқынырақ көруге, белгілі бір партия ұйымының алдына неғұрлым нақтырақ міндет қоюға мүмкіндік береді. Сонымен бірге мынадай фактіге де назар аудармауға болмайды: кейбір партия комитеттері облыстық комитетте жыл сайын бірнеше реттен есеп береді де,



қайсыбір партия комитеттері жылдар бойы тыңдалмайды. Мысалы, Чапаев аудандық партия комитеті соңғы екі жыл ішінде Орал облыстық партия комитетінде төрт рет есеп берді, ал сол уақыт ішінде Тайпақ аудандық комитеті бірде-бір рет есеп берген жоқ. Қарағанды облыстық партия комитеті үш жылдан бері Шет, Тельман аудандық комитеттерінің есебін тыңдамаған.

Істің орындалуын тексеруге мейлінше мұқият көңіл бөлу керек, бұл істің жүйелі, тиянақты ұйымдастырылуы біздің бүкіл жұмысымызды жақсартудың маңызды құралы екенін партия қызметкерлерінің құлағына құйып отыру керек.

Жергілікті партия органдарының басшылық дәрежесі көбіне-көп олардың бастауыш партия ұйымдарына сүйене білуіне байланысты. Өзінің бүкіл практикалық қызметінде бастауыш ұйымдарға сүйенбеген, солардың іскерлігін, жауынгерлік қабілетін арттыруға күш салмаған бірде-бір партия комитеті, әсіресе аудандық, қалалық комитет жұмыста жақсы нәтижеге жетпекші емес.

Қазір Қазақстан Компартиясының құрамында 16 мыңнан астам бастауыш ұйым бар. КПСС XXIII съезінен бергі уақытта жаңадан 2 мыңнан астам бастауыш партия ұйымы құрылды. Олардың жұмыс ерекшеліктеріне қарай ішкі құрылымы да үздіксіз жетілдірілуде. Соңғы үш жыл ішінде цехтық ұйымдардың саны 3 мыңдай, партия топтары 2 600-дей көбейді.

Партия комитеттері бастауыш ұйымдардың жұмысымен тереңірек шұғылданатын болды. Оларға басшылықты жақсарту мәселесі Қарағанды, Қызылорда, Шымкент және басқа бірсыпыра облыстық партия комитеттерінің пленумдарында арнайы талқыланды. Қалалық және аудандық партия комитеттерінің пленумдарында бастауыш ұйымдардың есептері үзбей тыңдалып тұрады.

Жуырда аяқталған есеп беру-сайлау жиналыстары бастауыш партия ұйымдарының өміріндегі елеулі оқиға болды. Тұтас алғанда жиналыстар ұйымшылдықпен өтті. Коммунистердің жиналысқа қатысуы 91 проценттен асты, ал Ақтөбе, Қызылорда, Семей облыстарында 92—94 процентке жетті. Есепті баяндамаларды талқылауға 112 мың коммунист, яғни жиналысқа келгендердің 23,4 проценті қатысып, өз ұйымдарының жұмысына жан-жақты талдау жасады, принциптік мәселелер көтерді.

Есеп беру-сайлау жиналыстарының нәтижесінде партия ұйымы секретарьларының сапалық құрамы едәуір жақсарды. Бұл кадрларды тұрақтандыру процесі жақсы дамып келеді. Егер 1964 жылы, секретарьдың сайлау мерзіміне шек қойылған кезде, олардың алмасуы республика бойынша 60 процентке жетсе, 1968 жылы 28,8 процент қана болды.

Бастауыш ұйымдардың ролі өлшеусіз өсіп отырған қазіргі кезде оларға басшылық стилі мен әдістері мейлінше жетілген, сараланған болуға тиіс. Қазіргі бастауыш ұйымдар коммунистерінің саны жағынан да, сапасы жағынан да осыдан он жыл бұрынғы ұйымдарға мүлде ұқсамайды. Қазір республика бойынша әрбір кәсіпорын партия ұйымында 62, құрылыста — 46, совхозда — 82, колхозда — 53 коммунистен келеді. Мұндай ұйымдарға басшылық ету оңай шаруа емес. Әрбір партия ұйымының өзіндік бейнесі, ерекшелігі, өзіне ғана тән қиыншылығы мен толғандырар жәйттері бар. Оның үстіне бізде жыл сайын жаңа бастауыш ұйымдар құрылуда, олар ерекше көңіл бөліп, қамқорлық жасауды талап етеді. Партия комитеттері бұл жағдайды мұқият ескеруге тиіс. Әсіресе цехтық партия ұйымдары мен партия топтарының жұмысын жақсартуға көбірек назар аударған жөн.

Бастауыш ұйымдарға пәрменді басшылық ету үшін олардың жалпы есептерін тыңдап отырудың зор маңызы бар. Съезден бергі жерде көптеген облыстық, қалалық, аудандық комитеттер басшылықтың бұл формасын жақсы пайдалана бастады. Дегенмен кейбір облыстарда бастауыш ұйымдардың комплексті есептері әлі де аз тыңдалып жүр. Мәселен, Алматы, Қа-



рағанды, Шымкент облыстық партия комитеттері соңғы жылдарда бірде-бір бастауыш партия ұйымының жалпы есебін талқыламаған.

КПСС XXIII съезі ішкі партиялық демократияны онан әрі өрістетуге, партия тұрмысының лениндік нормаларын бұлжытпай жүзеге асыру қажеттігін атап көрсетті. Партия ұйымдары ішкі партиялық демократияны өрістетуге арқылы өз қатарын нығайта түседі, коммунистерді партиялық принциптілікке, белсенділікке, кемшіліктерге төзбеуге, жаңашылдыққа тәрбиелейді, олардың өз ұйымындағы, бүкіл партиядағы істің жайына жауапкершілік сезімін шыңдайды.

«Электросталь» заводының болат балқытушысы П. Абашкиннің «Правда» газетінде жарияланған «Коммунист өз ұйымында» атты мақаласы мен осыған байланысты ұйымдастырылған айтыс бастауыш партия ұйымдарының өмірінде елеулі із қалдырды. Бұл материалдар республиканың көптеген партия ұйымдарында қызу талқыланды. Өскемен қалалық партия комитеті П. Абашкиннің мақаласын талқылаған жиналыстарда коммунистердің айтқан барлық ұсыныстары мен ескертпелерін мұқият зерттеп, қорытып, пленумда «КПСС XXIII съезінің шешімдеріне лайық коллективтердің қоғамдық-саяси және өндірістік өмірінде коммунистердің инициативасы мен белсенділігін онан сайын арттыру туралы» арнайы мәселеле қарады.

Ішкі партиялық демократияның, демократиялық централизм принципінің өрістеуі бәрінен бұрын партиялық басшылықтың коллегиялы жүргізілуінен айқын көрінуде, КПСС XXIII съезінен кейін республикада партия комитеттерінің пленумдары мен бюро мәжілістерінің, партия жиналыстарының ролі мықтап артты. Көптеген облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері өз мүшелерін келесі пленумның материалдарымен алдын ала таныстырып отырады. Мұның өзі талқыланатын мәселені жан-жақты ойластырып, тиянақты шешуге мүмкіндік береді. Пленумды әзірлеуге, қабылданған шешімдердің орындауын ұйымдастыруға партия комитеттерінің мүшелері барған сайын көбірек және белсендірек қатысуда.

Соңғы жылдарда партия комитеттері коммунистердің конференцияларда, жиналыстарда айтқан сын ескертпелері мен ұсыныстарын жүзеге асыру мәселесіне де көбірек көңіл бөле бастады. Барлық облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстарын жинақтап, бюро мәжілістерінде қарады және олардың орындалуын қатаң бақылауға алды.

Дегенмен бұл айтылғандардан республиканың барлық жерінде партия тұрмысы нормалары, ішкі партиялық демократия принциптері мүлтіксіз сақталып келеді деп қорытынды жасау дұрыс болмас еді. Кемшіліктер әлі де бар. Мысалы, Алматы, Шығыс Қазақстан, Целиноград, Шымкент облыстық партия комитеттері коммунистердің сын ескертпелері мен ұсыныстарының, өздері қабылдаған шешімдердің орындалу барысы жөнінде пленумға бірде-бір рет баяндаған жоқ. Кейбір партия комитеттері пленум шақырудың КПСС Уставында белгіленген мерзімдерін сақтамайды. Мәселен, Целиноград, Шымкент облыстық партия комитеттері бірнеше жылдан бері пленум шақыру мерзімдерін бұзумен келеді.

Қорыта айтқанда, КПСС XXIII съезінің шешімдерін орындай отырып, республика партия ұйымдары ұйымдастыру-партия жұмысын жақсарту жолында айтарлықтай жұмыс тындырды. Алайда алдымызда экономиканы өркендету, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне қабылдаған міндеттемелерді орындау жөнінде орасан зор міндеттер, биік асулар тұр. Ол міндеттер партиялық жұмыстың барлық буынын қазіргіден әлдеқайда жақсартып, жетілдіре түсуді талап етеді.



# Аудандық комитет және бұқараның бастамасы

Н. КАНДРАШКИН,

Ленин аудандық партия комитетінің  
бірінші секретары

Біздің ауданның еңбекшілері биылғы жылдың әрбір күнін лениндік вахтаға айналдыру, сөйтіп егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде бесжылдыққа белгіленген тапсырманы едәуір асырып орындау жөнінде бастама көтеріп, бүкіл республика ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне үндеу жариялады.

Аудандық партия комитеті еңбекшілердің төменнен көтерілген бұл бастамасын қолдағанда тек қана жұрттан бұрын көзге түсіп қалуды мақсат еткен жоқ. Біз әрбір шаруашылықтың, тіпті әрбір бригада мен ферманың қазіргі жайын, мүмкіндігін жан-жақты зерттедік, сараладық. Істелген істерге, қол жеткен табыстарға сын көзімен баға бердік. Партия, шаруашылық активімен, егін егуші, мал өсіруші мамандармен, дикандармен, малшылармен ақылдастық, кеңестік. Міндеттемедегі әрбір цифрдың экономикалық негізін қайта-қайта тексеріп, тиянақтадық. Тек осыдан соң ғана республика көлемінде лениндік вахтаны бастауға аудан еңбекшілерінің мүмкіндігі бар деген қорытындыға келдік.

Әрине, дүйім жұрттың алдында уәде беріп, үлкен іске мұрындық болудың қаншалық зор жауапкершілік жүктейтіні өз-өзінен түсінікті. Ауданның партия, совет ұйымдары, барлық еңбекшілері бұл жауапкершілікті жақсы сезінеді. Алған міндеттемелерін абыроймен орындайды. Оған толық негіз бар. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін аудан экономикасының қазіргі жайын бейнелейтін бірер салыстырмалы цифр келтіре кеткен артық болмас деп ойлаймыз.

Соңғы жылдары ауданның барлық шаруашылықтары экономикалық жағынан нығайып, рентабельділігі едәуір артты. Егер аудан совхоздарында 1963—1965 жылдары ауыл шаруашылық өнімінің орташа жылдық көлемі 18 миллион сомнан айналған болса, 1966—1968 жылдар ішінде 37 миллион сомнан асты. Бесжылдықтың алғашқы үш жылында егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өткізуден алынған кіріс 108 миллион сомнан асып, одан бұрынғы үш жылмен салыстырғанда үш есе ұлғайды.

Егіншілік мәдениетін көтеруге бағытталған ұйымдастыру шаралары мен бұқараның қажырлы күресі егістік жерді өңдеудің жаңа жүйесін батыл енгізуге, бидай тұқымының көп сорттылығын жойып, тек қана аудандастырылған сорттарға көшуге, ауыспалы егіс жүйесін толық игеруге, егіс жұмыстарының сапасын жақсартуға, сол арқылы астық өндірісін шұғыл арттыруға мүмкіндік берді. Мысалы, соңғы үш жылда мемлекетке жыл сайын орта есеппен 17,3 миллион пұттан астық сатылды. Ал одан бұрынғы үш жылда 6,9 миллион пұттан сатылып келген болатын. Бесжылдықтың алғашқы үш жылында аудан совхоздары мемлекетке барлығы 850 мың тонна, яғни 51,8 миллион пұт астық сатты, бұл бес жылдық тапсырманың 97 проценті.

Ең бастысы — астық өндіру мен дайындаудың жоспарын ауданның барлық совхоздары артығымен орындап келеді. Ал «Пресногорьков-



ский», «Бауманский», «Ұзынкөл», «Арзамас», «Суворовский», «Петропавловский», «Калининский», «Куйбышевский» совхоздары мемлекетке астық сату жөнінде бесжылдық межеден де асып кетті. Аудан бойынша астық, ет, сүт дайындаудың 1968 жылға белгіленген жоспары да абыроймен орындалды.

Осының бәрі бесжылдықтың төртінші жылында ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласы бойынша бұрынғыдан едәуір биік мақсат қоюға мүмкіндік берді. Ал енді бұл мақсатқа жетудің жолдары мен амалдарына келетін болсақ, аудандық партия комитеті шаруашылыққа басшылық стилін жетілдіру, бастауыш ұйымдардың, коммунистердің, мамандардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру сияқты шаралармен қатар еңбекшілердің өз инициативасын көтеріп, жасампаз творчествосын өрістетуге бағыт ұстап отыр.

Владимир Ильич Лениннің еңбекшілер творчествосына, бұқараның төменнен көтерілген бастамасының күдіретті күшіне айрықша мән беріп, үлкен сенім артқаны белгілі. Ол социализм тұсында жарыстышын мәнісінде бұқаралық көлемде өрістетуге мүмкіндік туады, жоспарлы түрде ұйымдастырылған жарыс өндірісті өркендету, экономиканы нығайту үшін жеке адамның, коллективтің және бүкіл қоғамның мүдделерін тамаша ұштастыратын ең ебдейлі механизм, бұл механизмді қолдап, көтермелеп, үздіксіз жетілдіре беру қажет деп үйреткен болатын. Ұлы көсемнің бұл данышпандық өсиетінің баға жетпес маңызы коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңінде өте-өте айқын көрініп отыр. Қазір бізде социалистік жарыс шаруашылық міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін пәрменді құралға айналған.

Бұқараның инициативасын өрістетуге дегеніміз — еңбекшілердің бастамасын қолдап, көтермелеумен бірге олардың өз күшіне сенімін арттыру, шаруашылықтың шын жағдайын, жақсысы мен кемістігін әділ бағалай білуге, ішкі мүмкіндіктер мен резервтерді көре білуге үйрету, кемшіліктерді іс үстінде жоюға көмектесу деген сөз. Бұл тұрғыда аудан партия ұйымының едәуір тәжірибесі бар десек, мақтанғандық бола қоймас.

Мысалы, осыдан біраз бұрын Киров атындағы совхозда (директоры Бойко, партия комитетінің секретары Титов жолдастар) мал шаруашылығы артта қалды. Бұл жағдайға партия ұйымы дереу назар аударды. Мамандармен, малшылармен, сауыншылармен ақылдаса отырып, шаруашылықтың бұл учаскесіндегі жағдайды жан-жақты зерттеді. Тексеріс келгенде кейбір фермаларда бригадирлердің мал жайын білмейтін, адамдармен жұмыс істеуге бейімсіз адамдардан қойылғаны, олардың зоотехниядан, еңбек ұйымдастыру тәсілдерінен хабары да жоқ екені анықталды. Зооветеринарлық қызмет бетімен жіберілген. Малды азықтандыру нормасы сақталмайды. Сүтті сауу мен мемлекетке тапсыруды ешқандай есеп, бақылау жоқ. Етке өткізілетін малды бордақылау нашар ұйымдастырылған. Фермаға бекітілген трактор дұрыс пайдаланылмайды. Электр энергиясы үнемді жұмсалмайды. Малшылар арасында еңбек тәртібі нашар. Осының бәрі совхоздың мал шаруашылығына пайда түсіру орнына зиян шегуіне соқтырған.

Тексеру қорытындысы совхоз коммунистерінің, мамандарының қатысуымен малшылар жиналысында талқыланды. Партком мен дирекция жиналыста белгіленген шараларды іске асыруға нақты көмек көрсетті. Мал фермалары кадрлармен нығайтылды. Есеп пен бақылау жолға қойылды. Малшылар арасында социалистік жарыс ұйымдастырылды.

Қолға алған жұмыстың нәтижелі болғаны сонша, көп ұзамай Киров атындағы совхоз фермасының қызметкерлері мал шаруашылығында үнемшілдік пен ұқыптылық үшін жарысу жөнінде бағалы бастама көтерді. Аудандық партия комитеті олардың бастамасын мақұлдап, бастауыш ұйым секретарьлары мен жұмысшы комитеттері председателі-



дерін катыстыра отырып, арнайы бюро мәжілісінде талқылады. Кировшылардың үндеуін бүкіл аудан малшылары қызу қостады. Ал Киров атындағы совхозда 1968 жылы мал шаруашылығы рентабельді салаға айналып, 78 мың сом таза пайда берді. Совхоз мемлекетке 15 356 центнер сүт, 4 129 центнер ет тапсырып, жоспарды әлдеқайда асырып орындады.

Біздің аудандағы Ленин автомобиль шаруашылығы коллективінің игі істері бүкіл облысқа мәлім. Аудандық партия комитетінің мүшесі Л. Федосенко жолдас басқаратын бұл кәсіпорын екі жылдан бері жұмысты жанаша істеп келеді. Мұнда экономикалық реформаның тигізген шарапаты көріне бастады. 1968 жылдың өндірістік программасы мерзімінен бұрын орындалды. Шаруашылық рентабельді жұмыс істейді, оның пайдасы 500 мың сомнан асты. Жоғары өндірістік көрсеткіштері, өте-мөте былтырғы астық тасу кезіндегі қарқынды еңбегі үшін кәсіпорын коллективі төрт рет Қазақстан КП Орталық Комитетінің, республика Министрлер Советі мен Қазақстан Кәсіподақтары советінің ауыспалы Қызыл туына ие болды. Астықты үздіксіз әрі көп тасу жолындағы жарыста коммунистер Н. Ивченко мен И. Яковенко жолдастар басқаратын екінші, үшінші колоннаның коллективтері озып шықты.

Аудандық партия комитеті Ленин автомобиль шаруашылығының жаңа жағдайдағы жұмыс тәжірибесін зерттеп, бюрода талқылады. Содан соң осы мәселе жөнінде «Экономикалық реформа бізге не берді?» деген тақырыппен арнайы плакат шығарылды. Онда шаруашылықтың бастығы Л. Федосенконың «Экономикалық оқу», өндіріс бастығы Л. Черновтың «Еңбекті көп тілейтін процестерді механикаландыру», бас инженер Л. Сенновтың «Талдау және бақылау», бас бухгалтер М. Мартыненконың «Материалдық ынталандыру» деген мақалалары және басқа материалдар басылды.

Плакат басқа да автомобиль шаруашылықтары мен совхоздардың автогараждары коллективтерінің бірден назарын аударды. Олар автомобилистердің аудандық слетін шақырып, Ленин автомобиль шаруашылығының жаңа жағдайдағы жұмыс тәжірибесін сонда талқыласақ, өзара пікір алыссақ деген тілек айтты. Аудандық партия комитеті бұл тілекті қолдады. Бұл мәселеге арналған экономикалық конференция өте қызықты өтті. Автомобиль шаруашылықтарының жұмысын жақсартуға бағытталған бағалы ұсыныстар, ақыл-кеңестер айтылды.

Лениндіктердің тәжірибесі көп ұзамай-ақ басқа шаруашылықтарда кеңінен қолданыла бастады. Қазір Троебратненское автобазасы, барлық совхоздардың автогараждары рентабельді жұмыс істейтін дәрежеге жетті.

«Киев» совхозында жұмысшы комитеті (председателі Ф. Гнитула жолдас) коммунистік еңбек қозғалысын жақсы ұйымдастырып келеді. Аудандық партия комитеті бұл кәсіподақ ұйымының да тәжірибесін қорытып, «Коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс — қоғамымыздың өмірлік қажеттігі» деген тақырыпта арнайы плакат шығарды. Плакат материалымен танысқаннан кейін басқа совхоздардың жұмысшы комитеттерінің председателдері «Киев» совхозында коммунистік еңбек қозғалысын басқару тәжірибесі жайлы семинар өткізілсе деген тілек білдірді. Біз совхозда мұндай семинарды ұйымдастырдық және ол күткеніміздей нәтиже берді.

Біздің ауданның диқандары арасында «Егіншілік мәдениеті жоғары коллектив» атағына ие болу жолындағы жарыс кең өріс алған. Бұл игі қозғалысты «Новопокровский» совхозындағы коммунист Ткачук жолдастың егіс-трактор бригадасы бастады. Бригада коллективінің шақыруын ауданның барлық механизаторлары қызу қостады. Қазір олардың көпшілігі жарыс міндеттемелерін абыроймен орындап, құрметті атақты жеңіп алды да.



Аудандық партия комитеті шаруашылықтың әр алуан саласындағы еңбеккерлердің басқа да көптеген бастамаларының қолдау тауып, кең қанат жаюына көмектесті. Мәселен, «Петропавловский» совхозы малшыларының, «Калининский» совхозының комсомол-жастар егіс бригадасының егіншілік пен мал шаруашылығының жоғары мәдениеті үшін жарысу жөніндегі бастамалары аудандық комитеттің тікелей қолдау-көмегімен, қамқорлығымен өріс алып, бүкіл аудан еңбекшілерін қамтып отыр. Сондай-ақ «Арзамас» совхозындағы экономикалық жұмыс тәжірибесі де аудандық комитеттің пленумында, актив жиналысында келелі әңгіме болды. Осыған орай «Арзамастықтардың ұраны — шаруашылықты білгірлікпен, есеппен жүргізу, көптен де, аздан да үнемдеу» деген тақырыпта арнайы плакат шығарылды.

Еңбекшілердің социалистік жарысына басшылық етіп, бағыт беруде жергілікті партия ұйымдарының жақсы жұмыс істеп отырғанын қанағат сезімімен атап өткен мақұл. Бұл жөнінде біз өте-мөте «Новопокровский», «Ұзынкөл», «Киев» совхоздарының партия комитеттеріне (секретарьлары Черныш, Орехова, Негодин жолдастар) ризамыз. Бұл аталған партия ұйымдары өз коллективіндегі жаңа мен озат атаулыны дереу байқап, іле қолдап, өндіріске тез жолдама алуына көмектесіп отырады, жаңашылдар қатарын көбейте беруге тынбастан қамқорлық жасайды.

Біз бұқараның творчестволық бастамасын қолдап, көтермелей отырып, мәселенің екінші жағын да әсте ұмытпаймыз. Ол — адамдарды өнімді еңбекке рухани және материалдық жағынан ынталандыру принциптерін дұрыс ұштастыру. В. И. Ленин экономиканы дамытуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға адамдарды материалдық жағынан ынталандыра білу — социалистік шаруашылықты жүргізудің пәрменді әдістерінің бірі деп атап көрсеткен болатын. Біз қазір бұл лениндік қағида әрбір совхозда жүзеге асты деп айта аламыз. Бұған КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумының шешімдері, шаруашылықтардың рентабельді жұмыс істеуі бұрынғыдан да жақсы жағдай туғызып отыр.

Бұл күндері бүкіл аудан еңбекшілері лениндік вахтада. Барлық совхоздарда келесі жылдың мол өніміне берік негіз қалануда. Егістік жер жақсы әзірленді. Сортты тұқым жеткілікті құйылған. Трактор және басқа ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу аяқталып келеді. Мал фермаларының қызметкерлері қоғамдық малдың қонын тайдырмай, қыстан аман шығару үшін күресуде. Бұқараның күннен күнге ұлғая түскен өндірістік өрлеуі мен творчестволық белсенділігі өткен жылдары қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, биыл шаруашылықтың барлық саласында жаңадан елеулі жеңістерге жетуге, сөйтіп В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесін татымды тартулармен қарсы алуға бағытталып отыр.

Қостанай облысы.



## **Жаңа реформаның шапағаты**

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 ж.) Пленумына дейін-ақ біздің заводтың коллективі жылдық өндіріс жоспарын орындап, үстіміздегі бесжылдықтың есебіне жұмыс істей бастағанды. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді үздіксіз жақсартудың, экономикалық жұмыстарды жетілдіре түсудің нәтижесінде завод қала кәсіпорындарының ішінде шаруашылықты жоспарлаудың және ынталандырудың жаңа жүйесіне бірінші болып көшуге мүмкіндік алды. Бұл жаңа реформаны жүзеге асыру үшін үлкен әзірлік жұмыстары жүргізілді.

Ең алдымен завод партия комитеті цех партия ұйымдарымен бірлесіп отырып, барлық сменаларда, бригадаларда, бөлімдерде коммунистерді қайта орналастырды, жаңадан партия ұйымдарын, топтарын құрды. Партияның экономикалық саясатын жүзеге асыру жөнінде шаралар белгілеп, оларды цех коллективтерінің, партия ұйымдарымен топтарының талқысына салды.

Жаңа реформаны жүзеге асыруға бағытталған шараларда техникалық-экономикалық көрсеткіштерді, өндірілген өнімнің сапасын жақсарту, шикізат пен материалдарды үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру және еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, жаңа жағдайда заводтың бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсаты көзделді. Партия комитетінің бұл жөніндегі қаулысында инженер-техниктердің білімдерін көтеру қажеттігі атап көрсетілді. Соған сәйкес партия комитеті дирекциямен бірігіп отырып, инженер-техник қызметкерлердің екі жылдық экономикалық оқуын ұйымдастырды. Оқудың бәрі өндіріс принципімен өткізілді. Инженерлік білім университетінің жанынан экономика факультеті ашылды. Ал коммунистік еңбек мектебінде үш мыңнан астам жұмысшы оқыды. Сөйтіп экономикалық оқуға жұмысшылар мен инженер-техниктердің 75 проценті тартылды.

Завод жұмысшылары мен инженер-техниктерін оқуға көптеп тарту олардың мамандығы мен білімін арттырып, творчестволық бастамаларына үлкен өріс ашты. Коллективтің көптеген ұсыныстары бойынша өлшемді өнім шығаруға жұмсалатын еңбек, материал, қуат және ақша шығындарының нормасы қайта қаралды. Сонымен қатар заводқа керексіз басы артық құрал-жабдықтар, қол аспаптары, саймандар табылды. Бұларды пайдаланудың жолдары іздестірілді. Соған орай сыйлық берудің жаңа ережесі жасалды. Бұл ереже бойынша цехтың жұмысшылары мен инженер-техниктерінің еңбек тәртібін, тіпті этиканы бұзғандары болса, жоспарды асыра орындағанына қарамастан, оларға сыйлық берілмейді деп шешілді. Сондай-ақ шығарылған өнімнің сапасы нашар болған жағдайда да сыйлыққа ұсынылмау тәртібі белгіленді. Мұның өзі еңбеккерлер мен мамандарға ықпалды әсер етіп, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра түсті. Соның нәтижесінде кәсіпорында шикізат пен материалдардың шығыны 25 процент қысқарды, ал шығарылған өнімнің өзіндік құны едәуір кеміді, еңбек өнімділігі 20 процент артты.



Партия ұйымының қолдауымен қоғамдық негізде экономикалық талдау жасайтын бюро құрған едік. Бюро мүшелері өндіріс резервтерін іздестіру бағытында бөлімдер мен цехтардың мамандарымен бірге нәтижелі жұмыс істеді. Олар көптеген резервтердің көзін тапты. Оларды іске қосудың арқасында 312,6 мың сом мемлекет қаржысы үнемделді. Сөйтіп алғашқы қорытындылар шаруашылықты жоспарлау мен ынталандырудың жаңа жүйесіне көшірудің артықшылығын толық дәлелдеді.

Жаңа жағдайда жұмыс істеу өндірістің әрбір буынында ұйымдастыру жұмысын пәрменді жүргізуді талап ететіні сөзсіз. Мұны бастауыш партия ұйымдары жақсы түсінеді. Қазір олар өздеріне тапсырылған іске бұрынғыдан да жауаптылықпен қарап, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту, ұқыптылық пен үнемшілдік жолында, еңбек тәртібін нығайту үшін күресуде. Бір мысал келтірейін.

Бір кезде карбид цехы жоспарды үнемі асыра орындағанымен бірқалыпты жұмыс істемейтін, айдың бас кезінде арқаны кеңге салып, ырғалып-жырғалып жүріп, айдың аяғына қарай қарбаластыққа ұрынатын. Техниканы ұқыпсыз пайдалану, еңбек тәртібін бұзу фактілері кездесетін. Жаңа жағдайға көшкеннен кейін цех партия ұйымы бұл кемшіліктерді жою мәселесін мықтап қолға алды. Коммунистерді ен шешуші буындарға орналастырып, оларға қойылатын талапты күшейтті. Коммунистердің өндірістегі ролі, олардың тапсырылған іске жауапкершілігі, Устав талаптарын мүлтіксіз орындауы, өндірістің рентабельділігін, өнімнің сапасын арттыру жөнінде арнайы мәселелер талқылады. Партия ұйымының қаулысын орындауға самарқау қараған партия топтарын немесе олардың жетекшілерін, жеке коммунистерді дереу тәртіпке шақырып отырды. Осындай шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде өндірістегі қарбаластық тыйылды, құрал-жабдықтарды пайдалану жақсара түсті, еңбек тәртібін бұзу фактілері күрт азайды, өндіріс көрсеткіштері едәуір артты. 1967 жылдың соңғы тоқсанымен салыстырғанда 1968 жылдың төртінші тоқсанында карбид кальциі едәуір артық өндірілді, өнімнің бір тоннасына жұмсалатын электр қуаты едәуір үнемделді, карбидтің сапасы жақсарды.

Бұл цехта коммунист М. Дмитриев басқарған халықтық бақылау тобы жұмыс істейді. Топ шаруашылықтағы қырсыздық атаулыға қарсы батыл күресуде. Топ мүшелері материалдық бағалы заттардың сақталуы және ұқыптылық, техника қауіпсіздігі жайлы рейдтер ұйымдастырады. Тексеру материалдарын қорытындылай келіп, нақты ұсыныстар жасайды. Бақылаушылардың ұсыныстарын өндіріске енгізудің өзінен цех 14,5 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Ал Г. Дмитриев жолдастың өзі өндіріс бригадасын басқарады. Ол еңбек тәртібін бұзушылармен ешбір ымыраға келмейді, салақтыққа, ұқыпсыздыққа төзбейді. Сондықтан да бригада сменалық талсырмасын үнемі асырып орындайды.

Ацетальдегид цехының коммунистері туралы да жылы лебіз білдіруге болады. Цех коллективі сапа үшін белсенді күрес жүргізе отырып, бірінші сортты өнім шығаруды өткен жылғы осы уақыттағымен салыстырғанда біраз арттырды.

Осы заманғы ірі өндіріс басқарудың стилі мен әдістерін үздіксіз жетілдіре беруді талап етеді. Өте мөте өндірістің бүгінгісі мен ертеңгісін қабат ойлап, ішкі резервтерді ұқыпты пайдалануға ерекше назар аудару қажет. Бұл салада да завод партия ұйымы мен коллективінің тындырған бірсыпыра жұмыстары бар.

Кәсіпорын өндіріске жаңа техника мен технологияны енгізуде бұрынғысынша алда келеді. Заводтағы барлық монтаждау жұмыстарын цех мамандары мен жұмысшыларының өздері жүргізеді. Мысалға сірке қышқылы цехын алайық. Цех коллективі бұрынғы ескі төрт компрессорды онан екі есе қуатты оттегі колонкаларымен алмастырды, тағы



баска технологиялык маңызы бар бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Өндіріске жана техника мен технологияны енгізуде коммунистер Н. Слободской, А. Гулиганов, М. Васильев, М. Мұртазаев, өндіріс ұйымдастырушысы коммунист А. Румянцев, аға механик В. Тарарин жолдастар үлкен еңбек сіңірді. Міне осының бәрі сірке-қышқылы цехы коллективінің өндірістері ағаттықтарға жол бермей, технологияны бұзбай, ойдағыдай еңбек етуіне, завод бойынша үнемі алдыңғы қатарда болуына мүмкіндік беріп келеді. Сол сияқты кейбір цехтарда жанашылдар мен өнертапқыштар қозғалысы жақсы өріс алған. Цех жанашылдары соңғы уақыттардың өзінде өндіріс процесін жетілдіруге бағытталған отыздай рационализаторлық ұсыныс жасап, оның тең жартысын өндіріске енгізді.

Жұмыста күннен күнге, айдан айға қарқын туғызып отыру — өндірісті үздіксіз өрге бастырудың негізгі шарты. Ал төменнен көтерілген бақылаусыз, бұқараның творчестволық белсенділігінсіз бұған жету мүмкін емес. Сондықтан да партия комитеті есеп пен бақылау жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруға айрықша назар аударады. Бізде бұл мәселемен арнайы шұғылданатын екі комиссия бар. Өндіріс мамандарынан, партия, кәсіподақ активтерінен, озат жұмысшылардан құрылған бұл комиссиялар шаруашылықтың барысын бақылайды, оқтын-оқтын тексеру жүргізу арқылы әрбір цехта орын алған кемшіліктерді дер кезінде ашып, ол кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілейді, ұсыныстар жасайды. Мысалы, А. Солодушенков жолдас басқарған комиссия жана техника мен технологияны өндіріске енгізу жөнінде 11 мәселе зерттеді. Оның төртеуі завод партия комитетінің мәжілісінде мақұлданып, бұларды өндіріске енгізу туралы шешім қабылданды.

Ұйымдастыру жұмысы саяси-бұқаралық жұмыспен тығыз ұштасқанда ғана ойлағандай нәтиже беретіні белгілі. Осыған байланысты завод партия ұйымы коллектив мүшелерін тәрбиелеу, олардың білімін көтеру, мамандығын жетілдіру мәселелерімен жоспарлы түрде шұғылданады. Жұмысшылар арасында тәрбие жұмысын жүргізетін 150 саяси хабаршы мен 303 үгітшінің 200-ден астамы инженер-техник қызметкерлер. Бұлардың ішінен В. Соско, П. Мострюков, Е. Сотников, Н. Борин, А. Соловьева, А. Малышева сияқты коммунистердің еңбегін атап өтуге болады. Бұл жолдастар өз тыңдаушыларын еліміздің ішкі-сыртқы жағдайымен уақтылы таныстырып отырады. Заводтың өткені мен бүгінгісі, мұнда қалыптасқан еңбек дәстүрі, аға ұрпақ пен бүгінгі буынның игі істеріндегі сабақтастық жайлы тартымды әңгімелер өткізеді.

Еңбек ұйымдастыруды жақсартып, үнемшілдік пен ұқыптылық үшін күресуде көрнекі үгіт елеулі көмек көрсетіп келеді. Бізде үгіттің бұл саласын коммунист И. Мамедов басқарған көркемдік совет жүргізеді. Совет еңбек озаттарына арнап Құрмет тақтасын безендіреді. Завод коллективінің міндеттемесі жайлы паннолар, стендтер жасайды. Еңбек ардагерлерінің портреттерін салып, көпшілікке таш етеді. Арнайы диаграммалар арқылы шикізаттың, материалдардың, электр қуатының қанша үнемделгенін көрсетіп отырады. Сол сияқты көп тиражды «Химик» газеті де өзінің тәрбиелік ролін ойдағыдай атқарып келеді. Газет цехтардың, бригадалардың, жұмысшылардың арасындағы жарыстың барысы, озаттар тәжірибесі, орын алған кемшіліктер жайлы үзбей және байыпты жазады.

Кәсіпорында коммунистік еңбектің екпіндісі, бригадасы, сменасы атағын алу жолындағы қозғалыс кең өріс алған. Бұл қозғалыс бүкіл завод коллективінің 99,8 процентін қамтып отыр. Олардың көпшілігі өз мақсаттарына жетті де. Қазірдің өзінде құрметті атаққа 13 цех, 16 бөлім, 79 смена, 105 бригада, заводтың 17 басқармасы ие болды. Ал тұтас заводымызға 1967 жылғы 5 октябрьде коммунистік еңбек кәсіпорны деген атақ берілді.



Коммунистік құрылыс өрістеген сайын жарыстын жаңа формалары туындап, кең құлаш жаюда. Қазір мыңдаған химиктер «Ең озат коллектив», «Ең үздік жұмысшы» деген атаққа ие болу үшін күресуде. Жарыстың қорытындысы ай сайын шығарылып тұрады. Бірінші орын алған жұмысшыға, цех коллективіне ауыспалы вымпел беріледі. Егер жұмысшылар, төменгі буындағы коллективтер үш ай бойы жарыста алда болса, оларға: «Ең үздік жұмысшы», «Ең озат коллектив» деген атақ беріледі. Ал екі тоқсан қатарынан үздік шыққан жұмысшы не коллектив Құрмет кітабына жазылады, Құрмет аллеясына, Құрмет тақтасына суреттері ілінеді.

Осындай бірсыпыра саяси-ұйымдастыру шараларын жүзеге асырудың нәтижесінде завод облыстағы рентабельді кәсіпорынның бірі болып отыр. Табыстың негізгі көзі — товарлы өнімді сапалы шығарып, тоқтаусыз өткізуде. Коллектив бұл саладағы тапсырманы үнемі асыра орындап келеді. Сондықтан да кәсіпорынның финанс жағдайы жақсы. Ал мұның өзі жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыруға, мәдени-тұрмыстық шараларға, өндірісті онан әрі өркендетуге жұмсалатын қорларды еселеп арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, соңғы жылдың өзінде жақсы көрсеткіштерге жеткен озаттарды ынталандыруға 1 300 мың сомдай, бір жолғы берілген сыйлықтарға 80 мың сомдай, көтермелеу сыйлықтарына 95 мың сомдай қаржы шығарылды, жәрдем сұрағандарға арнап 64 мың сом бөлінді. Экономикалық жаңа реформаның өндіріске де, еңбек адамдарының тұрмысын жақсартуға да қаншалық көп пайда келтіріп отырғанын осы цифрлардың өзі-ақ айқын айғартса керек.

Кәсіпорында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру бөлімінің құрылғанына бір жылдан асты. Бұл бөлімді заводтың бас инженері басқарады. Оның сыртында әрбір цехта қоғамдық негізде құрылған творчестволық бригадалар бар. 17 цехта еңбекті техникалық жағынан бір нормаға келтіретін қоғамдық бюро істейді. Осы аталған ғылыми буындар түскен ұсыныстарды бір жүйеге келтіріп, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру бөліміне тапсырады. Іске пайдалы, маңызды дегендері осы бөлімде шешімін тауып, өндіріске жолдама алады.

Бұл күндері бүкіл еліміздегі сияқты біздің заводтың коллективі де В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы және Қазақстанның елу жылдығы құрметіндегі социалистік жарысқа түгел қосылып, еңбек бахтасына тұрды. Олар мерекеге тарту ретінде бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап жоспардан тыс карбид кальций, ацетальдегид, сірке қышқылын, этильацетит өндіруге, товарлы өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітуге, шығарылған өнімнің сапасын жақсарту арқылы жоспардан тыс 150 мың сом пайда келтіруге міндеттеніп отыр. Завод партия ұйымының бүкіл жұмысы, коммунистердің күш-жігері осы міндеттемені ойдағыдай орындауға бағытталады болады.

**Б ЛАНЕВСКИЙ.**

Еңбек Қызыл Ту орденді Қарағанды синтетикалық каучук заводы партия комитетінің секретары.



## Партия оқуы — коммунистердің теориялық білімін арттыру негізі

И. БАСОВ,

Қазақстан Компартиясы  
Қостанай облыстық комитетінің секретары

Совет Одағының Коммунистік партиясы коммунистер мен барлық еңбекшілерге идеялық-саяси тәрбие беруді өз қызметінің аса маңызды бір саласы деп қарайды. Бұл істе партия ұлы көсеміміз В. И. Лениннің әрбір коммунист марксизмнің революциялық теориясын қажымай-талмай меңгеруге тиісті деген нұсқауын басшылыққа алады. Ал марксизм-ленинизм дегеніміз — философиядан, саяси экономия мен ғылыми коммунизмнен құралатын бірегей ілім екені көпке аян. Бұл — қоғамды жаңартып, қайта орнату жолын меззейтін революциялық ілім. Олай болса, совет қоғамының бүкіл еңбекшілеріне маркстік-лениндік ілімді оқытып үйрету, соның негізінде олардың дүниеге маркстік көзқарасын қалыптастыру — бүгінгі таңдағы түбегейлі міндеттердің бірі. Сонымен бірге коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күрестің көлемді де күрделі міндеттері, коммунистік қоғам құрылысының барысында туындап жатқан теориялық және практикалық проблемалар осыны талап етеді.

Міне сондықтан Қостанай облысы партия ұйымдарының идеологиялық жұмысында кадрларды маркстік-лениндік іліммен қаруландыруға ерекше мән беріліп отыр. Партияның XXIII съезінің шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің апрель және июль (1968 ж.) Пленумдарының қаулыларын басшылыққа ала отырып, партия ұйымдары партия оқуының идеялық-теориялық дәрежесін арттыруға, насихаттың өмірмен, коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен байланысын нығайтуға баса назар аударуда.

Соңғы жылдары облыста коммунистер мен партияда жоқ активтердің маркстік-лениндік ілімнің барлық құрамды бөлігін, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін дәйекті түрде оқып-үйренетін партия оқуының біртұтас жүйесі қалыптасты. Соның арқасында партиялық насихатты жақсартуда өте-мөте соңғы үш жылда ілгері басқандық байқалады. Бұл мерзімде коммунистер мен партияда жоқ актив КПСС XXIII съезінің материалдарын, КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығына арнаған тезистерін, Л. И. Брежнев жолдастың «Социализмнің ұлы жеңісіне 50 жыл» деген баяндамасын оқып үйренді. Ал биылғы оқу жылында «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысын зер сала оқуда.

Мұның өзі коммунистердің маркстік-лениндік ғылымға деген ынта-сын арттыра түсті. Бұл документтер — марксизм-ленинизмнің теория-



лық мәселелерін партия мен совет халқының коммунизм орнату жөніндегі практикалық істерімен және халықаралық коммунистік қозғалыстың маңызды проблемаларымен тығыз ұштастырудың асқан үлгісі.

Сонымен бірге осындай маңызды документтерді оқып үйрену саяси оқудың идеялық мазмұнын байытуға, тыңдаушылардың партия саясатын, ішкі және сыртқы саясатты дұрыс түсінулеріне көмектеседі.

Партия оқуының жаңа жүйесі енгізілгеннен кейінгі екі жылдың тәжірибесінен қорытынды шығара отырып, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері үстіміздегі жылдың саяси оқу жүйесін толықтыруға қатты көңіл бөлді. Әсіресе партия оқуының орта буынына насихатшылар даярлау жөнінде елеулі жұмыс атқарылды.

Қазір облыста партия оқуының жүйесі берік қалыптасып, мектептер мен теориялық семинарлардың сабақтары программаға сай дәйекті түрде өтіп жатыр. Облыс партия ұйымдары ұйымдастырған 140-қа жуық бастауыш саяси мектепте 2 300-ден аса адам оқиды, оның 1 668-і коммунист. Марксизм-ленинизм негіздері мектебінің қатары жылдарыдан әлдеқайда көбейгенін атап өтуге болады. Осындай 1 300-ден аса мектепте қазір 20 мың коммунист, бес мыңдай партияда жоқ актив оқып жүр. Партия оқуының жоғарғы буынында марксизм-ленинизмнің кешкі екі университеті, аудандық және қалалық партия-шаруашылық активінің он мектебі, үш аудандық семинары және 340-тай теориялық және методикалық семинар ұйымдастырылып, жұмыс істеуде. Партия оқуының жоғарғы буынында барлығы он мыңдай адам оқиды, бұлардың жартысына жуығы коммунистер.

Сөйтіп, партия оқуы жүйесінде 26 мыңдай коммунистер өздерінің теориялық және саяси білімін көтеруде. Үстіміздегі партия оқуы жылында орта және жоғары буындағы жүйеде оқитындардың саны басым болды. Егер 1966/1967 оқу жылында бастауыш буында коммунистердің үштен екі бөлігі, орта буында — бестен бір бөлігі, ал жоғары буында тек 13 проценті ғана оқыған болса, қазір бастауыш буында барлық тыңдаушылардың 5-ак проценті, орта буында — үштен екі бөлігі, жоғары буында-төрттен бір бөлігі оқиды.

Партия оқуының жүйесіндегі осы сапалық өзгеріс партия комитеттерінен насихатшылар арасындағы жұмысты байсалдылықпен жүргізуді талап етті. Ең алдымен насихатшылардың теориялық білімін көтеруге және оларды марксизм-ленинизмнің құрамды бір бөлігі бойынша мамандандыруға көңіл бөлінді. Партия оқуының жаңа жүйесіне көшкенге дейін қалалық және аудандық партия комитеттерінде саяси экономия мен философия пәндерінің насихатшы кадрлары мүлдем дерлік болмады.

Партия оқуы жүйесінде маркстік-лениндік ілімнің барлық құрамдас бөліктерінен сабақ бере алатын насихатшыларды даярлап шығару жөнінде едәуір жұмыс істелді. Атап айтқанда соңғы үш жыл ішінде облыстық саяси оқу үйінде үздіксіз істеген қысқа мерзімді курстарда бір мыңға жуық насихатшылар тәлім алып шықты. Сөйтіп қазір партия оқуының орта буыны қабілетті насихатшылармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді.

Әрине, насихатшыларды даярлау жөнінде жақсы жақтарымызбен қатар кемшіліктеріміз де бар. Қысқа мерзімді курстарда насихатшылардың белгілі тобына терең теориялық білім бердік және оларды сабақ беру методикасымен жете қаруландырдық деп кесіп айту қиын. Кейбір насихатшылар әлі де сабақты жоғары идеялық дәрежеде өткізе алмай, теориялық мәселелерді нақты шындықпен және коммунистік құрылыстың практикасымен дұрыс ұштастыра алмай, кібіртіктеп қалады.

Қалалық және аудандық партия комитетінде белгілі такырып бойынша сабақ өткізудің методикасы жөнінде насихатшылардың семинарлары мен кеңестерін жиі өткізген мақұл. Мұндай семинар, кеңестерде



насихатшылардың өзара тәжірибе алмасуы олардың білімін байытып, партия оқуының идеялық дәрежесін арттырады.

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері партия оқуына басшылық жасағанда ең алдымен насихатшылардың сапалық құрамына баса көңіл бөлгені жөн. Олай дейтініміз, сабақтың идеялық дәрежесі мен тыңдаушылардың белсенділігі насихатшыға, оның қабілеті мен шеберлігіне байланысты. Сондықтан да насихатшылардың курсында немесе олардың семинар сабақтарында педагогикалық институттың, Қазақ политехникалық институтының Рудный қаласындағы филиалының, ауыл шаруашылығы және кооператив техникумдарының тәжірибелі оқытушылары, партия қызметкерлері лекция оқиды, тәжірибесі мол, шебер насихатшылар өз жұмысы жөнінде айтып береді.

Облыстық саяси оқу үйі мен қалалық және аудандық партия комитеттерінің саяси ағарту кабинеттері насихатшыларға үлкен көмек көрсетіп отырады. Олар насихатшыларға көмекші боларлық методикалық материалдарды дер кезінде дайындап беріп тұрады, методикалық советтің мүшелері саяси сабақтарға жиі қатысады, таңдаулы насихатшының тәжірибесін қорытып, оны таратуға көмектеседі. Сондай-ақ насихатшылардың тәжірибелі насихатшының сабағына қатысуын қамтамасыз етеді. Оның сабағын магнитофонға жазып алып, насихатшылардың кезекті семинарында соны тыңдауды ұйымдастырады. Мұндай тәжірибе Рудный қалалық, Семиозер және басқа аудандық партия комитеттерінің саяси оқу кабинеттерінде қалыптасқан.

Насихатшы кадрларды мұқият іріктеп алып, оларды үзбей оқытып тәрбиелеу соңғы уақытта насихатшылардың сапалық құрамын едәуір жақсартты. Қазіргі уақытта 2 300-ден аса насихатшының жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. Партия оқуы жүйесінде әлі де болса 700-ден аса орта білімді насихатшылар істеп жүр. Бірақ бұлар көп жылдық тәжірибесі бар ұстаздар. Насихатшылар құрамының сапасын мына бір деректер де айқын сипаттайды. Насихатшылар қатарында 104 партия қызметкері, 104 өнеркәсіп орындарының басшылары, 79 совхоз директоры, 680 инженер-техник қызметкер, ауыл шаруашылығының 583 маманы және басқалар бар.

Насихатшылар құрамының сапасын жақсарту сабақтың идеялық дәрежесін көтерумен бірге тыңдаушылардың оқуға ықыласын және жауапкершілігін арттыруға көмектесті.

Үстіміздегі оқу жылында В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлікке байланысты лениндік теориялық мұраны оқып үйренуге үлкен көңіл бөлініп отыр. Облыстық саяси оқу үйі партия оқуы жүйесінің барлық сатысында оқып үйренуге В. И. Лениннің 30-дан аса шығармаларын ұсынды. Бұлардан басқа теориялық семинарларда лениндік еңбектерді 4 мыңнан астам адам оқып үйренуде. Олардың көпшілігі басшы қызметкерлер, халық шаруашылығының мамандары және интеллигенттер. Мәселен, облыстық партия комитетінің жанында «Лениндік социалистік революция теориясы және қазіргі заман» деген тақырыптағы теориялық семинар жұмыс істейді. Үстіміздегі оқу жылында осы тақырыптың түрлі мәселелері жөнінде тыңдаушылармен жеті рет әңгіме өткізіледі. Семинарға облыстық партия комитетінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілері, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің басшы қызметкерлері, облыстық ұйымдар мен мекемелердің басшылары, барлығы 92 адам қатысады.

Лениндік теориялық мұраны оқып үйренетін коммунистерге арнап облыстық саяси оқу үйі В. И. Лениннің жекелеген еңбектері бойынша методикалық ұсыныстар жасап жіберді. Ноябрь айында Қостанай қаласындағы насихатшылардың «Лениндік теориялық мұраны оқып үйренуде тыңдаушылардың өздігінен жұмыс істеуі» деген тақырыпта методикалық конференциясы өткізілді. Конференция өте қызықты, тартым-



ды өтті. Конференцияның материалдары облыстық комитетте қорытылып, қалалық және аудандық партия комитеттеріне жіберілді.

Сол сияқты лениндік тақырыптағы лекциялық насихат та кең құлаш жая бастады. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің жанында партия, совет және шаруашылық активі үшін лениндік оқулар ұйымдастырылды. Лениндік оқуларда партия комитеттерінің секретарьлары, совет органдарының жауапты қызметкерлері, ғылыми қызметкерлер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары лекция оқиды. Коммунистер мен барлық еңбекшілер үшін ірі өндірістік коллективтердің бәрінде де лениндік оқулар үздіксіз өткізіліп тұрады. Оған коммунистер мен партияда жоқ активтер ынта-ықыласпен қатысуда.

Облыс партия ұйымы басшы кадрлар мен халық шаруашылығының түрлі саласындағы мамандардың саяси білім алуына зор көңіл бөліп келеді. Партия оқуына басшы кадрлардың қатысуын тексергенде Федоров ауданының партия ұйымында елеулі кемшіліктер орын алғаны байқалды. Атап айтқанда, совхоздардың шалғай бөлімшелерінің партияда жоқ басшылары мен мамандары партия оқуының жүйесіне түгел тартылмаған. Облыстық партия комитеті бұл мәселені өзінің бюро мәжілісінде қарап, барлық қалалық және аудандық партия комитеттеріне орта буындағы басшылар мен мамандарды партия оқуының жүйесіне белсене қатыстыруды ұсынды.

Биылғы оқу жылында бұл істің жайы мүлде өзгерді. Селолық аудандарда барлық мамандар мен бөлімшелердің, фермалардың басшылары партия оқуының түрлі формаларына тартылды. Қалалық партия ұйымдарында көптеген мастерлер, смена, учаске және цех бастықтары партия оқуына тартылған.

Қостанай және Рудный қалалық партия комитеттері кадрлардың саяси оқуының және насихатшылар даярлаудың аса маңызды формасы болып отырған кешкі марксизм-ленинизм университеттерінің жұмысына көңіл бөліп, оған нақты басшылық жасап отырады. Кешкі марксизм-ленинизм университетінің үш факультеті бар. Олар жалпы факультет, насихатшылар және партия-шаруашылық активінің факультеттері.

Соңғы жылдары осы университеттер партия ұйымдарына көптеген насихатшыларды даярлап берді. Университеттердің тыңдаушылары оқи жүріп, насихатшы болып істейді. Мәселен, аэропорт қызметкері Ю. Выдрин университеттің насихатшылар факультетіндегі оқуын марксизм-ленинизм негіздері мектебінде саяси экономиядан сабақ берумен ұштастырады. Сол сияқты №1 автотрестен К. Торнушенко, №3 автобазадан А. Приватиллов, «Казсельхозтехниканың» облыстық бірлестігінен С. Иманбаев, «Жилстрой» құрылыс басқармасынан Н. Федулов, тағы басқа көптеген тыңдаушылар насихатшылық қызмет атқарады. Кешкі марксизм-ленинизм университетінің ендігі бірқатар тыңдаушылары өз коллективтерінде жақсы саяси хабаршы болып жүр.

Марксизм-ленинизмді насихаттаудың маңызды бір формасы — теориялық конференция. Оның маңызы барған сайын артып отыр. Мәселен, тек соңғы екі жылда барлық қалалар мен аудандарда Ұлы Октябрьдің 50 жылдығына, Карл Маркстің туғанына 150 жыл толуына арналған және коммунистік құрылыстағы КПСС-тің басшылық ролінің арта түсуі жөнінде теориялық конференциялар өткізілді. Ал бұл күндері В. И. Лениннің өмірі мен қызметіне, Коммунистік партияның лениндік өсиеттерді жүзеге асыруына арналған конференциялар өткізілуде.

Мұндай теориялық конференциялардың барлығы алдын ала мұқият әзірленеді, әдетте оған тыңдаушылар белсене қатысады. Ал мұндай конференция идеялық жоғары дәрежеде өтеді және насихатшылар мен партия активінің саяси білімін арттыруға үлкен септігін тигізеді.

Партиялық насихат және коммунистердің маркстік-лениндік оқуы партия комитеттерінің бүгінгі таңда басты көңіл бөліп, басшылық, қам-



қорлық жасап отырған мәселелерінің бірі. Кадрлардың маркстік-лениндік білім алу мәселесі қалалық, аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде, пленумдарында, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында жиі талқыланатын болды. Соңғы кездері партия оқуы жайындағы мәселелер Рудный қалалық, Федоров, Семиозер, Комсомол аудандық партия комитеттерінің пленумдарында талқыланды. Ал көптеген партия комитеттері өздерінің бюро мәжілісінде кадрлардың маркстік-лениндік білім алуы және олардың еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге қатысуы туралы мәселелерді қарады.

Дегенмен коммунистердің маркстік-лениндік теориямен қарулануын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер орын алғанын атап өтпеске болмайды. Партия оқуына жеткілікті көңіл бөлмеген партия ұйымдары бізде аз болған жоқ. Соның салдарынан оларда тыңдаушылар мен насихатшылардың жемісті жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасалмады, партия оқуы жүйесінің түрлерін ұйымдастырғанда елеулі кемшіліктерге жол берілді, саяси оқудың барысында партия комитеттерінің тарапынан тиянақты бақылау болмады. Мұндай кемшіліктер әсіресе Аркалық аудандық партия комитетінің және осы аудандағы көптеген бастауыш партия ұйымдарының жұмысында орын алды. Бұл мәселе облыстық партия комитетінің бюросында қаралып, орын алған кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Әлі де болса барлық насихатшыларды сабақты жоғары идеялық дәрежеде өткізетіндей, тыңдаушыларды саяси әдебиетпен өздігінен жұмыс істеуге үйрете алатындай дәрежеге жеткізгеніміз жоқ. Партия Уставының маркстік-лениндік теорияны қажырлылықпен үйреніп, өздерінің идеялық дәрежесін арттыру жөніндегі талаптарын орындауға селқос қарайтын коммунистер де бар екенін айтқан жөн.

Көптеген партия ұйымдарында тәжірибелі насихатшылар, әсіресе саяси экономия мен философия пәндері бойынша сабақ беретін насихатшылар жетіспейді. Партия оқуы жүйесіне арналған маркстік-лениндік философия мен саяси экономия жөніндегі оқулықтардың тапшылығы да бұл жағдайды одан да әрі қиындатып отыр.

Дегенмен облыс партия ұйымдары партиялық насихатта орын алған кемшіліктерді жойып, оны бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастыру үшін нақты шараларды жүзеге асыруда. Әсіресе лениндік теориялық мұраны оқып үйренуге айрықша көңіл бөлініп отыр.

В. И. Лениннің шығармаларын, партиямыздың документтерінде дамытылған лениндік идеялар мен қағидаларды оқып үйрену — барлық еңбекшілердің ғылыми көзқарасын қалыптастырудың негізі. КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысында: «Маркс—Энгельс—Ленин идеяларын терең оқып, насихаттау — еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі партия ұйымдарының идеологиялық қызметінің негізі» деп көрсетілген болатын.

Олай болса, облыс партия ұйымдары саяси оқудың мазмұны мен ұйымдастырылуына күнделікті көңіл бөліп, оның теориялық дәрежесін арттыруды, сөйтіп коммунистер мен барлық еңбекшілердің саяси білімін жетілдіруді өзінің аса маңызды міндеттерінің бірі деп түсінеді.



# САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ

## ПӘРМЕНДІЛІГІ

Ш. ЫСҚАҚОВ,

*Семей қалалық партия комитетінің секретары*

Партиямыздың тарихи XXIII съезі шешімдерінде «коммунистік құрылыстың одан әрі табысқа жетуі көп реттерде партияның еңбекшілер арасындағы идеялық-саяси жұмыстарының көлемі мен дәрежесіне байланысты» делінген. КПСС Орталық Комитетінің апрель (1968 ж.) Пленумы осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, идеологиялық жұмыстың пәрменділігін арттыру міндетін қойды. Идеологиялық жұмыстың зор маңызы және оны әрдайым жетілдіре беру жөніндегі партиямыздың бағыт-бағдары мен лениндік дәстүрін КПСС Орталық Комитетінің В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы қаулысы одан әрі жалғастырып, кеңейте түсті.

Сондықтан да Семей қаласының партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың мазмұнын жетілдіріп, ықпалын күшейтуді, бұл іске коммунистерді неғұрлым кең қатыстыруды өзінің басты міндеттерінің бірі деп біледі. Өткен жылы қалалық партия комитетінің пленумында идеология жұмысының пәрменділігін арттыру жөнінде арнаулы мәселе қаралды. Партия активінің жиналысында да осы мәселе жайлы келелі әңгіме қозғалды. Коммунистердің, партия ұйымдарының саяси-бұқаралық жұмысты жақсартуға түсу жөніндегі ұсыныстары мен құнды пікірлері қалалық партия комитетінің екі жылға арналып жасалған жұмыс жоспарында қорытылып, жинақталды. В. И. Лениннің туғанына жүз жыл толуын лайықты қарсы алу мақсатымен жасалған бұл жоспарда соңғы жылдардағы тәжірибеге сүйене отырып, идеология жұмысын жаңа, жоғары сатыға көтеру шаралары белгіленді.

В. И. Лениннің жарқын өмірі мен революциялық қызметін, оның ұлы теориялық мұрасын әрбір еңбекшінің оқып-үйренуін қамтамасыз етуге баса назар аударылуда. Әуелі лекциялық насихатты күшейту қолға алынды. Бұл ретте Н. К. Крупская атындағы педагогикалық институттың оқытушы-профессорлар коллективінің лениндік теориялық мұраны кеңінен насихаттау жөніндегі бастамасын атап айтқан жөн. Олар даңқты мерекеге дейін қала жұмысшыларына, село еңбеккерлеріне лениндік тақырыпта 700 лекция оқып беруге, ет комбинатының мәдениет сарайы мен Бородулиха ауданының «Заветы Ильича» колхозында лениндік лекторий ұйымдастыруға, көркем әдебиеттегі лениниана бойынша оқушылар конференциясын өткізуге міндеттеме қабылдады.

Бұл бастаманы қаладағы төрт жоғары оқу орны мен Москва, Алматы, Новосибирск, Өскемен жоғары оқу орындарының филиалдары, 14 техникум мен мектептің оқытушылар коллективтері, ғалымдар қызу қостады. Сөйтіп лениндік лекциялық насихаттың тақырыбы кеңейіп, мазмұны тереңдей түсті. Мектеп партия ұйымдары мүшелді мерекеге дейін әрбір мектепте В. И. Лениннің музей бөлмесін ұйымдастыруға кірісті, оған оқушылар жаппай қатысуда.

Қаладағы басшы партия, совет қызметкерлері үшін лениндік лекто-



рий құрылды. Онда «В. И. Ленин КПСС-тің көсемі және ұйымдастырушысы» деген бірінші лекцияны облыстық партия комитетінің бірінші секретары М. Карпенко жолдас оқыды. Облыстық және қалалық партия комитеттері бюро мүшелерінің бәрі де Лениннің өмірі мен қызметі туралы лекция оқитын болды.

Қалалық партия комитетінің қасында В. И. Лениннің маңызды 5 еңбегін оқып үйренетін семинар биылғы оқу жылында бірінші рет ұйымдастырылды. Үш сабақ өткізілді, соның бірі Лениннің «Не істеу керек?» деген данышпандық еңбегіне арналды. В. И. Лениннің шығармаларын оқып үйрену партия оқуы жүйесінің барлық сатыларына кеңінен енгізілгенін атап өту қажет. Қазір қаладағы 544 саяси мектептің тыңдаушылары программаға сай лениндік еңбектерді зейін қоя оқуда. Партия ұйымдары бұл сабақтардың теориялық-идеялық жоғары дәрежеде өтуін қатты қадағалап отыр.

«Бүкіл саяси үгіт еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірі мен халықаралық жағдай туралы халыққа кеңінен және үнемі хабар беріп отыру негізінде жүргізілуге тиіс». Партияның XXIII съезінде бізге жүктелген міндет осындай. Сондықтан қала партия ұйымдары қазір саяси хабаршының атқарар қызметін жақсартып, ролін арттыруға ерекше назар аударуда. Бұл үшін, әрине, алдымен саяси хабаршы етіп білімді де саяси сауатты, үгіт жұмысын жүргізу тәжірибесі бар коммунистер тағайындалды.

Қазір барлық өнеркәсіп орындарының бастауыш партия ұйымдарында саяси хабаршылар тобы құрылып, жұмыс істеуде. Бірсыпыра мекемелер мен оқу орындарында да саяси хабаршылар тобы қалыптаса бастады. Қалада 100-ден аса осындай топтар ұйымдастырылған. Солардың құрамындағы 800-ге жуық саяси хабаршы, соның ішінде 500-ден аса коммунист еңбеккерлер арасында саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуге үлкен үлес қосып келеді.

Саяси хабаршылардың бәрінің де жоғары немесе орта дәрежелі білімі бар. Білімі мен ынта-ықыласына, қабілетіне қарай саяси хабаршыларды белгілі бір мәселе жөнінде әңгіме өткізуге мамандандыру шарасы жүзеге асырылды. Қалалық партия комитеті ұйымдастырған тұрақты семинар саяси хабаршылардың тәжірибесін молықтырып, саяси білімін арттыратын мектепке айналды. Оның сабағы ай сайын өткізіледі. Мұнда облыстық және қалалық партия комитеттерінің секретарьлары, мекемелердің басшылары, жоғары оқу орындарының ғалымдары шығып сөйлеп, баяндама жасап, саяси хабаршылардың бүгінгі таңда өткізетін әңгімелері жайлы кең мағлұмат береді.

Саяси хабаршылар семинарын ірі өнеркәсіп орындарының іргелі партия ұйымдары да өткізетін болды. Кәсіпорын партия комитеттері саяси хабаршылармен әрдайым нұсқау-кеңес өткізеді, оларға керекті материал әзірлейді. Әлбетте, саяси хабаршылар жұмысының жемісті болуы көбіне-көп бастауыш партия ұйымдарының басшылығы мен көмегіне тікелей байланысты екенін тәжірибе көрсетіп жүр. Бұған мысал ретінде цемент заводындағы саяси хабар жұмысының жайын алуға болады. Заводтағы 28 саяси хабаршы өздері маманданған салада саяси жұмыс жүргізеді. Мысалы, завод еңбеккерлеріне 9 адам халықаралық жағдай туралы, 10 адам партия мен үкіметтің ішкі саясаты туралы, ал қалған 9 адам еліміздің, қаланың экономикасы мен мәдениеті туралы хабарлап, әңгіме айтып береді.

Цемент заводы саяси хабаршыларының жоғары және орта білімі бар, бұлардың 19-ы коммунист. Бұл істі цех және бөлім бастықтары, экономистер мен инженерлер жүргізеді. Саяси хабаршылар завод коллективіне еліміздегі және халықаралық маңызды оқиғаларды дер кезінде хабарлап, олардың мән-мазмұнын түсіндіріп отырады. Саяси хабар завод коллективінің, қала еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттермен ұштастырыла жүргізіледі.



Партия ұйымдарының саяси хабаршылары өз коллективтерінде өткен жылдың екі айында СССР-дің сыртқы саясаты және халықаралық жағдай туралы 600-ден аса әңгіме өткізді. Еліміздің, республика мен облыстың, қаланың тіршілігі, аса маңызды оқиғалар туралы әңгімелер мазмұнды әрі қызғылықты өткізілетін болды. Міне осының бәрі партия ұйымдарына саяси хабаршылар жұмысын көзден таса етпей, жетілдіре, өркендете беру міндетін жүктеп отыр.

Идеологиялық жұмыстардың дені тікелей өндірісте, коллективте жүргізіледі. Әдетте бұған партия ұйымдары басшылық етеді. Дегенмен осы маңызды жұмысқа кәсіпорын, мекеме басшыларының араласуы да оның барысына белгілі әсер етпей қоймайды. Осыны ескеріп, қалалық партия комитеті коллективтегі саяси-тәрбие жұмысының жүргізілуіне кәсіпорын басшысының жауапкершілігін де арттыруға ерекше назар аударып отыр. Бұл мәселе қалалық партия комитетінің бюросында бірнеше рет талқыланды. Бюроның өткен жылғы март айындағы мәжілісінде Семей құрылыс тресі басшыларының идеялық-тәрбие жұмысына қатысуы туралы арнаулы мәселе қаралды. Мүқият әзірленіп, жан-жақты талқыланды. Осы мәселе күткен нәтижесін берді де. Ал өткен жылғы декабрьде жұмысшы жастардың оқуын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол бергені үшін қалалық партия комитеті жүн өңдеу зауытының директоры Б. Соколовский және партком секретары Г. Рахматуллин жолдастардың партиялық тәртібін қарап, оларға қатты ескерту жасады.

Партиялық насихаттың маңызды бір саласында — партия оқу жүйесінде насихатшылар қатарын басшы кадрлар есебінен нығайтуға назар аударамыз. Егер 1966 жылы небары 46 басшы қызметкер насихатшы болса, биылғы оқу жылында олардың қатары жүзге жетті. Қазір осылардың арасында мол тәжірибе жинақтап, коммунистер құрметіне бөленген насихатшылар аз емес. Бұл ретте кеме жөндеу зауытының директоры А. Мұстафин, мебель фабрикасының директоры К. Дадамбаев, аяқкиім фабрикасының директоры Ф. Ғұбайдуллин, Н. Крупская атындағы фабрика директоры М. Овчарова жолдастарды алдымен атау керек. Қазір бұлардың қатарына «Семипалатинскстройдеталь» тресінің басқарушысы В. Бурнашов, дайындау техникумының директоры К. Смағұлов, нан зауытының директоры В. Сенченко, шпал зауытының директоры В. Матюшенко жолдастарды қосуға болады.

Коллективтің бірінші басшысы насихатшылық ететін саяси мектептерде әдетте сабақ үздіксіз және идеялық-теориялық жағынан тиісті дәрежеде өтеді. Насихат жұмысымен шұғылдану үстінде басшылардың өздері де теориялық білімін арттырады, коллективпен тығыз байланыс жасап, ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіре, шындай түседі. Насихатшылар тәжірибе алмасқан бір семинарда осы жөнінде Ф. Ғұбайдуллин жолдас жақсы айтып берді.

Ол басқаратын марксизм-ленинизм негіздері мектебінің тыңдаушылары қазір ұсынылған әдебиетті өздігінен оқып, конспект жасауға машықтанды, жекелеген тақырыптар бойынша мазмұнды баяндама жасайтын болды. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін де оқып үйренуге дағдыланды. Мысалы, партия тарихын өткенде тыңдаушылар В. И. Лениннің «Не істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Кооперация туралы» сияқты бірқатар еңбектерін оқып, жап-жақсы конспектілер жасады. Сондай-ақ В. И. Ленин еңбектерінің бүгінгі күн міндеттерімен байланысын. КПСС Орталық Комитетінің шешімдерінде бұл идеялардың онан әрі қалай дамытылып отырғанын тыңдаушылар дұрыс ұғына білген.

Ғұбайдуллин жолдас өзінің әрбір сабағын алда тұрған міндеттермен байланыстырып отырады. Мысалы, социалистік құрылыс кезінде троцкистердің партия ішінде ірткі жасау ниетімен кәсіподақ жөнінде таңған дискуссиясының мәнісін талдай келіп, тыңдаушылар бұл мәсе-



лені бүгінгі күн міндеттерімен ұштастырды. Олар кәсіподақ ұйымының қазіргі өндірістегі, социалистік жарысты ұйымдастырудағы ролі, КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күресте оларға жүктеліп отырған міндеттер туралы келелі әңгіме қозғады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ кәсіподақ ұйымына берілген лениндік бағаның терең маңызы атап көрсетілді.

Тәжірибелі насихатшының әрбір сабағы міне осылай мазмұнды да тартымды өтеді. Ғұбайдуллин жолдас жақсы насихатшы ғана емес, сонымен бірге ол байсалды тәрбиеші және шебер ұйымдастырушы да. Коллектив бесжылдықтың үшінші жылының тапсырмасын ойдағыдай орындап, аяқ киім фабрикалары жарысында республика бойынша бірінші орынға ие болды. Жақсы насихатшы, өндірістің шебер ұйымдастырушысы Ф. Ғұбайдуллин жолдас жуырда Қазақстан КП Орталық Комитетінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамоталарымен наградталды.

В. И. Ленин кезінде кадрлардың өз басының үлгі-өнегесі, жиналыста сөз сөйлеуі саясатта маңызды роль атқаратынын ерекше атап көрсеткенді. Лениннің көзі тірісінде басшы қызметкерлердің жұмысшылар алдында саяси мәселе жөнінде баяндама жасайтын күндері белгіленген болатын. Бұл ретте Владимир Ильичтің өзі бас болып өнеге көрсетті. Ол Москва қалалық партия комитетінің жолдамасы бойынша әрдайым еңбекшілер және кәсіпорын коллективтері алдында сөз сөйледі. Ұлы көсемнің осы бір тамаша қасиеті біз үшін асқан үлгі, өшпес өнеге!

Қала кәсіпорындары басшыларының көпшілігі өз коллективі алдында лекция оқып, баяндама жасап, бұқара құрметіне ие болуда. Бұлардың қатарына «Большевичка» фирмасының директоры Н. Ғубанова, Семей темір жол станциясының бастығы В. Галкин, қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі И. Ким, аяқ киім фабрикасы партия ұйымының секретары Н. Артамонова жолдастарды қосуға болады.

Соңғы екі жыл ішінде саяси баяндамашылар қатары қаланың партия, совет және шаруашылық басшылары есебінен толықтырылды. Осындай білікті баяндамашылар саны қазір алпысқа жетті. Бұлар атаулы күндерде және әрбір лениндік жұмада еңбекшілер арасына барып лекция оқиды. Мұның өзі лекцияның тақырыбын кеңейтіп, сапасын да, санын да арттырды. Мазмұнды лекциялар қазір тікелей цехтарда, смелналарда оқылады және тыңдаушылардың талап-талғамына сәйкес лекциялар қазақ, орыс және басқа тілдерде оқылады. Былтыр 1967 жылғыдан бір мың лекция артық оқылды.

Коллектив арасындағы еңбек тәртібі мен қоғамдық тәртіптің жағдайы партия ұйымдары мен шаруашылық басшылары атқарған саяси-тәрбиелік жұмыстардың айнасы екені баршаға аян. Сондықтан қалалық партия комитеті тәртіп бұзудың қандай көрінісін болса да аяқсыз қалдырмай, оның себебін ашып беруді алдымен сол коллективтің басшысынан сұрайды және оған жол бермеу шараларын қолдануды талап етеді.

Өнеркәсіп, құрылыс, транспорт кәсіпорны коллективтерінің айлық, тоқсандық, жылдық жұмыс нәтижесі мен социалистік жарыс қорытындысын шығарғанда еңбек тәртібі мен қоғамдық тәртіптің сақталу жайы мықтап еске алынады. Мысалы, 1967, 1968 жылдары қалалық партия комитеті мен Совет атқару комитеті экономикалық көрсеткіштері жоғары болса да, право тәртібін бұзу фактілеріне жол бергені үшін 9 кәсіпорынды облыстық және қалалық құрмет тақтасына жазбауды ұйғарды.

Шаруашылық басшылары мен партия ұйымы секретарьларының кезекті семинарында бұл шараның себептерін талдап түсіндіріп береміз. Бұлардың ішінде силикат кірпіш заводы, протез заводы, мебель және пәтер үй жөндейтін фабрика, «Промстрой» құрылыс басқармасы және басқа кәсіпорындар бар. Мұның өзі шаруашылық басшыларының, пар-



тия ұйымының, әрбір коммунистің коллективтегі идеологиялық және тәрбие жұмыстарының пәрменділігін арттыру жолындағы жауапкершілігін, ынта-жігерін арттырды, оларды мықтап ойландырды. Қазір шаруашылық басшыларының дені идеологиялық жұмысқа бет бұрып, оның пәрменділігін арттыру жолында партия ұйымына көмек көрсетуде және бұл ретте кейбір тәжірибе де жинақталды. Мәселен, аяқ киім фабрикасының директоры Ф. Ғұбайдуллин жолдастың коллективтің әрбір мүшесін социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтап, үнемшілікке баулу әдісінен үлгі алуға әбден болады. Ал «Большевичка» фирмасының директоры Н. Губанова тігіншілердің жалпы білімі мен кәсіби шеберлігін арттыруға баса көңіл бөлсе, кеме жөндеу заводының директоры А. Мұстафин партия және комсомол ұйымдарымен бірлесе отырып, жас жұмысшыларды еңбек ардагерлерінің ізгі дәстүрі арқылы тәрбиелеуге күш жұмсап отыр.

Басшы қызметкерлердің идеялық жағынан жетіле түсіп, еңбеккерлердің жүрегіне жол таба білуі, өзінің өндірістік және қоғамдық қызметінде үлгі көрсетуі, сайып келгенде еңбек адамдарының коммунистік сана-сезімін арттыруға игі ықпалын тигізеді, өндірістік жоспардың ойдағыдай орындалуына әсер етеді. Қала кәсіпорындарының басым көпшілігі өндірістік тапсырмаларын ойдағыдай орындауда.

Идеологиялық жұмыстың барысына жауапкершілікті арттырудың игілікті әсері қазір айқын сезіледі. Екі мысал келтірейін. Өткен жылдың аяғында қала партия ұйымдарының бәрінде есеп беру-сайлау жиыналыстары болып өтті. Оның қай-қайсысында болсын коммунистер идеологиялық жұмысты жақсартуға ынталы екенін көрсетті. Партия ұйымының есепті баяндамасында саяси-бұқаралық жұмысқа үлкен көңіл бөлінді және шығып сөйлеушілердің үштен екі бөлегі идеология жұмысы туралы әңгіме қозғады.

Мерзімді баспасөзге жазылу барысын алайық. Егер 1964 жылы қаланың әрбір мың тұрғыны 472 газет пен журналға жазылса, 1969 жылы бұл көрсеткіш үш есе дерлік өсті — 1290-ға жетті. Сол 1964 жылы қала небары 2 475 дана «Правда» газетін жаздырып алған болса, биыл бұл газеттің 7 417 данасы таратылды, яғни қаланың әрбір жұмысшы коммунисті лениндік «Правданы» алып оқиды.

Соңғы уақытта идеологиялық жұмыс неғұрлым нақтылы жүргізілетін болды, оның мазмұны артып, тәсілі көбейе бастады, соның арқасында оның пәрменділігі күшейе түсті. Дегенмен еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге бағытталған идеологиялық жұмысымызда кемшілік жоқ деген пікір тумаса керек. Қала партия ұйымдары қазір идеологиялық жұмыста қол жеткен азын-аулақ тәжірибені кең қолданып, байыта отырып, еңбекшілерді В. И. Лениннің туғанына жүз жылы толуы құрметіне қабылданған социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындап шығуға жұмылдыруда.

---



## АГРОНОМИЯ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

Коммунистік қоғам орнатудың ұлан-ғайыр жоспарын жүзеге асыруда ғылымның ролі өлшеусіз. Қазір ол шын мәнісінде материалдық игіліктердің қайнар бұлағына айналып отыр. Мұның айқын мысалын агрономия ғылымынан да көреміз. Ауыл шаруашылық ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының қызметі халық шаруашылығының күллі саласын дамытуға, әсіресе ауыл шаруашылық өндірісін шұғыл өркендетуге тікелей әсер етуде.

Ғылыми агрономия — ауыл шаруашылық өндірісінің негізі. Агрономия ғылымының келелі проблемаларын тиянақты шешпейінше ауыл шаруашылық өндірісінің даму қарқынын жеделдету ешбір мүмкін емес. Ғылымның бұл саласына партиямыз бен үкіметіміздің ерекше зор мән беріп отырғаны да осыдан.

Аса көрнекті совет ғалымдарының Қазақстандағы агрономия ғылымын дамытуға үлес қоспағандары кемде-кем. Өйткені қазақтың бұл саладағы тұңғыш ғалымдарының бәрі бірдей Москваның, Ленинградтың, басқа да көптеген қалалардың жоғары оқу орындарында тәлім алып, солардағы лабораториялар мен тәжірибе егін жайларында ғылымның қиын жолына қанат қақты. Бостандыққа қолы жеткен қазақ халқы соншама қысқа мерзімде өзінің арасынан шыққан білгір мамандарға, берекелі егін шаруашылығына ие болды.

Бәрін салыстыру арқылы білесің дейтін нақыл бар. Бүгінгі барымыздың кәдірін түсіну үшін кешегі халімізге көз жүгіртіп көрейікші. Революцияға дейінгі егіншілік туралы айтудың өзі қиын. Тоқымдай жерге тары егіп, оның өзін ала жаздай торғай мен шегірткеден қорып, шамалы тірлік кешкені болмаса, қазақ жерінде айтарлықтай диқаншылық болған да емес.

Ал Совет өкіметінің елу жылы ішінде Қазақстан жеткен биікті қараныз. Ол аса қуатты индустриялы-колхозды республикаға айналды. Агрономия ғылымын өркендетуге де партия мен үкімет барлық жағдайды жасады. Соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде-ақ бұл салада ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең жүйесі құрылған болатын. Мұның ішінде 1930 жылы шаңырақ көтерген Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының топырақ зерттеу, агрохимия, егіншілік, өсімдік зерттеу, селекция мен тұқым зерттеу кафедралары, Қарабалық, Қарағанды, Шортанды (кейін бұл астық шаруашылығының ғылыми-зерттеу институты болып құрылды), Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан тәжірибе станциялары, Алматы, Зырян, Семей және Орал селекция станциялары бар. Сонымен бірге Бурное мен Қараталда, Қызылорда мен Осакаровкада тәжірибе егін жайлары жұмыс істеді. Ал Бүкіл одақтық топырақ зерттеу және агротехника институты филиалының негізінде 1934 жылы академик В. Р. Вильямс атындағы Егіншілік ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды.



Ғылми-зерттеу мекемелерінің ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары мен егін жайлардың кең жүйесін қамтып, ортақ басшылық жасау мақсатында 1941 жылы ВАСХНИЛ-дың Қазақ филиалы құрылып, оны атақты селекционер академик Н. В. Цицин басқарды. Бұл филиалдың тұңғыш басшыларының бірі, биология ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Қ. Мыңбаев республикадағы ауыл шаруашылығы ғылымын өркендетуге өте көп еңбек сіңірді.

Ауыл шаруашылығы ғылымының өндіріспен байланысын нығайту үшін 1956 жылы кішігірім тәжірибе станцияларының орнына комплексті ғылыми-өндірістік мекемелер — облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары құрылды. Оларға жүктелген міндет қыруар. Мәселен, бұл станциялар әрбір облыстың жер жағдайына байланысты егіншілік пен мал шаруашылығының келелі проблемаларын ғылыми тұрғыдан комплексті түрде шешуі керек. Тұжырымдап айтқанда, бұл проблемалар мынадай: ауыспалы егісті пайдалана отырып, сондай-ақ тыңайтқыштардың, техниканың көмегі арқылы топырақ өңдеу әдістерін қолдана отырып, егіншіліктің дұрыс жүйесін енгізу; колхоздар мен совхоздарда негізгі дақылдардың сортты тұқымы жеткілікті болуын қамтамасыз ету, сөйтіп дақылдардың сортын ауыстырып, жаңартып отыру; мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін тұрақты жемшөп базасын жасау. Республика ауыл шаруашылығының алдында тұрған осы алуандас күрделі міндеттерді үйлестіре шешу қажеттігін өмірдің өзі алға қойып отыр.

Берік ғылыми негізге сүйенген облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станциялары соңғы он жыл ішінде біраз табысқа жетті. Егіннің түсімі мен ауыл шаруашылық өндірісінің өнімділігі бұрынғы дәрежесінен әлдеқайда асып түсті. Тың жерлерді игеру және егіншілік мәдениетін жаппай арттыру нәтижесінде, үш рет айналып соққан қуаншылыққа қарамастан, соңғы 11 жылда мемлекетке тапсырылған астықтың жылдық орташа мөлшері 629 миллион пұттан айналды. Қазір Қазақстан товарлы астық өндіру жөнінен Одақ бойынша алдыңғы орындардың бірінде келеді. Мұнда агрохимия ғылымының да мол үлесі бар десек, асыра айтқандық емес.

Агрохимия ғылымын өркендетуде республика ғылыми-зерттеу мекемелерінің, ауыл шаруашылық жоғары оқу орындарының, сондай-ақ облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларының ролі айрықша. Шортандыдағы астық шаруашылығы институты мен Павлодардағы эрозияға қарсы күрес станциясының ғылыми қызметкерлері жүргізіп келе жатқан қыруар жұмыс осының дәлелі. Олар шөп танапты ауыспалы егіс жүйесін қолдана отырып, жел эрозиясына қарсы күресте айтарлықтай табысқа жетті. Бұл істе жерді қайырмасыз плугпен өңдеудің де зор маңызы бар. Павлодар облысының көптеген совхоздары мен колхоздары осындай агрокомплексті пайдалана отырып, қазірдің өзінде жел эрозиясын болдырмаудың бірталай шараларын жүзеге асырды.

Қазақстанның селекционерлері де бұл істің үдесінен шығып келеді. Олар ауыл шаруашылық дақылдарының әртүрлі 85 сортын шығарып, аудандастырды. Әсіресе А. Гольбек шығарған «Красная звезда» күздік бидай сорты, В. Кузьминнің «Акмолинка-1» және «Акмолинка-5» жаздық бидайы, Л. Пименованың «Кустанайская-14» және «Жана қызыл» сорттары, Н. Удольскаяның «Қазақстанская-126» сорты кең тарап, ерекше мақтау алды.

Республикамыздың байырғы жоғары оқу орындарының бірі — Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институты 40 жылға жуық уақыт бойында егіншілікті ғылыми негізде жүргізудің теориялық және практикалық проблемаларын шешу, ауыл шаруашылық өндірісі үшін білгір мамандар даярлау арқылы колхоздар мен совхоздардың талап-тілегін



орындап келеді. Біздің институт өз өрендеріне агрономиялық терең білім береді. Оларды еңбекке деген сүйіспеншілік пен өз мамандығын қастерлеу сезіміне тәрбиелейді.

Институт ауыл шаруашылығы өндірісінің сан саласын түгел қамтиды деуге болады. Мұндағы ғалымдар коллективінің шарқ ұрған творчестволық ойы қазіргі ғылыми агрономияның бар қойнауын түгел шарлап, көптеген теориялық, практикалық мәселелердің шешімін тынбастан іздеуде. Ғылыми зерттеулердің кең көлемде жүргізілуіне институттың тамаша тәжірибе базасы мүмкіндік беріп отыр. Мәселен, Жанашар оқу-тәжірибе шаруашылығы мен оның Талғардағы бөлімшесі осындай. Бұларда тек институт ғалымдары ғана емес, аспиранттар, студенттер мен студенттік ғылыми қоғамның мүшелері де әралуан тәжірибе жүргізеді.

Институттың егін шаруашылығы, өсімдік зерттеу, селекция мен тұқым шаруашылығы кафедралары кезінде Қазақстандағы ауыл шаруашылық тәжірибе ісінің қара шаңырағы атанған болса, қазір де бұлар республика агрономия ғылымының орталығы іспетті. Бұл кафедраларды Н. И. Малов, С. С. Геркен, К. Ю. Чехович, Г. Г. Гушин, К. Мынбаев, Ә. Жұматов сияқты айтулы ғалымдар басқарғанын біз мақтаныш етеміз. Олардың институт өміріне байланысты қызметі ғана емес, ғылымдағы есімі де бізге тым қастерлі. Мысалы, Н. И. Малов республиканың оңтүстігіндегі суармалы жерлерде ауыспалы егін жүйесін енгізу мен топырақты өңдеу ісіне елеулі жаңалықтар қосқан болатын. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары әлі де жүргізілуде. Ал соғыстан кейінгі жылдары селекция мен тұқым шаруашылығы жөніндегі жұмыстарға профессор К. Мынбаев пен доцент Ә. Жұматов басшылық етті. Олар көптеген дәнді, майлы дақылдардың биологиясын зерттеп, осы дақылдардың тұқым қуалаушылық қасиетін бағыттап өзгерту жолында көп еңбек сіңірді. Әлденеше рет сұрыптау және қайталап будандастыру әдісімен Ә. Жұматов жаздық бидайдың екі сортын шығарды. Қазір бұл сорттарды жетілдіре түсу жолында доцент А. П. Каширина еңбек етіп жүр.

Бүгінде институт ғалымдары жүргізіп келе жатқан зерттеу жұмыстары өте көп. Оның бәрін жіпке тізіп жатудың қажеті бола қоймас. Кафедралардың қызметкерлері өздерінің ұстаздық және ғылыми жұмысына қоса, алуан түрлі бағыттағы қоғамдық жұмысқа да белсене араласады. Мәселен, біздің кафедраның жанынан ұйымдастырылған консультациялық бюро (мүшелері Ә. Әжікеев, М. Мейірманов, М. Ягуткин және басқалар) жыл сайын ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ондаған талап-тілегін орындайды. Ауыспалы егіс жүйесі мен топырақты өңдеу жүйесін совхоз, колхоз өндірісіне енгізуге көмектеседі.

Институттың көптеген өрендері ғылым асқарына құлаш сермеп, жемісті еңбек етіп жүр. Ауыл шаруашылығы ғылымының докторлары Ю. Зыков, Х. Сүйіндіков, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, институт ректоры Х. Арыстанбеков, ауыл шаруашылық және биология ғылымының кандидаттары М. Әбдірәшитова, Ә. Әжікеев, А. Дорофеев, Ж. Шәріпбаев, А. Алтынбеков, Г. Каплина, Т. Тазабеков, А. Жанғалиев, И. Андронов, Ш. Шолтыров, В. Васильев, М. Мейірманов, Б. Шығаров, М. Молдахметов, Т. Рақымбеков, А. Әуезов ғылымға осы институттың табалдырығынан аттаған болатын. Сонымен бірге совхоз, колхоз өндірісінде тікелей істейтін ғылым кандидаттары Қ. Асанов пен Қ. Нұғманов та біздің институттың тұлектері.

КПСС Орталық Комитетінің өткен жылғы октябрь Пленумында ауыл шаруашылығындағы істің жайы талқыланды. Бұл Пленумда ауыл шаруашылығын өрге бастыруға бағытталған партия шешімдерінің орындалу барысы қаралып, жинақталған тәжірибе қорытылды, халық



шаруашылығының аса маңызды осы саласын одан әрі өркендетудің нақты шаралары белгіленді.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1968 ж.) Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығындағы басты міндет астық өндіруді өркендету болып қала береді деп көрсетті. Атап айтқанда таяудағы жылдардың ішінде орташа жылдық астық өндіруді шамамен 190—200 миллион тоннаға жеткізу керек. Республика ауыл шаруашылығы еңбеккерлері осы міндетті орындауға үлес қосып, өткен жылы мемлекетке 708 миллион пұт астық сатты. Бұл жоспардағыдан 110 миллион пұт артық. Негізгі дақыл — жаздық бидаймен бірге тары, күріш өсіруге де назар аударылып отыр.

Мұнымен бірге егіншілік мәдениетін көтеру, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелігін, тиімділігін арттыру міндеттері алға қойылып отыр. Бұл міндеттер октябрь Пленумының шешімдерінде және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысында ерекше атап көрсетілді. Аталған документтерде әртүрлі табиғи-экономикалық аймақтар үшін ғылыми негізделген егіншілік жүйесін жетілдіру, ауыл шаруашылығы дақылдарының мол өнімді жаңа сорттарын шығару, ғылыми зерттеулердің дәрежесін арттыру, сол сияқты ауыл шаруашылығы өндірісінде теориялық зерттеулер мен оны практикалық істе қолданудың арасындағы алшақтықты жою арқылы ғылыми мекемелердің жұмысын мықтап жақсарту міндеті қойылған.

Партия мен үкіметтің жоғарыда аталған қаулысы республикамызда агрономиялық ғылымды дамытуға тікелей әсер етеді. Соңғы жылдары Қазақстанда әр облыс бойынша ауыл шаруашылығын өркендетудің жүйесін жасау жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Бұл жүйелерді мейлінше жетілдіріп, ғылым мен озат тәжірибенің соңғы жетістіктері негізінде жасалған ұсыныстармен толықтырып отыру қажет. Осыған орай жергілікті жердің жағдайына сәйкес астықтың, бұршақ дақылдарының жаңа да мол өнімді, төзімді сорттарын шығаруға ғылыми күшті шоғырландыру керек. Ол үшін республикамызда селекциялық орталық ашатын уақыт жетті. Агрономия ғылымы қызметкерлерінің алдында жерді мелниорациялау, химияландыру, ауыл шаруашылығы өндірісін комплексті механикаландыру жөнінде де түбегейлі міндеттер тұр. Бұл міндеттерді жүзеге асыру КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдерін ойдағыдай орындауға қосылған елеулі үлес болмақ.

Республиканың ауыл шаруашылық ғылымы зор өрлеу үстінде. Оның ілгері дамытушы ғалымдар қатары күн санап өсіп келеді. Бұл сапта біздің институттың ғалымдары да бар. Олар өздерінің творчестволық ойын шындай түсіп, алдағы ұлы мерекені — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын тамаша табыстарымен қарсы алары күмәнсіз.

**И. СУЛЕЙМЕНОВ,**  
ауыл шаруашылығы ғылымының  
докторы, профессор.



# МАҢҚЫСТАУДА ЖЕМІС-ОВОЦ

## ӨСІРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Маңқыстау — Каспий теңізіне еңкейе келіп негін тіреген шөлді түбек. Қазір осы түбектен табылып жатқан мұнай мен газды былай қойғанда, көмір, фосфор, марганец Маңқыстау даңқын шартарапқа әйгілі етуде.

Маңқыстаудың жер бедері өте қызық. Оның солтүстігінде ақ сорлы, айыр күмді Бозашы түбегі тұрса, батысында тік жағалаулы Тұпқараған түбегі көрінеді. Осы екі түбектің ортасында ақ жиекті борлармен боялған Қаратау мен Ақтау жоталары жатыр. Екеуінің етегінен оңтүстікке қарай көсіліп жатқан шөл дала Кендірлі өтеді де, төменнен тұрып шалқая қарағанда, басындағы бөркін түсетін Үстірттің биік шындарымен аяқталады. Осы маңда сорлы, шаңы бұрқырап жататын ойпаттар да көп. Солардың ішінде СССР-дегі ең үлкен және дүние жүзінде үшінші орын алатын Қаракіе ойпаты бар. Бұл ойпаттың түбі мұхит деңгейінен 132 метр төмен жатыр.

Осындай құлазыған шөл даладан мұнай қоймасын табу да оңайлыққа түскен жоқ. Әйтсе де 1961 жылдың жазында барлаушылар Жетібайдан тұңғыш рет мұнай фонтанын атқылатты. Көп ұзамай Өзенде 800 метрлік тереңдіктен табиғи газ табылды. Тенге, Тасболат және Қарамандыбас сияқты жерлерден мұнай шықты. Осы маңда аз уақыттың ішінде Шевченко, Өзен, Жетібай және Ерәлиев сияқты мұнайшылар қалалары пайда болды. Каспий теңізінің жағасындағы Шевченко қаласы Маңқыстау мұнайшыларының орталығына айналды. Мұнда 7—9 қабатты зәулім үйлер салынып, пайдалануға берілді.

Қазіргі уақытта Маңқыстау үлкен индустрия орталығына айналып отыр. Маңқыстау мұнайын тасымалдау үшін Мақат—Шевченко және Өзен—Шевченко темір жолдары іске қосылды. Бұл күндері Бейнеу—Қонырат темір жолы салынуда. Маңқыстауда өндіріс кең құлаш жайған сайын оның халқы да көбеюде. Алдын ала жасалған есеп бойынша 1980 жылы Маңқыстау халқы 200 мыңға жетпекші. Осыған орай Маңқыстау маңайын көгалдандыру, тұрғын халықты басқа да азық-түлік түрлерімен қатар жеміс-өзіппен қамтамасыз ету проблемасы бірінші кезекке қойылуда. Қазіргі кезде Маңқыстау мұнайшыларына қажетті пияз, сәбіз, қияр, қарбыз, қауын, алма, алмұрт сияқты өзі, жемістер, картоп еліміздің басқа аудандарынан жеткізілуде. Әйтсе де бұл жөніндегі халық мұқтажы толық қанағаттандырылмай келеді.

Өсіп келе жатқан осы өндірістік ауданның жеміс-өзі жөніндегі сұранысын қанағаттандыру үшін бау-бақша егуі осы жерде ұйымдастырудың маңызы зор. Біздің жасаған есебімізге қарағанда әрбір мың адамға бау-бақша өнімдерін өндіру үшін 2 гектардан, ал, алма, алмұрт секілді жеміс ағаштарын өсіру үшін 3 гектардай жер қажет. Маңқыстау халқы 200 мыңға жеткенде мұндай бау-бақша өсіру үшін небәрі 1000 гектардай суармалы жер қажет болады. Біздіңше, бұл проблеманы шешудің екі түрлі мүмкіншілігі бар сияқты.

Біріншіден, жаңадан салынып жатқан Шевченко, Өзен, Жетібай, Ерәлиев қалаларының маңынан 100—200 гектар жерді тандап алып бау-бақша өсіруге болады. Бұл тұста ойланатын бір мәселе — осы қала-



лар маңындағы топырақтың құнарсыздығы. Бірақ топырақты мелиорациялау жолымен өңдеуге, сөйтіп оның құнарлылығын арттыруға әбден болады. Ол үшін топырақты шайып жуып, минералдық тыңайтқыштар беріп өңдеген жөн.

Екіншіден, осындағы тау қойнауларында су бұлағы бар ойдым-ойдым жерлер кездеседі. Осы күнге дейін ол жерлер мал үшін пайдаланылып келген болса, алдағы уақытта оны жеміс-жидек үшін пайдалануға болады. Мұндай жерлер аудан орталығы Шетпе төңіректерінде көп. Осындай тандап алынған жерлерге өсірілген бау-бақша, жеміс өнімдерімен Өзен, Жетібай, Ерәлиев тұрғындарын ойдағыдай қамтамасыз етуге болады. Ол өнімдерді аталған қалаларға Шетпе темір жол станциясы арқылы жеткізу де оңай.

Маңкыстаудың жер жағдайын зерттеп бағдарлау үшін Қазақ ССР Ғылым академиясы 1964 жылы арнаулы қаулы қабылдаған болатын. Бұл бағытта жүргізілер жұмыстар бірнеше институтқа тапсырылды.

Сол институттардың бірі—Топырақ тану институты «Маңкыстау топырағын ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге қалай пайдалану қажет» деген жоспармен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұндағы басты мақсат—осы ауданның картасын жасап, суаруға жарамды құнарлы жерлерді тандап алып, оны алдағы кезде пайдалануды негіздеу.

Бау-бақша өсіруге жарамды жерлер тау қойнауының ішіндегі бұлақтар жанынан табылды да. Қазірде мұндай жерлерді пайдаланып отырған колхоздар да бар. Келешекте пайдалануға жарайтын жерлер Ағашты, Оңды, Шайыр, Сарыой, Күркіреуік, Уланак маңында мол. Тұрғындардың айтуына қарағанда бұл жерлерге ілгеріде бидай, тары, жүгері сияқты дәнді дақылдар егіліп, одан тәуір өнім алынған. Күні бүгінге дейін тау қойнауындағы су көздерін пайдаланып, бау-бақша, жеміс ағаштарын өсіріп отырған Ленин, «Қазақстанның 40 жылдығы», «Правда» атындағы, «Жаңа жол», «Екпінді» секілді колхоздар бар. Бұл шаруашылықтардың қазіргі игеріп отырған жер көлемі 3—5 гектар шамасындай. Әйтсе де олар осы жерге жоңышқа, бау-бақша егіп, одан әжептәуір өнім алып келеді.

Әңгіме колда барды ұқсата білуде. Мысалы, «Правда» атындағы колхоздың жеміс бағы өте тамаша. Бақтың көлемі бас-аяғы 5 гектар. Бірақ сол жерден алынатын өнім колхоз тұрғындарына жеткені былай тұрсын, оларды аудан орталығына апарып өткізіп, колхоз біраз табыс та тауып жүр. Сондай-ақ Тұщыбекте Ботаника институты еккен көлемді жеміс-жидек бауы бар. Осы жерде шопандар үшін демалыс үйі ұйымдастырылған.

Зерттеу жұмыстары осындағы жерлердің көпшілігі сортаң, топырақ құрамында өсімдіктер қоректенетін азот пен фосфор сияқты заттардың аз екенін анықтады. Сөйтсе де арнаулы мелиоративтік өңдеу жұмыстарын жүргізу арқылы бұл жерлерді кәдеге жаратуға келеді.

Топырақ тану институты жүргізіп жатқан зерттеу жұмыстары екі нәрсені көздейді. Оның бірі—Маңкыстау маңайының топырақ түріне, ауа райына бейімделіп, тез өсіп көгеретін ағаш түрлерін іріктеу болса, екіншісі—оларды суаратын су мөлшерін анықтау.

Су мәселесі—Маңкыстаудағы ең маңызды мәселенің бірі. Бау-бақша өсіру суға тікелей байланысты. Бұл мәселені шешудің екі жолы бар. Оның бірі—осы ауданның тау қойнауы мен алқаптарындағы жер қабаты астында кездесетін тұщы сулардың көзін табу. Бұл жерлерде қазір зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. Таулы жерлерден тұщы су көздері табылып та отыр. Осында бұрғыланған скважиналардан атқылап су шығуда. Ол судың мөлшері секундына 2—3 литрдей. Ал тау қойнауында кездесетін бұлақтар секундына 0,7—1,5 литрге дейін су береді. Алдағы уақытта осындай бұлақтардың көзін ашу үшін бұрғылау жұмыстары жүргізілмекші. Осындай су көздері Шайырдан, Тұщыбектен, Шетпеден,



Ауызбастыдан табылып отыр! Шайыр, Тұщыбек сулары жеміс-жидек ағаштарын суаруға пайдаланылуда.

Зерттеу қорытындылары таулы жерлерден шамамен алғанда секундына 120—150 текше метрлік су беретін су қоры барын анықтады. Егер осы суды орынды пайдалана білсе, онда бау-бақша өсіруге мол мүмкіндік туады.

Маңқыстауда жер асты суы да мол. Өзенмен Жетібайға қазірдің өзінде Сауысқаннан табылған тұщы су құбырмен берілуде. Алдағы уақытта Бостанқұм және Түйесу құмдарынан табылған сулар да осы қалаларға жеткізілмек. Сөйтіп екі қаланың су жөніндегі мұқтажы түбегейлі шешілмек. Айта кететін бір жәйт, әзірге бұл су — бау-бақша мен жеміс-жидек ағаштарын өсіру үшін қолданылмай отыр.

Шевченко мен Ерәлиевті сумен қамтамасыз ету мәселесі тез шешілді. Шевченкоға таяу жерден жылу электр станциясы салынды да, химиялық жолмен Каспий теңізінің суы тұщыландырылып, қала тұрғындарының қажетіне жаратылды, 70 шақырым жердегі Ерәлиевке де жеткізілді. Бұл суды Шевченкодағы питомник те пайдалануда. Қазір мұнда жайқалып өскен жасыл бақ бар.

Жалпы Маңқыстау өнірін суландыру жөнінде Ленинградтың «Гидропроект» институты жасаған бірнеше жобалар бар. Оның біріншісі — Волга өзенінің суын Каспий теңізі түбіне төселген су құбыры арқылы Шевченко қаласына шығару болса, екіншісі — Жайық пен Амудария суын Мақат пен Бейнеу арқылы Өзен, Жетібай, Ерәлиевке апару. Сол секілді Ембі өзенін Аралтөбе су қоймасы арқылы пайдалану. Шевченко қаласында Каспий суын тұщыландыратын атомдық-реакторлық станция салу да жобаланған.

Жоғарыда айтылған суландыру жүйелері экономикалық жағынан алғанда қымбатқа түспекші. Судың әрбір текше метрі ақшаға шаққанда 18—26 тиыннан келмекші. Мұның өзі бұл суды тек қана қала тұрғындары мен өндіріс орындары пайдаланады деген сөз. Бұл мәселені әлі де болса ойлана түсу қажет.

Шевченко, Өзен, Жетібай, Ерәлиев қалаларын ауыз сумен қамтамасыз ету шараларымен қатар олардың маңайына бау-бақша егіп, ауланы көгалдандыруды қоса қарастырған орынды. Су тапшылығына байланысты жеміс ағаштарын, қала берді жай сән ағаштарын өсірген кезде оларға бірыңғай тұщы суды пайдаланбай, қала тұрғындары қолданған шайынды суларды да пайдаға асырған жөн. Бұл сулардың құрамындағы ащы қышқылды ертіндіні химиялық жолмен айырып, тазалауға болады. Ол үшін шайынды суды қоймаға жиып, тиісті химиялық өндеуден өткізген дұрыс. Сонда тазарған суды жоғарыда айтылған шаруашылықтар түріне толығынан пайдалануға болады. Әрі осы сулардың құрамында өсімдіктерге керекті органикалық заттар мол.

Суармалы егістің топырағын өңдейтін жергілікті тыңайтқыш түрлері де көп. Сондай минералдық тыңайтқыштың қатарына су балдыры мен балық-консерві комбинатының өндіріс қалдықтарын жатқызуға болады. Осы екеуінің қай-қайсысы болса да жергілікті жерде мол. Мысалы, су балдырлары теңіз жағалауларында үйіліп босқа жатады. Комбинат аулаларында қалатын балық шірінділері де көп.

Маңқыстау түбегінің қазіргі шөлді, шанды қалпын өзгертіп, жайқалған бау-бақшасы, жеміс-жидегі бар көгалды да көрікті ауданға айналдыруға мүмкіндік мол. Әңгіме соны ұйымдастыра білуде.

**А. МОЛДАБЕКОВ.**

Қазақ ССР Ғылым академиясы Топырақтану институтының ғылыми қызметкері.



# ЖАҢА КІТАПТАР

## ТУҒАН РЕСПУБЛИКА ТУРАЛЫ ЕҢБЕК

Өткен жылдың аяғында «Қазақстан» баспасы «Қазақ ССР» деген шағын кітапшаны қазақ тілінде басып шығарды. С. Б. Бәйішев, М. А. Биндер, Ғ. С. Сапарғалиев, Т. В. Чечелева сияқты авторлар коллективі жазған бұл кітапшадан туған республикамыз туралы көптеген қызықты мағлұматтар алуға болады. Жер көлемі жағынан елімізде екінші, халқының саны жағынан үшінші орын алатын Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың километрден асады. Республикада 16 облыс, 64 қала, 167 қала типтес поселке бар.

Кітапшадан республиканың халқы, Октябрь революциясына дейінгі әлеуметтік жағдайы, Қазақстанда социализмнің жеңуі, мемлекеттік құрылысы жөнінде қызықты да қысқаша деректер келтірілген. Сонымен бірге Қазақстан Коммунистік партиясы мен басқа да қоғамдық ұйымдар туралы әңгімеленеді. Республиканың халық шаруашылығы мен ұлт мәдениетінің өркендеуіне авторлар көбірек тоқталған.

Бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстанда да халық саны шапшаң өсіп келеді: соңғы елу жыл ішінде республика халқы екі еседен астам көбейді. Халықтың әлеуметтік құрамы да өзгерді. Республикада жұмысшылар (семья мүшелерін қосып есептегенде) — 54,4 процент, колхозшылар — 20,8 процент, қызметшілер, оқушылар, пенсионерлер және басқалары — 24,8 процент.

Қазақстанның жер қойнауында қазба байлықтар орасан мол. Совет өкіметі тұсында өлкенің байтақ жерінде геологиялық-барлау жұмыстары жүргізіліп, пайдалы кен орындары көптеп ашылды. Дәл қазіргі уақытта Қазақстанда қазба байлықтардың жүзге жуық түрі бар. Түсті металдың запасы жағынан Қазақстан одақтас республикалардың ішінде бірінші орында. Ал Жезқазған кені мыс запасы жөнінен дүние жүзінде екінші орында. Кенді Алтайда полиметалл рудаларының, никель, алюминий кендерінің бай қоры бар. Сол сияқты темір, көмір жөнінде де республика елімізде көрнекті орын алады. Соңғы жылдары Манкыстауда мұнай мен газдың бай көзі ашылды. Ал Қаратауда табылған фосфорит қоры ғажап.

Міне осындай қисапсыз мол байлықтың бәрін республика еңбекшілері коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындауға пайдалануда.

Лениндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия мен Совет мемлекеті ұлттардың өзін-өзі билеу правосын жариялап, оны толық жүзеге асырды. Оны біздің республикамыздың мысалынан айқын көруге болады.

«Қазақ халқының көптеген жиналыстарда, съездерде, конференцияларда білдірген тілектеріне сәйкес 1920 жылғы 26-августа В. И. Ленин мен М. И. Калинин Россия Социалистік Федеративтік Советтік Республикасының (РСФСР-дің) құрамында Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы Декретке қол қойды» делінген кітапшадан Қазақ республикасының құрылуы тарихи маңызы зор оқиға болды. Мұның өзі Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты еді. Республиканың құрылуы жергілікті ұлттардың қалың еңбекші бұқарасын мемлекетті басқаруға кеңінен қатыстыруға көмектесті. 1936 жылы СССР Конституциясы негізінде Қазақ АССР-і суверенді мемлекет — одақтас республика болды.

Қазір Қазақстан мемлекеттік құрылысы, халық шаруашылығының дамуы, мәдениетінің гүлденіп өсуі жағынан алғанда еліміздегі іргелі одақтас республикалардың бірінен саналады. Осы жөнінде де кітапшадан мол дерек, жақсы мағлұмат алуға болады. Кітапша түрлі суреттермен безендірілген.

Бұл кітапша келер жылы өзінің 50 жылдығын тойлағалы отырған республикамыз туралы оқып, білгісі келетіндер үшін аса пайдалы.

## ҚАҺАРМАНДЫҚ ӨНЕГЕСІ

«Қазақстан» баспасы 1968 жылдың соңғы айларында «Жауынгер хаттары», «Есімізде қанды майдан, жорықтар», «Жорық жолдары» деген кітаптарды басып шығарды. Осы аталған үш кітаптың да негізгі тақырыбы, өзекті арқауы — Ұлы Отан соғысы жылдарындағы совет жауынгерлері мен партизандарының қаһармандық ерлігі.

«Жауынгер хаттары» деген жинақта РСФСР-дің және туысқан республикалардың мемлекеттік және партия архивтерінде, СССР Министрлер Советінің Радио хабарын тарату және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитетінің архивінде, СССР Ғылым академиясы тарих институтының қолжазбалар қоры бөлімінде, ВЛКСМ Орталық Комитетінің архивінде, бірқатар облыстық архивтерде және орталық газеттердің архивтерінде, СССР Қарулы Күштерінің Орталық музейінде, СССР Мемлекеттік революция музейінде және басқаларында сақталған майдан жауынгерлерінің, сондай-ақ партизандардың, астыртын жұмыс жүргізгендерің хаттары мен тыл еңбеккерлерінің майданға жазған хаттары жарияланған.

Осы бір қысқа да қарапайым жазылған хаттардан Советтік Отанның абыройы мен данқы үшін солдат шинелін киіп, Ұлы Отан соғысына аттанған со-



вет адамдарының рухани күшін айқын көруге болады. Қан майданда ұрыс пен шабуыл арасында, окоптар мен блиндаждарда жазылған осы шағын хаттар бар шындықтың шынайы куәсі сияқты.

Біздің жауынгерлеріміз сүйікті Отанын жан-тәнімен қорғай білді. Туған елдің ұлтарактай жері үшін қасықтай қаны қалғанша арпалысып, жауды жер құштырды. Олар қас дұшпанына мейлінше қатал, рақымсыз болғанымен, туған-туыскандарына, дос-жолдастарына, жалпы еңбекші халыққа өте мейірімді, ілтипатты болды. Өйткені оны Коммунистік партия тәрбиеледі. Ол советтік құрылыс жағдайында өсті, советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленді.

Неміс-фашист басқыншыларға қаһарман Совет Армиясының жауынгерлері ұрыс даласында соққы берсе, олардың әке-шешелері, апа-қарындастары тылда қажырлы еңбегімен майданға көмектесті. Олар заводтар мен фабрикаларда, совхоздар мен колхоздарда күн-түн демей еңбек етіп, армияны қару-жарақпен, киім-кешекпен, азық-түлікпен үнемі жабдықтап отырды.

Сөйтіп, жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекетін қорғау міндеті жүктелген Совет Армиясы мен совет халқының мызғымас бірлігі Ұлы Отан соғысы жылдарында бұрынғыдан да мықтап нығайды. Осындай ұлы ынтымақ пен бірліктің арқасында, Коммунистік партияның дана басшылығымен совет халқы гитлершіл басқыншылардың күлін көкке ұшырып, дүниеде теңдесі жоқ тарихи ұлы жеңіске жетті.

«Жауынгер хаттары» — Ұлы Отан соғысы жылдарындағы басты-басты оқиғалардың шежіресі іспетті.

Бұл кітап бұдан бұрын Москвада Саяси баспада орыс тілінде шыққан болатын. Бұл кітапта майдандағы жауынгерлердің қазақстандық еңбек ардагерлеріне, әдебиет пен мәдениеттің көрнекті қайраткерлеріне жазған хаттары да бар. Мәселен, Батыс майданы пулеметшілерінің 1942 жылдың 25 сентябрінде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Құрман» колхозының Ленин ордендітары өсірушісі Шығанақ Берсневке, жауынгерлердің қазақ ақыны Жамбылға жазған хаттарын алайық. Сол хаттардың бәрінде де майдан мен тылдың шындығы шертіледі. Адамгершілік асыл қасиеттерге толы бұл документтер еш уақытта да ескірмейді. Майдан жауынгері М. Исаеваның Алматы тұрғындарына арнаған хатын оқығанда қалай тебіренбейсің! Жаралы аяғын жайлап басып, түн қаранғысында бейтаныс қаланың орталығына қарай келе жатқан Исаеваны бір әйел қуып жетіп, оның шинелі мен зат салған дорбасын алып жүруге көмектеседі. Бұл қалада танысы жоқ екенін білген соң тура үйіне апарды. Ол тігін фабрикасының жұмысшысы Анастасия Ильинична Величкина еді. М. Исаева өкпесі қабынып, қатты ауырғанда партия қызметкерлері Моро-

зова мен Боровикова, дәрігер Титинер үлкен қамқорлық жасайды. Совет адамдарының осындай жақсылық шарапатына риза болған жауынгер М. Исаева былай деп жазады:

«Мен майданда көп қайғы-қасірет шектім. Жолдастардың өлімін, совет адамдарының қанын көрдім, әйелдер мен балалардың ыңырсыған дауыстарын есіттім, көз жасын көрдім. Мен өзімнің 8 жастағы ұлым Володаның өлімін көрдім, ол фашистік күшігендердің әуе шабуылы кезінде қаза тапты. Бірақ мен соның бәріне де көндім, жыламадым. Менің іші-сыртым тұтасып тастай болып қалған еді, мендегі қалған сезім — тек жауға деген өшпенділік, қалай да дұшпаннан кек алу еді.

Ал қазір мен жат та болса жақын-ымдай көретін бір әйелдің пәтерінде төсекте жатып, оқтын-оқтын жылап аламын. Жылағанда қайғыдан емес, деген ауырғанынан емес, жүрегімді жақсы совет адамдарына деген алғыс сезім кернегендіктен жылаймын...

Көп ұзамай еңбек семьясына қайтып ораламын. Сонда мен қарғыс атқыр фашистердің біржолата құртылуын тездетуге көмектесу үшін қандай жігермен жұмыс істегенімді көрсеніз еді!»

Сол сияқты бұл кітаптың беттерінен совет жауынгерінің, Отанымыздың қаһарман қорғаушысының, Европа халықтарын фашистік езгіден азат етушінің тамаша асыл бейнесін көреміз, ой өрісін аңғарамыз.

«Есімізде қанды майдан, жорықтар» деген жинақ қазақстандық жауынгер жазушылар мен журналистердің естеліктерінен, очерктерінен құралған. Мұнда да Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндеріндегі совет халқының табандылығы баяндалады. Авторлардың очерктеріндегі кейіпкерлері ойдан шығарылған емес, бәрі де өмірде болған, тарихта бар адамдар.

Жинақта майдан мен тылдың біртұтастығы, совет адамдарының ерлік еңбегі паш етіледі. Ол атакты жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Майданшылар» атты шығармасымен ашылады. Ал Совет Одағының Батыры, белгілі ғалым Мәлік Ғабдуллин дақты панфиловшы жауынгерлердің Отанымыздың астанасы — Москваны қорғаудағы аңызға айналған ерлігін «Ел намысы — ер намысы», «Төлеген Токтаров» деген екі очеркінде шебер суреттейді.

Елімізді гитлершіл басқыншылардан қорғау жорығында партизан бөлімшелерінде соғысқан Қасым Қайсенов пен Токтағали Жанкелдин өздерімен бірге қар жамылып, мұз жастанған қанды көйлек қаруластарының ержүрек қимылы жайлы тебірене жазады. Сол сияқты жазушылар Сырбай Мәуленов, Сағынғали Сейітов, Әзілхан Нұршайықов, Сәуірбек Бақбергенов, Темірғали Нұртазин, Қалмұқан Исабаев, Кемел Тоқаев, Жаппар Өмірбеков және басқалардың шығармаларында да қанқұйлы фашизмге қарсы қаһарлы күресте сол-



дат шинелін киген қарапайым совет адамдарының теңдесі жоқ батырлығы баяндалады.

Бұл жинақтан қазақ халқының батыр қыздары Мәніпүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, аты аңызға айналған, Рейхстагқа ту тіккен қазақ солдаты — Рахымжан Қошқарбаевтың, жауынгер жазушы, жалынды журналист Баубек Бұлқышевтың ерлік жолымен танысамыз.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі совет халқының тарихи ерлігіне арналған кітаптың бірі — Балтабек Жетпісбаевтың «Жорық жолдары».

Өзінің саналы өмірін жиырмасыншы жылдары алғашқы комсомол ұйымын құрудан бастаған Балтабек Жетпісбаев Ұлы Отан соғысы жылдарында 316-шы атқыштар дивизиясының (Панфилов атындағы сегізінші гвардия дивизиясының) 1075-ші полкінің комсоргі қызметін атқарды. Артынан осы полктің 76-миллиметрлі зеңбірек батареясына, атқыштар батальонына комиссар болды. Содан кейін үшінші гвардия артиллерия дивизиясының миномет полкінде полк командирінің орынбасары болған, отставкадағы гвардия майоры Б. Жетпісбаев кешегі қаһарлы күндерде неміс фашистеріне, жапон самурайларына қарсы жүргізілген көптеген ұрыстарға қатысқан.

Міне аталған кітапта автор өз көзімен көрген, тікелей араласып, өз басынан өткізген оқиғаларды баяндай отырып, жерлестеріміздің Отан қорғау жолындағы патриоттық істерін паш етеді. Жорық жолдары Москва түбіндегі шай-

қастардан басталып, Минск, Каунас, Кенигсберг түбіндегі ұрыстарға сұрапыл алып барады. Сол бір кездегі сұрапыл соғыстың көрінісі, қазақстандықтардың ерен ерлігі айтылады бұл кітапта. Оған автордың жеке жауынгерлер мен командирлер туралы отыздан астам естелігі кірген.

Аты аңызға айналған қолбасы генерал Иван Васильевич Панфиловтың есімі елімізге айгілі. Автор оның дарынды әскери өнерімен бірге үлкен адамгершілік пен ақыл-ойдың иесі екенін «Солдат котелогы» деген естеліктегі бір ғана көрініспен шебер жеткізе білген. Сұрапыл соғыс бір сәт толастағанда Панфиловтың жауынгерлерді аралап, әрқайсысымен тіл тауып сөйлесуі, әзілдесуі олардың еңсесін көтеріп тастайды. Сондай-ақ автор өзінің майдандас достарын да тартымды суреттейді. Бұл «Абзал жандар», «Майданда шырқалған әндер», «Күміс семсер», «Батальон баласы» деген естеліктерден айқын көрінеді. Совет Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровқа арнап, композитор Рамазан Елебаевтың қазір де айтылып жүрген «Жас қазақ», тағы басқа әндер шығарғаны, барлаушы Әшірбай Қоянқозовтың жаумен бетпебет ұрыстағы ерлігі, комсомолец-жауынгер Ыбыраев Серіктің жорық жолы автордың көз алдында. Оны оқушыларына да сол күйінде жеткізеді.

Ұлы Отан соғысының жорық жолдарын баяндайтын бұл кітапта жауынгер жерлестеріміздің майдандағы батырлығы, ерлік істері міне осылай шынайы бейнеленген.

## «Қазақстан коммунистінің» дабылынан кейін

### «АУДАН ӨМІРІ ЖӘНЕ ГАЗЕТ»

Қазақстан КП Фурманов аудандық комитетінің бірінші секретары К. Меңдалиев жолдас редакцияға былай деп хабарлады: «Қазақстан коммунисті» журналының 1968 жылғы 11 номерінде жарияланған «Аудан өмірі және газет» деген редакциялық мақала сол жылы 27 декабрь күні аудандық комитеттің бюро мәжілісінде қаралып, аудандық «Коммунист» газетінің жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы журналдың сыны дұрыс деп табылды. Бюро аудандық газет бетінде аудан өміріне қатысы бар құнды корреспонденция мен автор мақалаларының аз екеніне редакция қызметкерлерінің жергілікті тілшілермен байланысының жеткіліксіздігіне баса назар аударып, газет жұмысын қазіргі өскелең талапқа сай жақсартуды жергілікті журналистерден қатаң талап етті.

\* \* \*

Сол сияқты осы мақала жөнінде Теңіз аудандық партия комитетінің секретары Б. Ахметкалиев жолдасдан да хат келді. Ол былай деп хабарлады. Теңіз аудандық партия комитеті «Қазақстан коммунисті» журналының «Аудан өмірі және газет» деген редакциялық мақаласын әдейі бюро мәжілісінде талқылап, ондағы көрсетілген кемшіліктерді алдағы уақытта болдырмау жөнінде, сондай-ақ аудан өмірін кеңінен жазуды редакция қызметкерлеріне ескертіп, газеттің жалпы жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгіледі.



# ШЫН ЖҮРЕКТЕН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Үстіміздегі жылы баспасөзге, оның ішінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің теориялық және саяси журналы «Қазақстан коммунистіне» жазылу аса ұйымшылдықпен өтті.

«Қазақстан коммунистіне» 1969 жылға жазылғандар саны 44 мыңнан асты. Мұның өзі облыстық, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының тікелей жүргізген игілікті жұмыстарының жемісі деп білеміз. Журналды көп таратуға қатардағы коммунистер мен комсомолецтер, ауыл-село интеллигенциясы мен сан мыңдаған қоғамдық баспасөз таратушылар да белсене ат салысты.

«Қазақстан коммунисті» журналының редакциялық коллегиясы журналды мол таратуға ат салысқан барлық облыстық, аудандық партия комитеттері мен олардың секретарьларына, бастауыш партия ұйымдары мен олардың секретарьларына, қатардағы коммунистер мен қоғамдық баспасөз таратушыларға асқан ризашылық білдіріп, шын жүректен алғыс айтады және олар алдағы уақытта да журналдың жұмысының жақсаруына қолғабыс тигізіп, оның тиражының өсуіне жанашырлық жасап отырады деп кәміл сенеді.

«Қазақстан коммунисті» журналын көп таратуға айрықша еңбек сіңірген мына жолдастарға ақшадай сыйлық берілді:

АЙДАРОВ Жұмабекке — Алматы облысы, еңбекшілер депутаттары Нарынқол аудандық Советі атқару комитетінің нұсқаушысы; РАХАТОВ Жұмашқа — Алматы облысы, Жамбыл ауданы, XVIII партсъезд атындағы колхоздың ферма меңгерушісі; ДІЛМҰҚАНОВ Кәбекенге — Гурьев облысы, Балықшы ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың зоотехнигі; ҚУАТ-БАЕВА Қәдишаға — республикалық баспасөз тарату басқармасының нұсқаушысы; ТІЛЕУБЕКОВ Қасымбекке — Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, «Қаракемер» совхозының партком секретары; НЫҒМЕТУЛЛИН Советке — Қарағанды облысы, Ақтоғай қаласындағы Максим Горький атындағы мектептің мұғалімі; АБЫНОВ Сағынтайға — Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Төменарық станциясындағы селолық Советтің секретары; МӘЖЕНОВ Есенқұлға — Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Крупская атындағы колхоздың мүшесі; МОЛДАҒАЛИЕВ Жұмашқа — Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Бұлақ селосының тұрғыны; ТОКАНОВ Николайға — Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым ауданы, Верх-Катун совхозының партком секретары; БӘКІШЕВ Мырзасейітке — Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Иманов атындағы астық совхозының партком секретары;

УГ03504.  
Зак. 14.  
Тираж 44153.

## РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), С. Бейсенбаев, Ж. Бектепов, Ш. Есмұрзаев, Т. Жанкелдин, С. Қожамсейітов, Қ. Мендібаев, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03.

7/II-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>, 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы.  
Алматы, Ленин проспекті, 4.